СЕНБІ
№112 (4360)
7.10.2023

AIQYN апта

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ПЕДАГОГ – ҰЛТ САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ БУЫН

Мемлекет басшысы Республикалық педагогтер съезінде ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтап, еліміздің болашағы жарқын, дамыған мемлекетке айналуы үшін мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп жүргенін атап өтті.

– Ахмет Байтұрсынұлы «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген. Ұлт ұстазының бұл сөзі қашанда орынды. Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет. Сондықтан ұстаздар қауымына, яғни сіздерге зор жауапкершілік жүктеледі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға және беделін арттыруға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп жатқанына назар аударды.

– Менің бастамаммен 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» жеке заң қабылданды. Соңғы төрт жылда ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті. Жақында балабақша тәрбиешілерінің айлығы 30 пайызға көбейді. Ұстаздардың еңбек демалысы ұзартылды. Мұғалімнің міндетіне кірмейтін артық жұмыстың барлығы алынып тасталды. Ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне баса мән беріліп жатыр. «Болашақ» бағдарламасымен үш жылда 220-ға жуық педагог шетелде оқып келді. Мұғалім мамандығын таңдаған жастарға қойылатын талап күшейді. Осы саладағы студенттердің стипендиясы 2,5 есе көбейді. Бір сөзбен айтқанда, ең алдымен, білікті ұстаз даярлау ісіне айрықша мән беріп отырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ПРЕЗИДЕНТ СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа 14 мемлекеттің Төтенше және өкілетті елшілері Сенім грамоталарын тапсырды.

Президент дипломаттарға еліміз БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына негізделген әділетті әлем орнату тәртібін жақтайтынын айтты.

– Қазақстан елдің қауіпсіздігі мен орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған бейбіт сыртқы саясат жүргізеді. Біз сіздердің мемлекеттеріңізбен өзара тиімді, достық қарым-қатынасты кеңейтуге және нығайтуға мүдделіміз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның экономикалық даму келешегі зор екенін, елімізді әлемдік экономиканың маңызды бөлігіне айналдыру үшін барлық мүмкіндікті жасайтынын атап өтті.

– Еліміз – Орталық Азия өңіріндегі экономикасы ең дамыған мемлекет. Бірақ біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Экономикамызды одан әрі орнықты дамыту үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз, – деді ол.

Президентке Сенім грамоталарын Швейцария Конфедерациясының елшісі Салман Бал, Литва елшісі Эгидиюс Навикас, Чех Республикасының елшісі Павол Шепеляк, Үндістан елшісі Нагендра Прасад, Иордания Хашимит Корольдігінің елшісі Хамза Махмуд Юсеф Әл-Омари, Нидерланд Корольдігінің елшісі Николаас Якоб Схермерс, Қасиетті Тақтың Қазақстандағы апостолдық нунциі Джордж Джордж Панамтундил, Словения елшісі Дарья Бавдаж Курет, Уганда Республикасының елшісі Мозес Каваалууко Кизиге, Гана елшісі Лесли Ача Опоку-Уаре, Шығыс Уругвай Республикасының елшісі Даниель Рубен Кастильос Гомес, Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасының елшісі Адем Мұхаммед Махмуд, Дания Корольдігінің елшісі Якоб Хеннингсен, Непал Федеративтік Демократиялық Республикасының елшісі Милан Радж Туладхар тапсырды.

Мемлекет басшысы салтанатты рәсім соңында елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының ресми түрде басталуымен құттықтап, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту ісінде табыс тіледі және сенім грамоталарын тапсырған мемлекеттердің басшыларына ізгі тілегі мен сәлемін жолдады.

ХАЛЫҚТЫҚ ІРО ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповты қабылдады.

Мемлекет басшысына Қордың биылғы 8 айда атқарған жұмыс қорытындысы жөнінде баяндалды.

Президентке «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының өндірістік және қаржылық көрсеткіштері, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша күтілетін нәтижелері таныстырылды.

Сонымен қатар, Қорға қарасты компаниялар тобының маңызды жобаларын жүзеге асыру барысы жөнінде мәлімет берілді. Мәселен, жыл соңына дейін алты ірі жобаны, атап айтқанда Астрахан–Маңғышлақ су құбырын реконструкциялау, «Сарша» және «Жылы жағажай» елді мекендеріне газ құбырын тарту, Бейнеу–Жаңаөзен газ құбырының 2-ші желісін және Мақат–Солтүстік Кавказ газ құбырының лупингін салу, бірінші ГРЭС-тің 1-ші блогын қалпына келтіру, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электрэнергетикалық жүйесіне қарасты батыс аймағындағы электр желілерін күшейту жобаларын аяқтау жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына Қор активтерін жекешелендіру жоспарының іске асырылу барысы жөнінде мәлімет берілді. Биыл 10 қарашаға дейін KEGOC компаниясының SPO-сын аяқтау жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» қорына қарасты бейінді емес активтерді жекешелендіру және компанияларға халықтық ІРО өткізу жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Самат МҰСАБАЕВ,
Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

БІЗ ХАЛЫҚҚА ТИІМДІ ЖАҒДАЙ ЖАСАУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауды жариялау барысында халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткен еді. Онда халық тұрмысы, несие, экономикадағы мәселелерге баса назар аударылған болатын. Осы тақырыптар төңірегінде Мәжіліс мінберінде өткір мәселелер көтеріп жүрген мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Самат Мұсабаевтан сұхбат алған едік.

3 ▸▸

САУСАҒЫҢЫЗДЫҢ СЫРЫНА ҮКІМЕТ ҮҢІЛЕДІ

Үш айдан соң Қазақстанның барлық тұрғыны, соның ішінде шетелдіктер де саусақ іздерін тапсыруға міндетті болады. Әрине, жиырма миллиондай адам жаппай шұбырмайды: бұл процесс кезең-кезеңімен өтеді, яғни құжаттар алған кезде тиісті құрылғыға саусағын басады. Әлдекім саусақ таңбасын мемлекеттік тіркеуден бас тартса, оған айыппұл салынады. Содан соң... ол бәрібір осы рәсімнен өтуі тиіс. Бұл жаңалықты қолдағандар да, одан қорыққандар да жетерлік.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап, республикада паспорт пен жеке куәлікті алу кезінде Қазақстанда тұратын барлық адам міндетті түрде саусақ іздерін тіркетеді.

(Жалғасы 5-бетте)

ЖАҢА БЮДЖЕТ КОДЕКСІ ЕСКІ ПРОБЛЕМАНЫ ШЕШЕ МЕ?

Үкіметте жаңа Бюджет кодексінің жобасы мақұлданып, Парламентке жетті. Оны депутаттар талқыға салғанша, біз де саралап көрген едік. Құжат сыңайы әжептәуір жетілдірілгенге ұқсайды. Мәселен, енді Ұлттық қордың ақшасын оңды-солды жұмсауға тыйым салынатын сияқты. Өйткені қордан берілетін нысаналық трансферттер тек маңызды инфрақұрылымға пайдаланылсын деген шектеу қойылғалы отыр. Ал ондай аса маңызды объектілер санатына жұмыс орындары мен қосымша салық түсімін беретін өндіріс орындарының, яки фабрика-зауыттардың құрылысы не тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымдар жатады.

(Жалғасы 5-бетте)

ПЕДАГОГ – ҰЛТ САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ БУЫН

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде педагогика саласы ғылымның ең маңызды тармағының біріне айналды. Сондықтан бұл салаға түбегейлі жаңа көзқарас қажет. Осы ретте Президент білім беру саласына қатысты бірқатар маңызды мәселеге тоқталып, ұстаздардың біліктілігін арттыру қажеттігін атап өтті. Мемлекет басшысы педагогтердің бүгінде пән үйретіп қана қоймай, сондай-ақ балалардың әлеуметтік дағдысы мен эмоциялық интеллектісін

– Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету маңызды. Алайда қазір мектептерде мамандар тапшы. Бүгінде елімізде 5 мың педагог жетіспейді. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып келеді. Ал педагогика саласында оқыған әрбір бесінші түлек өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Бұған қоса, мұғалімдердің 23 пайызында ғана жоғары біліктілік санаты бар. Мұның бәрі педагогтерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру тәсілдерін түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтарға қатысты бағдарламалардың басым бөлігі заман талабын ескермейтін бұрынғы әдістемелерге негізделген. Заманауи тәсілдер мен технологияны енгізе отырып, оқу бағдарламаларын қайта қарау, жаңғырту қажет. Ғалымдар 2050 жылға қарай қазіргі кәсіптердің жартысына жуығын цифрлық және техникалық жүйелер алмастырады деген болжам айтуда. Сондықтан ел азаматтары жаңа заманға қажетті дағдыларды үйренуі керек. Бұрын «алған дипломың өмір бойы азық болады» деген түсінік бар еді. Оның орнын «Өмір бойы оқы және үйрен» деген қағида басты. Қазір жұмыс берушілер үшін ең бастысы диплом немесе сертификат емес. Олар іздене білетін, жаңа талапқа икемделе алатын, тәртіпті және ұқыпты жас мамандарды бағалайды. Яғни, қызметкердің қолындағы қағазға емес, қарымқабілетіне мән береді. Сондықтан әр азамат үздіксіз оқуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент айрықша тоқталған өзекті мәселенің бірі – мектептегі орын тапшылығы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, елімізде жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Бұл – әрине, қуантарлық жайт. Алайда демографияның өсу қарқыны білім беру жүйесіне үлкен салмақ түсіреді.

– Тәуелсіздік жылдарында елімізде 2 300-ге жуық мектеп салынды. Соның нәтижесінде төрт ауысыммен оқытудан арылдық. Дегенмен «үш ауысыммен» оқу жүйесі әлі күнге дейін бар. Көптеген мектептің техникалық жабдығы ескірген. Осы мәселенің бәрін жоспарлы түрде шешуіміз қажет. Менің бастамаммен елімізде «Жайлы мектеп» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Екі жылдың ішінде барлық аймақта, соның ішінде ауылдық жерлерде жүздеген білім ордасы салынады. Соның арқасында үш ауысыммен оқытудан біржола құтыламыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жақында еліміздің кәсіпкерлерімен кездесу барысында қайырымдылық ретінде облыстарда, қалаларда мектеп салу мәселесін қозғағанын жеткізді. Бұдан бөлек, сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартылғандардың заңсыз тапқан қаржысы мектеп салуға жұмсалып жатыр. Қазірдің өзінде 13 мектеп салынды. Жыл соңына дейін тағы да 33 мектеп бой көтереді.

Қасым-Жомарт Тоқаев мектепті ең қауіпсіз орынға айналдырудың, білім ошақтарының бәріне дабыл қағу, бейнебақылау жүйесін орнатудың маңызды екенін тағы да еске салды. Мектеп оқушылары арасында белең алған буллинг, әлімжеттік, зорлық-зомбылық көрсету проблемасы да Президент назарынан тыс қалмады.

– Президент Әкімшілігіне қылмыс жасағандарды заң жүзінде жазалау үшін осындай жағдайдың бәрін айрықша бақылауға алуды тапсырдым. Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратура балалардың қауіпсіздігіне қатысты өзіне жүктелген міндетті дұрыс атқаруға тиіс. Бала құқықтары жөніндегі омбудсмен мұндай жағдайдың бәрін тіркеп, маған баяндауы қажет. Қатаң шара қолданамыз. Мектептерде зорлық-зомбылық жасаушыларды басқа жолмен тоқтату мүмкін емес. Білім ошақтарында қылмыстық психологияның таралуы секілді келеңсіздікті түбірімен жою керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының теңсіздігін жою мәселесіне де тоқталды. Ол ауыл мектептерін зияткерлік, сондай-ақ қоғамдық орталық ретінде дамыту маңызды екенін айтты.

– «Мектебі бар ауылда тіршілік бар» деп бекер айтылмаған. Мектеп бірнеше әлеуметтік нысанның рөлін атқарады. Онда қоғамдық жиындар, мәдени іс-шаралар, спорт сайыстары өтеді. Ауыл мектебі жергілікті жұртты ортақ іске жұмылдырады. Осы орайда кәсіпкерлер қауымына да зор міндет жүктеледі. Қазір мемлекет пен бизнестің серіктестігі арқылы ауыл мектебін жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Осы тәсілмен үш жылдың ішінде кем дегенде бір мың ауыл мектебін керек-жарақпен толық жабдықтау қажет, – деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы білім беру үдерісін цифрландыру қарқынын жеделдету қажеттігін атап өтті. Цифрлық шешімдер озық педагогикалық тәжірибені тез әрі тиімді түрде кеңінен таратуға мүмкіндік береді. Сол арқылы, тіпті шалғай аудандардағы оқушыларды еліміздің және әлемнің үздік ұстаздарының материалымен, сабағымен қамтамасыз етеміз. Білім беру жүйесін мүлде жаңа деңгейге шығару үшін ауқымды цифрлық трансформациялау жұмысы жүргізілуі керек. Президент 2027 жылға дейін интернет желісі әлі тартылмаған мектептердің бәрін жылдамдығы жоғары интернетке қосуды тапсырды.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Қазақстан Конституция бойынша зайырлы мемлекет екеніне назар аударды. Сондай-ақ қоғамда қызу пікірталасқа ұласқан дін мәселесіне байланысты пікір білдірді.

– Бұл қағида барлық жерде, соның ішінде білім беру мекемелерінде қатаң сақталуға тиіс. Мектеп – ең алдымен, білім ордасы. Балалар мектепке білім алу үшін барады. Ал діни ұстаным – әр азаматтың жеке мәселесі, өз таңдауы. Елімізде дін бостандығына заңмен кепілдік берілген. Балаларымыз есейіп, дүниетанымы толық қалыптасқан соң өз таңдауын жасағаны дұрыс деп санаймын. Ең бастысы, көзқарасы айқын, санасы сергек әрі дәстүрге берік ұрпақ тәрбиелеу керек, – деп түйіндеді сөзін ол.

Жиын барысында еліміздің ұстаздары сөз сөйлеп, білім саласын дамыту жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы үздік жетістігі мен елімізге сіңірген айрықша еңбегі үшін бірқатар мұғалімге «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын берді. Бұл марапат еңбек ардагері Майра Мәмбетоваға (Алматы), Қожаберген жырау атындағы орта мектеп мұғалімі Айжан Қапезоваға (Петропавл), С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта мектеп-интернатының мұғалімі Роза Салимоваға (Түркістан облысы), А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназия мұғалімі Сәбира Күлпейісоваға (Қарағанды), Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешенінің мұғалімі Сәбит Ибадуллинге (Павлодар облысы), Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінің мұғалімі Айгүл Ержановаға (Астана), Ақтөбе облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының мұғалімі Баян Базарғалиеваға табысталды.

ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯ СЕНАТТА БАС ҚОСТЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерінің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссияның екінші отырысы өтті. Кездесуде халықты сапалы медицинамен және біліммен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Отырысты ашқан палата Төрағасы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 78-сессиясында Мемлекет басшысы Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудің бірқатар негізгі міндеттерін белгілеп бергенін айтты. Бұл ретте ұлттық денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы проблемаларға баса мән берілді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу ұлттық басымдыққа ие екенін айтты. Осы бағыттағы жұмыстарға депутаттық корпусты жұмылдыру үшін Парламенттік комиссия құрылды», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы бұл жолда барлық мүдделі тараптың өзара іс-қимылы маңызды екенін атап өтті және кездесуге қатысушыларды ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

«Бізге Орнықты даму мақсаттарын іске асырудың жүйелі тәсілдерін қалыптастыру қажет. Сондай-ақ индикаторлардың ұлттық жүйесін жандандыру керек. Өңірлер бойынша Орнықты даму индикаторларының сапалы декомпозициясын жүргізудің де маңызы зор. Бұл жұмысқа өңірлерді белсенді жұмылдырған жөн», – деді палата Спикері.

Комиссияның отырысына Парламент депутаттары, Премьер-Министрдің орынбасары, Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрлері, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы өкілі, еліміздегі БҰҰДБ-ның Тұрақты өкілі, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің басшылығы және мәслихат депутаттары, Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелері, сондай-ақ қоғамдық және халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Өз сөзінде Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев білім беру саласы бойынша ОДМ міндеттерінің іске асырылу барысына тоқталды. Ол аталған бағыттың күн тәртібі Қазақстанның білім беру жүйесіндегі мақсаттар мен міндеттерге көп жағынан сәйкес келетінін айтты.

ДДҰ-ның Қазақстандағы өкілі Скендер Сыланың айтуынша, «ешкімді артта қалдырмау» қағидаты көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің негізі екенін айтты. Мұндай қағидат халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарының денсаулық жағдайын жақсартуға және теңсіздікті азайтуға жол ашады.

«Қазақстан халықтың денсаулығын жақсарту және денсаулық сақтау жүйесін нығайту саласында айтарлықтай деңгейде алға жылжып отыр. Мемлекет ана өлімін, бес жасқа дейінгі балалар өлімін және жаңа туған нәрестелер өлімін азайту бағытында жаһандық мақсаттарға қол жеткізді. Қазақстанның темекі мен никотин тұтынуға қарсы күресте қабылдап жатқан шаралары ДДҰ-ның Еуропа бөлігі үшін үлгі екенін де айта кеткен абзал. Темекі мен никотинсіз орта қалыптастыру жолында шешуші қадамдар жасау және денсаулыққа байланысты салықтар енгізу қоғам денсаулығын қорғау үшін өте маңызды екені сөзсіз. Дегенмен 3 Орнықты даму мақсаты аясында «барлық саясаттағы денсаулық» тәсілі негізінде әр сектор тарапынан кешенді шараларды талап ететін бірнеше міндет бар», – деді ДДҰ-ның Қазақстандағы өкілі.

Отырыстың қорытындысы бойынша кездесуге қатысушылар алдағы бірлескен жұмысқа қатысты өз ұсыныстарын айтып, ОДМ-ға қол жеткізуге ықпал ететін маңызды бастамаларға тоқталып өтті.

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ НАҚТЫЛАНДЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен палата бюросы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Алдағы жалпы отырыста өңірлерге шығу барысында Мәжіліс депутаттарына келіп түскен азаматтардың өтініштерін мемлекеттік органдардың қарау нәтижелері туралы Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың және басқа да Үкімет мүшелерінің ақпаратын тыңдайтын болады.

Сонымен қатар палата бюросы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң жобасын жұмысқа алады.

16 ПАЙЫЗҒА ТӨМЕНДЕДІ

Ұлттық банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/– 1 п.т. дәлізімен жылдық 16 пайызға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Қаржы реттеушісі мұны жылдық инфляцияның баяулауымен түсіндірді.

«Сыртқы инфляциялық қысым орталық банктердің тежеу саясаты мен азық-түліктің әлемдік бағасының төмендеуі аясында біртіндеп төмендеп келеді. Дегенмен назар аударуды қажет ететін жекелеген факторлар мен тәуекелдер бар», – деп хабарлады Ұлттық банк.

Фискалдық ынталандыру, орнықты ішкі сұраныс және жоғары инфляциялық күтулер – инфляцияның ішкі факторларына жатады.

Ұлттық банк хабарламасында: «Бүгінгі шешім мен тәуекел балансын ескерсек, 2023 жылы базалық мөлшерлемені одан әрі төмендету мүмкіндіктері айтарлықтай шектеліп отыр. Жыл соңына дейін жылдық инфляция бір мәнді деңгейге дейін баяулаған жағдайда ғана ақша-кредит саясатын жеңілдету шаралары қаралады», – делінген.

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: 9 МЫҢ АДАМҒА ЖЕҢІЛДІКПЕН НЕСИЕ БЕРІЛДІ

Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру жөніндегі кеңес өтті.

Бүгінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеңілдікпен несие беру үшін облыс әкімдіктеріне республикалық бюджеттен 87,5 млрд теңге аударылды. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бағлан Бекбауов мәлімдеді.

«Бас-аяғы 13,4 мың өтінім келіп түсті. Оның жалпы сомасы 78,7 млрд теңгені құрайды. Бүгінде 9 мыңға жуық адам 51,6 млрд теңге сомасына шағын несие алды. Ең көп өтінім Жамбыл, Түркістан және Ақтөбе облыстарының тұрғындарынан келіп түсті. Елді мекендердің экономикалық бағдарын анықтау мақсатында «AMANAT» партиясы сауалнама түрінде әзірлеген скрининг жүргізу жұмысы жалғасуда. Еліміздегі 1 817 ауылда осындай жұмыс жүргізілді», – деді ол.

Сондай-ақ ол алдағы жылдан бастап микронесие беру ережесіне бірқатар өзгеріс енгізілетінін атап өтті. Мәселен, мал сатып алу үшін микронесие беруге «Ауыл аманатының» жылдық бюджетінен 50%-дан аспайтын қаражат қана көзделеді.

«Өңірлерден де өте көп ұсыныс пен бастама келіп түсуде. Мәселен, ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін несие беру мерзімін 5 жылдан 7 жылға дейін ұзарту; бюджеттік ұйымдардың қызметкерлерімен бағдарламаға қатысушылардың тізбесін толықтыру; ережеде жергілікті бюджет есебінен ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу тетігін қарастыру ұсынылуда. Барлық ұсыныс назарға алынды», – деді Бағлан Бекбауов.

Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова Атырау және Қызылорда облыстарының төмен көрсеткішіне назар аударды. Аталған аймақтарда тек 2 және 18 несие ғана берілді. Вице-премьер өңірлердегі «Ауыл аманаты» жобалық кеңселерінің жұмысын жандандыруды және ауылдарды скринингтен өткізу жұмысын жеделдетуді тапсырды.

Сондай-ақ кеңес жұмысына қатысушылар «Ауыл аманаты» жобасының кейбір өңірлерде қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы ақпаратты тыңдады. Мәселен, Қостанай облысы әкімінің орынбасары Ринат Мұхаметқали өңірде ең көп несие мал шаруашылығы саласында берілгенін мәлімдеді. Яғни, 231 азамат жалпы сомасы 1,4 млрд теңгенің несиесін алды. Ал өсімдік шаруашылығы саласында несие тек 1 ауыл тұрғынына беріліп, оған 2 млн теңге аударылды.

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ермек Кенжеханұлы өңірдегі 64 ауылдық округте 75 кооператив құрылғанын айтты. Бұған қоса, 2,4 мың адам жалпы сомасы 14 млрд теңгенің несиесін алды. Оның басым бөлігі, яғни 1 381 несие сүт өндіру жобасына бөлінді. Ал ет өндіруге бел буған азаматтарға 736 несие берілді.

Ал Ұлытау облысы әкімі аппаратының басшысы Абзал Жайлыбаев өңірде мал шаруашылығы саласында 2,8 млрд теңге сомасына 371 микронесие, өсімдік шаруашылығы саласында 192 млн теңгеге 24 микронесие беру жоспарланғанын хабарлады.

«Ауыл аманаты» жобасының қатысушыларына «Қарызсыз қоғам» жобасының мамандары тікелей көмек көрсетуде. Қаржылық сауаттылық бойынша 80 сарапшы ауылдық елді мекендерде оқыту семинарларын өткізіп жатыр. Бұл ретте, семинарға қатысушылардың басым көпшілігі «Ауыл аманаты» жобасына қызығушылық танытуда.

«Тұрғындардың табысы төмен, көп мөлшерде несие берешегі бар. Олар «Ауыл аманаты» жобасына қызығушылық танытып, бизнес-жоспар құруға көмек сұрайды. Статистикаға сәйкес, қатысушылардың 68%-ы – әйелдер. Сондықтан ауыл әйелдерінің бизнес-бастамаларын қолдауға арналған Кәмшат Дөненбаева атындағы қор құруды ұсынамыз. Бұл қадам ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру арқылы әйелдер кәсіпкерлігін дамытумен белсенді айналысуға мүмкіндік береді», – деді «Ұлы Дала» ауыл бизнесін дамыту қауымдастығының басшысы Ақмарал Бекмұрзаева.

Атап айтқанда, спикер сүт өндіру, құлпынай өсіру, жеміс-көкөніс өнімдерін сақтау, мектеп формасын тігу, ешкі сүтінен жасалатын ірімшік өндіру және т.б. бойынша жеке қосалқы шаруашылықтар кооперациясының бірқатар үлгілік жобасын ұсынды.

Еске сала кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ауыл тұрғындарының табысын арттыруға арналған ауқымды «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылуда. Президенттің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасы аясында бұл мақсатқа 1 трлн теңге, оның ішінде биыл 100 млрд теңге бөлінеді.

«ЕЛМЕН БІРГЕ» ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

6 қазаннан бастап «Astana TV» телеарнасының эфирінде «Елмен бірге» атты жаңа телевизиялық жоба басталды. Жобаның бас серіктесі – «AMANAT» партиясы.

Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын сайлау науқаны кезінде «AMANAT» партиясы азаматтардан 200 мыңнан астам ұсыныс пен талап-тілек жинады. Жиналған талап-тілектердің негізінде «Елмен бірге» деректі фильмдері жасалып, соның арқасында әрбір қазақстандық өзін мазалаған мәселені ашық айтуға мүмкіндік алды.

Қоғам мен партия арасындағы ашық диалогты көрсету үшін «Astana TV» телеарнасы шағын деректі фильмдер сериясын жасауды қолға алды. Онда қарапайым ел тұрғындарының өмірін жақсартқан оқиғалар туралы олардың өз аузымен баяндалады.

Бұл бағдарламаның артықшылығы – ел тұрғындарының өмірі жайлы түсірілген, Қазақстанның дамуын баяндайтын фильм болмақ. Мұнда кейіпкерлердің өз аузынан өмірі, махаббаты. арманы айтылып, әрбір сәулелі сәттері ерекше баяндалады. Олар актерлер де, ойдан шығарылған кейіпкерлер де емес. Олар – әрқайсымыз үшін Әділетті Қазақстан құрсақ деген ортақ ниетте жүрген көршілеріміз, достарымыз және бізге жақын адамдар. Олар өз қуанышы мен қайғысын бөліседі. Күнделікті тұрмыс-тіршілігін баян етеді. Сол бір қарапайым нәрселер оларға шабыт сыйлайды.

Айта кету керек, әр шығарылым бас кейіпкердің бір күндік тіршілігіне, оның өз аузымен баяндаған оқиға желісіне негізделіп дайындалған. «Боямасыз өмір» стилінде жасалған мазмұны ерек, форматы бөлек жобада жекелеген ауыл, аудан немесе аймақтың өзекті мәселелері және олардың «AMANAT» партиясының сайлауалды уәделері аясында қалай шешімін тауып жатқаны көрсетіледі.

Бірінші серияда Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауылдық округінің тұрғыны Амантай Балтабаев халық саны аз шекара маңындағы аудандардың тұрмыс-тіршілігі туралы баяндайды. Мемлекет басшысының шешімі бойынша партияның араласуымен Қатонқарағай ауданы қайта құрылды.

Екінші серияның кейіпкері – Ақмола облысы Қараөзек ауылындағы мектеп директоры Қалимаш Дайырова. Ауылда жақында жаңа зәулім мектеп ғимараты салынып, балаларға арналған арнайы мектеп автобусы сатып алынды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауды жариялау барысында халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткен еді. Онда халық тұрмысы, несие, экономикадағы мәселелерге баса назар аударылған болатын. Осы тақырыптар төңірегінде Мәжіліс мінберінде өткір мәселелер көтеріп жүрген мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Самат Мұсабаевтан сұхбат алған едік.

Т.ТАНЫБАЕВ *(фото)*

Самат МҰСАБАЕВ,
Мәжіліс депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

БІЗ ХАЛЫҚҚА ТИІМДІ ЖАҒДАЙ ЖАСАУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

– Самат мырза, Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында экономикамыздың дамуына қатысты нақты бағыт-бағдар берілгені белгілі. Осы орайда, ел экономикасын ілгерілетуде басты қажеттілік неде?

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында «металды терең өңдеу мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек» деді. Біз күні бүгінге дейін тек шикізатты сатып күн көріп келдік қой?! Енді Президентіміз осы шикізатты өңдеуді қолға алып, жолға қоюды міндеттеп отыр. «10-15 осындай өнеркәсіптерді ашуымыз қажет» деді. Тек үлкен қалалардан ғана емес, өзге аймақтардан да өнеркәсіптік зауыт-фабрикалар салынуы керек. Бұл өз кезегінде жұмыссыздық мәселесін де шешеді. Біз күні кеше Парламент қабырғасында инвесторлармен кездесу өткіздік. Үш ірі шетелдік инвесторлық компания бар десек, соның бірі – NCOC (НОРТ КАСПИАН ОПЕРЕЙТИНГ КОМПАНИ). Соның бас директоры келді. Өздеріне керекті киім-кешек, тамақ сияқты ұсақ-түйек заттардан бастап мұнайды, газды өндіруге қажетті өндірістік құрал-жабдықтардың басым көпшілігін сырттан сатып алады екен. Пайыздық есеппен айтсақ, отандық өнімдер 18 пайыз болса, қалған көлемді Еуропа, Америка, Қытайдан, яғни шетелдерден сатып алады. Бізде тіпті қарапайым соқа өндіретін зауыт жоқ. Осы соқаны өндіру үшін аса бір ғылымның да инновацияның да қажеті жоқ. Қарапайым темірден жасалатын дүниені жасай алмай отыруымыз көп жағдайдан хабар береді.

– Қазақстан Халықаралық қаржы салымдарына қол жеткізе ала ма?

– Мамандығым бойынша инженер-құрылысшымын. Экономист емеспін. Бірақ қысқаша жауап бере кетейін. Жалпы, осы Халықаралық қаржы салымдарынан 30 жыл бойы ешқандай пайда көрмедік. Бір ғана мысал айтайын. Біз Әзербайжан мемлекетіне қаржы салдық. Миллиардтаған қаржы кетті. Ақырында, Әзербайжан банкі банкрот болды. Құйған қаржымыз суға сіңгендей болды. Біз алдымен ішкі мәселелерімізді шешіп алуымыз керек. Ішкі экономиканы аяқтан тұрғызып алмай, сыртқы мемлекеттердің құнды қағаздарын сатып алып, олардың ұйымдарына қаржы құйып пайда көреміз деу – бос әурешілік. Біз мемлекетті шағын отбасы ретінде қарастырсақ, әр жанұя өзінің жеке баспанасын сайлап алмай, ішкі қажеттіліктерін өтемей, басқа отбасыға қаржы құйып, соның есебінен бай деген дүние дұрыс емес. Жалпы, бізде қаржыны тиісті және тиімді жұмсау жетіспейді. Мысалы, ЭКСПО-ны салдық. Оның қандай пайдасын көріп жатырмыз? Сол миллиардтаған ақшаға кейбір әлеуметтік мәселелерді шешуге, одан да маңызды дүниелерді салуға болар еді.

– Екінші деңгейлі банктердің корпоративті секторға несие беруін арттыру мақсатында қандай шаралар қолдануға болады?

– Президент Жолдауында бұл мәселені де айтып кетті. Біз шетелден 2-3 банкті тартуымыз керек. Жалпы, бизнестің дамуы банк пен салыққа тікелей байланысты. Осы банк арқылы біз бизнесті дамытуға күш салуымыз керек. Бүгінде банктер 17-21 пайыз көлемінде несие береді. Бұл сұмдық қой?! Ал Америкада 1-1,6 пайыздың ортасында несие береді. Ол жақта 0,1-0,2 пайызға мөлшерлемесі көбейетін болса, халық көшеге шығады. Ал бізде 23 пайызға халық несие алуға мәжбүр. Банктер қазір үстеме пайыздың әсерімен күн көріп отыр. Мемлекеттің есебінен жұмыс істейді. Бірінші кезекте осы пайыздық үстемеақыны қысқарту керек. Пайызды кем дегенде 4-ке түсірген жөн. Екінші деңгейлі банктердің көбі еліміздегі олигархтардың қолында. Ал банктер мемлекеттің есебінен байып отыр. Енді олар да мемлекетке көмектессін. Одан бөлек, кәсіпкерлікті дамытуға «Даму» қоры да дәл сол екінші деңгейлі банк есебінде. Ол да мемлекеттің ақшасы емес пе?! Егер 4-8 аралығындағы пайызбен кәсіпкерлерге несие беретін болса, түрлі кәсіпорындар ашылып, бизнес өрістейтін еді. Несие алғаннан кейін бір жыл «демалыс» береді. Оның да мерзімін ұзарту керек. Егер бір кәсіпкер бір өндіріс ашса, оны іске қосқаннан кейін барып «демалыс» алуға болады. Оған дейін оның өндірісін жолға қойып алғанша мемлекет оған қолдау білдіру керек.

– Салықтың рөлі жаңа реформаларды іске асырудың пәрменді құралы болмақ. Бұл тұрғыда сіздің көзқарасыңыз қандай?

– Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында бұл туралы да жиі айтып келеді. Тексеру жұмыстарын емес, түсіндіру жұмыстарына баса мән беру керектігін айтты. Ал біздегі жағдай қандай? Тексеру, айыппұл төлету, тоқтату, қылмыскер ретінде тану. Осы секілді әрекеттер жиі орын алады. Бұл жағдай тек бизнесте ғана емес, жеке тұлғаларға да қолданылып келеді. Сондықтан да Президент «тексеруді азайтып, түсіндіруді күшейтуіміз керек» деп тапсырма берді. Бір мысал келтірейін. Ерлі-зайыптылардың бірінің атындағы бір коммерциялық мүлікті сатуға қойды делік. Мүлік күйеуінің атында делік. Ал әйелі оған келісім беруі керек қой?! Келісім береді. Сол сатылған дүниеден түскен ақшадан салық төлеуі қажет емес пе?! Мүлік күйеуі атында болса, сол төлеуі керек емес пе? Ал егер күйеуі төлемей қашып кетсе не істейді? Онда салық органдары келісім бергені үшін әйелінің есепшоттарын бұғаттайды. Ол мұғалім бе, мемлекеттік қызметші ме, оған қарамайды. Міне, көрдіңіз бе, бізде әлі шешімін таппаған мәселелер көп. Осы есепшоттарды бұғаттаудың уәкілеттігін де салыққа беріп қойғанымыз қалай болар екен? Оны сот арқылы шешу керек емес пе? Жұрттың ашынып үкіметке наразылық білдіретіндігі де осындай әрекеттерден. Сондықтан біз халыққа қандай тиімді жағдайды қарастырамыз деп ойлануымыз қажет. Біз Мәжілісте де осындай олқылықтардың орын алмауы үшін өз кезегімізде күшімізді салатын боламыз.

– Соңғы 30 жылда Қазақстаннан 200 млрд АҚШ доллары сыртқа шығарылған екен. Сыртқа заңсыз шығарылған активтерді қайтару мақсатында «Заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң әзірленіп, қабылданды. Қайтарылған қаржылар халықтың әл-ауқатын көтеретін тиімді бағыттарға жұмсала ма?

– Біз бұл мәселеге байланысты комитет төрағасы Еділ Жаңбыршинмен бірге депутаттық сауал көтерген едік. Онда біз қайтарылған қаржыларға әлеуметтік нысандар, оның ішінде мектептерді салу басталып кетті. Бұл өте дұрыс қадам. Өйткені өңірлерде үш ауысымды оқытуды жою және ескі білім ордаларын жаңалау қажет.

Болашақта салынатын әлеуметтік нысандар мен өндіріс ошақтарын, сонымен қатар өңірлеріміздің тұрғындарын тұрақты түрде үздіксіз су, ток, жылумен қамтамасыз ету өте өзекті болып отыр. Өйткені энергетикалық нысандарымыздың қазіргі жағдайы сын көтермейді. Кейбір нысандарда тозу 100%-ға жеткен, электр желілердің тозуы орташа есеппен 66% болып отыр. Биылдың өзінде энергетикалық орталықтардағы апаттардың салдарын жою үшін республикалық бюджет резервінен Көкшетаудағы қазандықтарды жөндеуге – 2,0 млрд теңге, Екібастұздағы жылу электр орталығына – 7,4 млрд теңге, Ақтаудағы МАЭК-ке – 4,9 млрд теңге, Риддердегі жылу электр орталығына – 7,2 млрд теңге бөлінді.

Жұмыс ресурстары шегіне жетіп, әбден тозған энергетикалық жабдықтарды жаңалауға және Президенттің өткендегі Жолдауында міндеттелген 14 ГВт қуатты салу үшін қомақты қаржы қажет.

Қуаттарды тарифті өсіріп, халыққа жүктеме салып немесе бюджет арқылы іске асыру мүмкін емес. Өйткені азаматтарымыздың көпшілігі тапқан табысын күнкөрісіне әрең жеткізіп отыр, ал бюджет мүмкіндігі шектеулі.

Сондықтан тарифті көтеруден және бюджеттен басқа қаржы көздерін іздеуіміз қажет. Сондай қаржының көзі – елімізден әртүрлі жолдармен шетелдерге шығарылған, миллиардтаған АҚШ долларындай активтер. Тіпті, оның ішінде энергетика саласынан шығарылған қаржылар да болуы мүмкін. Кезінде ол қаржылар Қазақстанның стратегиялық нысандарын модернизациялауға, экономикасын дамытуға жұмсалуы керек еді. Сондықтан қайтарылған қаржылар экономикалық оң нәтиже беретін, елдің әл-ауқатын көтеретін бағыттарға жұмсалғаны тиімді болатынын айтып отырмыз. Бұл әрі әділ шешім болар еді.

Әңгімелескен
Н. САРШАЕВ

Елімізде азаматтық қоғамның белсенділігін арттыру жағынан ілгері істер атқарылуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтық қоғамды дамыту біздің негізгі басымдығымыз екенін үнемі айтып келеді. Президент өзінің Жолдауында және Сайлауалды бағдарламасында бұл мәселенің маңызына ерекше мән бергені белгілі.

Руслан РҮСТЕМОВ,
Парламент Сенатының депутаты:

МЕМЛЕКЕТ ҚУАТЫ – АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДА

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бастап азаматтық қоғам бағытында елеулі жетістіктерге қол жеткізгеніміз айқын. Бүгінде елімізде үкіметтік емес ұйымдармен «әлеуметтік әріптестік» орнату үрдісі дұрыс жолға қойылған деп зор сеніммен айта аламыз. Үкіметтік емес ұйымдар түрлі азаматтық бастамаларды батыл көтеріп, елдің қоғамдық-саяси процестерін дамытуға айтарлықтай ықпал етіп отыр.

Азаматтық қоғам өкілдерінің белсенділігі жылдан жылға артып келеді. Атап айтқанда, белсенді жұмыс жасайтын үкіметтік емес ұйымдар санымен бірге, үкіметтік емес сектордағы жұмыс істейтіндер саны да өсіп келеді. Бүгінде елде ресми тіркелген 23 мыңға жуық үкіметтік емес ұйым бар. Әсіресе, пандемия жағдайында, елімізде орын алған төтенше жағдайлар кезеңінде қоғамдық ұйымдар – халыққа көмек көрсетуде маңызды рөл атқарды.

Азаматтық қоғам – ел тыныштығы мен тұрақтылығының негізі. Өйткені ел азаматтарының қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани және саяси мәдениетінің деңгейі қоғамдық-саяси белсенділігімен сараланады. Жалпы қауымның «мемлекет бізге не береді?» деген пікірден аулақ болып, қайта керісінше «біз еліміздің дамуы үшін не істей аламыз?» деп қоғам тіршілігіне араласуы азаматтық қоғамның негізгі сипаты болмақ. Мұндай идея біріктірген, осы идеяға сүйеніп қалыптасқан үкіметтік емес ұйымдар – азаматтық қоғамның нағыз бағдаршысы. Азаматтық қоғамның қызмет аясы өзара сенім мен нәтижеге бағытталса ғана ел-жұртымыздың ғұмыры ғибратты, өмірі мазмұнды болмақ.

Тәуелсіздік жылдары еліміз кемелденген азаматтық қоғамды қалыптастыру мақсатында сынаққа толы сан тараулы жолдан өтті. Соңғы жылдары елімізде қоғамдық ұйымдардың саны ғана емес, сапалық құрамы да өсті. Үкіметтік емес ұйымдардың қызметімен қамтылған салалардың қатары да артуда.

Президенттің бастамасымен мемлекет пен қоғамды түбегейлі жаңарту үдерісі басталып, ел экономикасын дамытуды күшейтудің алғышарты ретінде саяси модернизация қарқынды жүргізілуде. Яғни, мемлекеттік қызмет пен сервистік жұмыстың сапасын арттыруда қоғамдық ұйымдарды және азаматтық секторды белсенді қатыстыру жұмысы жетілдірілуде. Демек, атқарушы билік пен азаматтық сектордың өзара бірлескен тиімді іс-шаралар, арнайы тұжырымдамалар қабылдауы да маңызды. Осы мақсатта еліміздегі азаматтық қоғамның қалыптасуы мен нығаюына заңнамалық негіз қаланып, мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асуда. Сондай-ақ Президент ұсынған конституциялық реформалар мемлекетті саяси тұрғыдан жаңғыртумен бірге азаматтық сектор өкілдерінің қоғамда әлеуметтік әділеттілік орнатуға деген сеніміне серпіліс әкелгенін айту қажет.

Азаматтардың қоғамдық белсенділігі заң нормаларымен бекітіліп, конституциялық басқару жүйесіне ұласқан, халықтың қоғамдық бақылауға кеңінен араласуына өкілетті тетіктер заң нормаларымен жүйеленіп, айқындалған мемлекетті ғана заңды және өркениетті деп санауға болатыны белгілі. Осы орайда, Президенттің тапсырмасына сәйкес, мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың ашықтық дәрежесін кеңейтіп, азаматтардың қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған «Қоғамдық бақылау туралы» заң жобасы жуырда Сенат қабырғасында кеңінен талқыланып, мақұлданды. Сонымен қатар заңнамалық тұрғыда елімізде алғаш рет петиция институтын қалыптастыратын заң жобасы да Сенат депутаттарының қолдауына ие болды.

Бұл құжат – еліміздегі іргелі реформаларды жүзеге асырудағы тағы бір маңызды әрі прогрессивті қадам. Аталған заңдардың қабылдануы азаматтық сектордың сарапшылық әлеуетін одан әрі жетілдіруге, қоғамды дамыту саласына белсене араласуын қамтамасыз етуге, мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы өзара ынтымақтастықты әрекеттерді одан әрі нығайтуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Конституцияның 33-бабында азаматтардың мемлекет ісін басқаруға қатысуына мүмкіндік берілген. Әзірленген құжаттың да мақсаты – азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысуын қамтамасыз ету.

Қоғамдық бақылау қоғамның нақты қажеттіліктеріне негізделген барлық деңгейдегі мемлекеттік құрылымдар жұмысының ашықтығын арттыра түседі. Президент қол қойған «Қоғамдық бақылау туралы» заңның негізгі діттегені – елімізде құқықтық сана мен құқықтық тәрбие негіздерін қалыптастыру. Ол әлеуметтік маңызды мәселелерді шешу мәселесіне азаматтардың белсене атсалысуына ықпал етеді.

Заңда қоғамдық бақылау саласын мемлекеттік реттеу, қоғамдық бақылауға қойылатын талаптарды айқындау, қоғамдық бақылау объектілері мен субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін регламенттеу ұсынылады. Қоғамдық бақылау арқылы азаматтар жалпыұлттық жобалардың сапалы іске асырылуын, қоғамдық бақылау объектілерінің шешімдерінде қоғамдық пікірдің ескерілуін, қоғамдық бақылау объектілері қызметінің айқындығы мен ашықтығын қадағалауға мүмкіндік алады.

Заң қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру аясында қоғамдық қатынастарды реттеудің мүмкіндігін кеңейтумен бірге Мемлекет басшысы айтқан Әділетті қоғамды, азаматтардың үніне құлақ асатын мемлекеттік құрылымды қалыптастыруға септігін тигізеді.

Президент Жолдауда: «Азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ аса маңызды жалпымемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет», – деді. Бұл сөзден халық пен атқарушы биліктің ортақ мүддеге жұмылып, қоғамдағы белсенді, сөзі өтімді адамдардың заң шеңберінде бірлесе қимылдауының маңыздылығын ұғамыз. Себебі азаматтық қоғамның белсенді болуы – адам капиталын, әлеуметтік-экономикалық жетістіктерді, демократиялық құндылықтарды ел игілігіне айналдырудың алғышарты. Мұндағы басты ұстаным – азаматтардың ел дамуының үдерісіне еркін араласуына тең мүмкіндік беру.

Азаматтық қоғамның тұжырымдамасын жасап, азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара үйлесімін танытуда үлкен еңбек сіңірген Гегель: «Азаматтық қоғамды жеке адамдардың бастамасындағы дербес мүдде-мақсаттың өзара іс-қимылына бағытталған жүйе десек, мемлекет – ортақ қоғамдық мақсат-мұраттарды іске асыратын жүйе», – деп анықтама береді. Гегельдің пікірінше, мемлекеттің негізі билік етуге бағытталса, азаматтық қоғамның түбірінде еркіндік бар, мемлекет бірлікке шақырса, азаматтық қоғамға саналуан көптүрлілік, еркіндік тән. Демек, еркіндік құқыққа өркениетті заң үстемдік еткен кезеңде ғана толыққанды азаматтық қоғам қалыптасады.

Азаматтық қоғам дамып жетілген сайын үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік органдармен терезесі тең әріптес бола алады. Яғни, демократиялық принциптерді бірге дамытуға ынталы, ортақ құқыққа ие, еркін және тең азаматтар ғана мемлекет мүддесін бәрінен биік қояды.

Еліміздің қазіргі даму кезеңіндегі міндеттер азаматтық қоғамның бәсекеге қабілетті болуын талап етеді. Біздің бірлескен қызметіміз әрбір қазақстандықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатының артуына ықпал ететіні сөзсіз. Осы ретте «Қоғамдық бақылау туралы» заңы – қоғамның өзекті мәселелерін шешуде өзінің жемісті нәтижесін береді деп сенемін.

ӘЗЕРБАЙЖАНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫ ИНВЕСТИЦИЯ САЛУҒА ШАҚЫРДЫ

Соңғы жылдары Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы мәдени, экономикалық, саяси қарым-қатынастар жылдан жылға тамырын терең жаюда. Соның арқасында екі елдің арасындағы тауар айналымы 2022 жылы 462 млн АҚШ долларын құрады. Бұл туралы Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының қатысуымен облыста ұйымдастырылған «Шуша қаласының күндері» іс-шарасына арнайы келген Әзербайжан Республикасының делегациясымен кездесуі барысында айтылды.

Айта кетейік, 2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әзербайжан Республикасына ресми сапары аясында маңызды келісімдер жасалды. Бакудегі сол сапар аясында екі елдің Президенттері Түркістан мен Шуша қалалары арасында бауырлас қарым-қатынастарды орнату туралы хаттамаға қол қойған болатын. Осы бағытта жұмыстар атқарылып келеді. Атап айтсақ, Түркістан облысында «Шуша қаласының күндері» іс-шарасы аясында Әзербайжан Республикасынан бір топ делегация келді.

Әзербайжан елінен келген меймандарды облыс әкімі Дархан Сатыбалды қабылдады. Басқосуда Түркістан мен Әзербайжан мемлекеті, сонымен бірге Шуша қаласымен мәдени, экономикалық және рухани байланыстарды нығайту барысы сөз болды. Меймандарға өңірдің жағдайын таныстырған Дархан Амангелдіұлы бұл кездесудің маңызына тоқталды.

– Түркі әлемінің рухани орталығы – Түркістан қаласына қош келдіңіздер! Бүгін біздің облыс пен Шуша қаласының арасындағы екіжақты қарым-қатынастардың дамуына қатысты пікір алмасуға жақсы мүмкіндігіміз бар. Бүгінде қайта түлеп, түрленіп келе жатқан Түркістан облысының халқы 2 миллионнан асады. Өңірде 23 мыңнан астам әзербайжан этносының өкілі тұрады. Түркістан облыстық «Гарабах» этномәдени бірлестігі жұмыс істейді. Өңірде әзербайжан этносының тілі, мәдениеті мен дәстүрі күніне арналған іс-шаралар өткізу дәстүрге айналған. Соңғы жылдары Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы мәдени, экономикалық, саяси қарым-қатынастар жылдан жылға тамырын терең жаюда. Өзара ынтымақтастықтың арқасында елдеріміз арасындағы тауар айналымы 2022 жылы 462 млн АҚШ долларын құрады. Бүгінде Түркістан өңірінің әлеуеті жоғары, инвесторларға толық қолдау көрсетілуде. Әзербайжан компанияларын да инвестиция салуға, бірлесе жұмыс істеуге шақырамын. Түркістан облысының қолөнершілер қауымдастығы биылғы мамыр айында Әзербайжанның Шуша қаласында түркістандықтар қазақ халқының салт-дәстүрлері мен қолөнер бұйымдарын таныстырып, көрмеге қатысты. Шушаның Түркі әлемінің мәдени астанасы болып жариялануына арналған іс-шарада Түркістан облысының Шәмші Қалдаяқов атындағы облыстық филармониясының әртістері өнер көрсетті. Осы үрдіс жалғасып, қос елдің арасындағы татулық, экономикалық және рухани-мәдени байланыстар нығая берсін, – деді Дархан Сатыбалды.

Кездесуде Түркі мәдениеті мен мұрасы халықаралық қорының президенті Гюнай Эфендиева «Түркістанды бір көргенде ғашық болдым. Шаһар ұнады. Адамдары да ауа-райы секілді жылы екен. Туризм, мәдениет салалары бойынша бірлесе жұмыс істеуге дайынбыз. Бұл кездесу – сол игі істердің бастамасы», – деді.

Әзербайжан Республикасы Президентінің Шуша қаласындағы арнайы өкілі Айдын Керимов және Әзербайжан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Агалар Атамогланов Түркістан мен Шуша қалаларының тарихи рөлі, түркі елдерінің бірлігі жөнінде ой қозғады. Құшақ жая қарсы алған Түркістан жұртшылығына алғыстарын білдіріп, екіжақты байланыс нығая түсетініне сенімді екендерін жеткізді.

Түркістандағы Farab кітапханасында «Шуша қаласының күндері» іс-шарасы өтті.

Шараның ресми ашылуына Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсен Тәжібаев, Түркі мәдениеті мен мұрасы халықаралық қорының президенті Гюнай Эфендиева, Әзербайжан Республикасы Президентінің Шуша қаласындағы арнайы өкілі Айдын Керимов, Әзербайжан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Агалар Атамогланов қатысты. Достықтың туын желбіреткен рухани шарада Шуша суретшілерінің көрмесі, дизайнер және модельер Гульнар Халилованың «Карабахтың ұлттық киімдері» дефилесі, «Хуршидбану Натаван» атты әдеби-музыкалық композициясы, Түркі мәдениеті мен мұрасы халықаралық қорының бастауымен құрылған музыкалық ансамблінің концерті көпшілік назарына ұсынылды.

– Сіздермен тарихи әрі жаңарған Түркістанда жолығып тұрғаныма қуаныштымыз. Өздеріңіз білетіндей, Түркістан – түркі елдерінің рухани орталығы. Былтыр Қазақстан Президентінің Бакуге ресми сапарының аясында біраз құжатқа қол қойылды. Екі ел арасындағы стратегиялық қатынастарды нығайтатын маңызды келісімдер жасалды. Сол сапарда екі елдің Президенттері Түркістан мен Шуша қалалары арасында бауырлас қарым-қатынастарды орнату туралы хаттамаға қол қойған болатын. Міне, бүгін Түркістан мен Шуша бауырлас қалалар ретінде бірлесе іс-шара өткізіп отыр. Түркістан да, Шуша да тарихта орны бар қаһарман қалалар ретінде бірлесе іс-шара өткізіп отыр. Түркістан да, Шуша да тарихта орны бар қаһарман аймақтар. Сондықтан бір-бірімен байланыс орнатуы – заңдылық. Бүгін облыс әкімі Дархан Амангелдіұлы Әзербайжан делегациясын арнайы қабылдап, экономикалық байланыстар туралы тереңнен қозғады. Әзербайжан мен Түркістан арасындағы экономикалық, рухани, мәдени және туристік байланыстар нығая түседі деп сенемін. Қос тарихи қаланың абыройы асқақтай берсін! – деді облыс әкімінің орынбасары Б. Тәжібаев.

Farab кітапханасында өтіп жатқан шарада Шушаның тарихы мен мәдениетін сипаттайтын суретшілер көрмесі жасақталған. Ал дизайнер және модельер Гүлнара Халилованың «Карабахтың ұлттық киімдері» сән үлгісі көпшілікті сүйсінтті.

Шара барысында «Хуршидбану Натаван» атты деректі фильм көрсетілді. Әзербайжанның мугам-триосының өнері (солист, тар, кяманча), Түркі мәдениеті мен мұрасы халықаралық қорының бастауымен құрылған «7 сұлу» музыкалық ансамблінің концерті көрермен назарына ұсынылды. Кеш соңында қор президенті естелік сый табыстап, құрмет көрсетті.

Айта кетейік, 4-5 қазан күндері Астана қаласында бастау алған Шуша қаласының күндері Түркістанда жалғасын тапты. Түркі мәдениеті мен мұрасы халықаралық қоры мен Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті арасында меморандумға қол қойылды. Сонымен бірге меймандар қаланың көркін орындарын аралады.

Тельман БЕЙСЕН,
Түркістан облысы

САУСАҒЫҢЫЗДЫҢ СЫРЫНА ҮКІМЕТ ҮҢІЛЕДІ

(Басы 1-бетте)

Бірқатар сарапшының және депутаттардың пікірінше, жалпыға бірдей дактилоскопия – жаппай бақылаудың бастауы. Сонымен бірге дербес деректердің қорғалуы проблемасы да ушығуы мүмкін. Бүгінде көптеген азамат смартфонына, банк қосымшаларына саусақ ізі арқылы кіреді. Өйткені адамдардың саусақ іздері қайталанбайды. Ал енді бұл дерегі де мемлекеттік базадан сыртқа тарап кетсе, алаяқтар оны арнайы басып шығарып, қаскөй істеріне пайдаланбай ма?

Бастама авторларының өз дәйектемелері бар. Ішкі істер министрлігінің түсіндіруінше, дактилоскопиялық тіркеу дегеніміз – әр адамның бірнеше саусағының папиллярлық бедерінің қайталанбас, дара құрылымдары туралы ақпаратты мемлекетке табыстау деген сөз.

ІІМ Көші-қон қызметі комитетінің аға инспекторы Нұржан Жаңабаевтың айтуынша, бұл тіркеуден Қазақстанның барлық азаматы, елде тұрақты тұратын шетелдіктер өтуге міндетті болады. Одан 12 жасқа дейінгі балалар ғана босатылады. 12 жастан 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер дактилоскопиялық тіркеуден өтуге немесе өтпеуге ерікті.

«Саусақ іздерін тапсыру азаматтар үшін – жеке куәлікті, төлқұжатты, ал шетелдіктер үшін – тұру ықтиярхатын және азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігін алу немесе ауыстыру кезінде, ХҚКО-ларда жүргізіледі. Мәселен, жеке басты куәландыратын құжаттардың қолданыс мерзімі аяқталса, атын, әкесінің атын, тегін өзгертсе, құжатын жоғалтып не ұрлатып алса, жаңасын алу үшін міндетті түрде саусақ іздерін тіркетуге тиіс», – деп түсініктеме берді Ішкі істер министрлігі.

Ведомствоның дәйектеуінше, дактилоскопиялық тіркеу заңсыз құжаттандырудан сақтайды, қауіпсіздік жүйесін жақсартады. Мұның сыртында дактилоскопиялық тіркелген адамдардың өз құжаттарын қалпына келтіру рәсімі бұрынғыдан жылдамырақ жүргізіледі деп уәде етіп отыр. Мұның шын-өтірігін уақыт пен алдағы тәжірибе көрсетеді.

«Жазатайым жағдай, өрт кезінде дактилоскопиялық тіркеуден өткен әрбір адамның тұлғасын анықтау кепілдендіріледі. Мұның сыртында осының арқасында болашақта заманауи смартфондардың көмегімен мемлекеттік қызметтерді қашықтан ұсыну мүмкіндіктері барынша кеңейеді», – деді Ішкі істер ведомствосы.

САУСАҚ ІЗІ – ИГІЛІКТЕР КІЛТІ МЕ?

Бұл жерде қайшылық байқалады. Мәселен, бұған дейін мемлекеттік және басқа қызметтер негізінен электронды цифрлы қолтаңба арқылы беріліп келді. Бүгінде оның орнын биометрия басуда: жүйе смартфонның камерасы арқылы адамның бет-жүзін таниды.

Сонымен қатар 2016 жылғы 14 қарашада, Мәжілісте «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» заң жобасын ілеспе түзетулерімен бірге таныстырған ІІМ-нің сол кездегі басшылығының өкілдері тұлғаны анықтауға тек саусақ іздері аздық ететінін дәлелдеп баққан болатын. Мысалы, өрт кезінде адамның терісі отқа шыдамай, үлбіреп, бірден жанып кетеді. Ондай жағдайда зардап шеккен адамның немесе марқұмның кім екенін танып, білу тек геномдық тексеру арқылы мүмкін болатыны айтылған.

«Геномдық (ДНК) тіркеу жүргізу нәтижесінде алынған геномдық ақпарат қылмыстық құқықбұзушылықтардың алдын алуға, оларды ашуға және тергеп-тексеруге, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл хабарсыз кеткен азаматтарды, Қазақстан аумағында тұратын немесе уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды іздестіруге, танылмаған мәйіттердің кім екенін, іздестіріліп жатқан адамдардың өзгелермен туыстық қатынастарын анықтауға жол ашады», – деді сонда ІІМ мамандары.

Дегенмен енді ІІМ мемлекет тіркеген саусақ іздері де біраз игіліктің кілті болатынына сендіріп отыр. Мәселен, Қазақстан азаматы шетелде жүріп, паспортын жоғалтып алса, оған Қазақстанның шетелдегі мекемесіне, консулдыққа жүгініп, дактилоскопиялық тіркеуден өткенін хабарласа, жетіп жатыр: «онда құжаттарын қалпына келтіруге қатысты проблема болмайды».

Министрліктің дерегінше, сондай-ақ жыл сайын шамамен 30 мың қазақстандық шетелде тұрақты тұру ықтиярхатын рәсімдейді. Оларға да жеңілдік әкелетін көрінеді.

Ең басты бір дәйектеме – алжасқан, деменцияға душар болып, есте сақтау қабілетінен айырылған адамдардың, қариялардың көшеге шығып, адасып кетуі жиі болып тұрады. Олардың кім екенін анықтау күрделі екен.

«Ақылынан жаңылған, есте сақтау қабілетін жоғалтқан адамдар үшін дактилоскопиялық тіркеу ерекше маңызға ие. Сонымен қатар аффект жағдайындағы немесе естен танған адамдардың өзі туралы қандай да бір ақпарат беруге жағдайы жарамай жатады. Мұндайда дактилоскопия отбасының адасқан мүшесін тауып беруге көмектеседі. Жазатайым оқиғалар өмірде жиі бола бермейді, бірақ күнделікті тіршілікте саусақ іздері көмекке келетін оқиғалар кездеседі. Мысалы, қалтасында еш құжаты жоқ адам көшеде өзін жайсыз сезініп, құлап қалды делік. Оны ес-түссіз жатқан күйде ауруханаға алып кетеді. Саусақ таңбаларының деректер базасында саусақ іздері болмаса, туысқандары оны іздеп, әуре-сарсаңға түседі», – дейді ІІМ мамандары.

Ішкі істер министрлігі саусақ таңбаларының алаяқтардан, арам ниетті басқа адамдардан қорғалатынына сендіреді. Бұл ретте деректер базасында әрбір саусақ іздерінің жиынтығы бірегей идентификатормен тіркеледі. Базада адамның аты-жөні, ЖСН-ы, дербес деректері болмайды. Жүйенің құрылымы мен архитектурасының арқасында, саусақ іздері автоматты түрде тұлғасыздандырылады. Бірегей индентификаторлардың кімге тиесілі екені бөлек сақталмақ.

Дегенмен уәкілетті орган аталған жүйенің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін тексеруге арналған сынақты әзірге аяқтамапты. Жұмыс жалғасып жатыр.

Саусақ іздерін алу үшін арнайы дактилоскопия сканері пайдаланылады. Яғни, бұрынғы замандағыдай, адамдардың саусағы қара сияға не басқасына батырылмайды.

ЗАЛДА ЖАҚТАП, СЫРТТА ДАТТАУ ЖӨН БЕ?

2024 жылы «қызық пен шыжық» басталайын деп тұрғанға ұқсайды. Мәжіліс депутаты Марат Башимов бұл қадамды құптамайтынын жеткізді.

«Келесі жылдың 1 қаңтарында адамдардың конституциялық құқықтарын бұзу басталғалы тұр. Жаппай дактилоскопия міндетті, мәжбүрлі емес, ерікті болуға тиіс. Бұл заң 2016 жылы қабылданған. Ол кезде ескі билік азаматтардың үстінен жаппай бақылау орнатуға ұмтылды. Содан бері заман өзгерді. Алайда 2024 жылғы 1 қаңтарда полиция саусақ іздерін тіркеткісі келмейтіндерді қатаң жазалауға кіріспек. Менің ойымша, Бас прокурор мен омбудсмен Конституциялық Сотқа жүгініп, саусақ іздерін алуды мәжбүрлі жүргізудің «Конституцияға қайшы» деп танылуына қол жеткізуі керек. Бұл іс ерікті болғаны жөн. Көрші Өзбекстанда, мысалы, ерікті», – деді Марат Башимов.

Негізі, былтыр Ата Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, енді Мәжіліс депутаттары да өз бетінше Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Демек, депутаттардың мұны прокуратураға сырғыта салуы жөн емес. Бұған қоса, депутаттар бұрынғы заңның күшін жоятын жаңа заң қабылдай алады.

Саусағын рәсімдеуден ат-тонын ала қашқан азаматтарға заң бойынша 2 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Бұл – биыл 6 900 теңгеге тең. Бірақ айлық есептік көрсеткіш жыл сайын өседі. Тиісінше, 2024 жылы 2 АЕК 7 384 теңгені құрайды.

Ал саусақ таңбасын тіркетуден бас тартқан шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ тұлғалар елден шығарылады.

Мәжіліс депутаты Асхат Рақымжанов та жаппай дактилоскопияны жақтамайтынын білдірді.

«Біз Парламентте бұл мәселені арнайы қараған жоқпыз. Тек жеке пікірімді білдіремін. Менің ойымша, бүкілхалықтық дактилоскопияны енгізу дегеніміз – шектен шыққандық. Дұрысы, қылмыс, құқықбұзушылық жасаған адамдардың ғана саусақ іздері алынғаны жөн. Деректер базалары сондай адамдардың саусақ таңбаларынан тұруы керек. Сонымен бірге бұл шара ХҚКО-лардағы кезектерді тіпті ұзартып жібереді. Кейбір адам тезірек тапсырып тастайын деп күні бұрын жүгіруі мүмкін. Әрқайсысы солай ойлайды. Содан бәрі ХҚКО-ларда жиналады. Орталықтар халық нөпіріне шыдас бере алатынына күмәндімін», – деді депутат Асхат Рақымжанов.

Бірқатар депутат пен сарапшы дактилоскопиядан өткісі келмейтіндерге айыппұл салған дұрыс емес деп отыр. Себебі билік бұл шараны халыққа қамқорлық ретінде ұсынды. Алайда қамқорлықты қабыл алмағаны үшін жазалау жөн бе?

Айта кету керек, дактилоскопияны енгізуге бұрынғы депутаттар да қарсы болды. Сондықтан олар бұрынғы биліктің қысымымен, 2016 жылы тиісті заңды қабылдағанда, оны енгізуді бес жыл әріге ысыра алған еді. Дегенмен 2021 жылы да өмірге жолдама алуына рұқсат етпеді: Мәжіліс жеке заң қабылдап, жаппай дактилоскопияны 2023 жылға шегерді. Қызығы сол, биылғы жыл басында тараған жетінші шақырылымдағы Парламент 2023 жылғы бюджетте осы мақсатқа қаражат бөлмей қойды. Содан Үкімет амалсыздан, «бюджет тарапынан қаржыландырудың болмауы салдарынан» бұл істі 2024 жылға қалдырды.

Ал биыл сайланған жаңа Парламент келесі жылға Ішкі істер министрлігін тиісті қаржыландыруды мақұлдады. Демек, журналистерге берген сұхбатында депутаттар басқаша сөйлегенімен, жаппай дактилоскопияны елдің жаңа Парламенті құптап отыр деуге негіз бар. Әгараки, шынымен құптамаса, жыл соңына дейін уақыт бар: жаңа заң жобасына бастамашы болып, бұл науқанды доғара, ең құрыса, тағы әрі ысыра алады.

Елдос СЕНБАЙ

ЖАҢА БЮДЖЕТ КОДЕКСІ ЕСКІ ПРОБЛЕМАНЫ ШЕШЕ МЕ?

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ

МИНИСТРДІҢ БАЯНДАМАСЫНДА МІН ЖОҚ

Сонымен, ел бюджеті кезекті бағалаудан өтіп, оңтайландырылды, яки Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың сөзімен айтқанда: «қолданыстағы Кодекстің фрагменттік ережелері құрылымдалып, нақтылаушы нормалар заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілер деңгейіне түсірілді». Бюджеттік процедураларды оңтайландыруға қатысты бір мысал: жеке екі құжат – бюджеттік бағдарлама мен бюджеттік өтінім біріктірілді. Енді бюджеттік бағдарламалар әкімшілері «бюджеттік сұрау» деген құжат дайындайды. Онда мемлекеттік орган туралы ақпарат беріліп, бюджеттік бағдарламаның паспорты, есептері жасалады және бір пакетпен уәкілетті органдарға жіберіледі. Бюджеттік бағдарлама келісілмейді және бекітілмейді, оған бюджеттік бағдарламаның басшысы электронды форматта қол қояды. Бұл – оны құрастыру сапасына жауапкершілікті күшейтеді деген сөз. Одан бөлек, «Блоктық бюджеттеу» деген ұғым енгізілді. Ол бюджеттік рәсімдерді оңайлату, бюджеттің икемділігін күшейту және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері дербестігін арттыру мақсатында енгізіліп отыр. Ол үшін стратегиялық мақсаттар айналасындағы бюджеттік бағдарламаларды ұлғайту қарастырылуда. Бір мақсатқа арналған екінші, үшінші бюджеттік бағдарламаны ашуға тыйым салатын тікелей норма енгізіледі. Сондай-ақ тұрақты сипаттағы базалық шығыстар блогын 3 жылға белгілеу ұсынылып отыр. Яки, өзгермейтін шығыстар жыл сайын егжей-тегжейлі қарастырылмайды. Әдетте базалық шығыстар бюджеттің жалпы көлемінің шамамен 50-60 пайыз құрайтынын ескерсек, бұл бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің де, уәкілетті органдардың да жұмысын азайтпақ. Жаңа кодекстегі бұдан да өзге өзгерістерді тізбелей беруге болады. Ондайлар мұнда жетіп артылады. Бірақ біз тек маңыздыларына тоқталғанды жөн көрдік. Мәселен, жаңа кодекстің «Мемлекеттік қаржыны басқару» деген бөліммен толыққандығы. Яки, елдегі бюджет саясатына, мемлекеттік қаржыға және оның тұрақтылығына қатысты нақты анықтама берілді. Бұдан былай бұл бөлім мемлекеттік қаржының жағдайын талдау және салық-бюджет саясатын айқындаудың негізі болмақ. Әрі барлық қарыз, яғни, мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген борыш, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің берешегі есепке алынып, топтастырылады. Бұл өзгеріс борышты тиімді басқаруға мүмкіндік бермек.

«Мемлекеттік қаржыны басқару» атты жаңа бөлімде бюджет саясатына, мемлекеттік қаржыға, мемлекеттік қаржының тұрақтылығына анықтама берілді, уәкілетті орган айқындалды. Бұл бөлім мемлекеттік қаржының жағдайын талдау және салық-бюджет саясатын айқындау үшін негіз жасайды. Мемлекет қаржысын басқару құралдары көзделген, бұл ең алдымен бюджеттік қағидалар және олардың сақталуы. Қарыз алу бойынша барлық борыштық міндеттемені – мемлекеттік борышты, мемлекет кепілдік берген борышты, экспортты қолдау бойынша кепілдіктерді, мемлекеттік жеке әріптестік бойынша міндеттемелерді, кепілгерліктерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышын шоғырландыру қамтамасыз етілді. Бұл оларды есепке алу және басқару үшін жасалады», – деді министр.

САРАПШЫЛАР ТАРАПЫНАН СЫН КӨП

Жаңа Бюджет кодексін Ұлттық экономика министрлігі дайындауында бір гәп бар екен. Өйткені біздің елімізде бұл министрлік орта мерзімді даму болжамдарына жауап береді. Ал жыл сайынғы немесе біздің жағдайымызда үш жылдық бюджеттің жобасының жасақталуына да, орындалуына да Қаржы министрлігі жауапты. Яғни, бюджеттік процестің толық қалыптасуы, өтінімдерді құрау, әкімшілік жасау, жүзеге асуын қадағалау осы ведомстволардың мойнында. Кезінде бюджеттің өзін ҰЭМ жасақтап, орындалуын ҚМ жүзеге асырған жүйе бұрын болған екен. Бірақ, түптеп келгенде оның орындалуындағы кемшіліктер мен олқылықтарды екі ведомство бір-біріне сілтеп, кінәлі тарапты табу мүмкін болмай қалған. Сол себепті де ҰЭМ орта мерзімді, яки 3-5 жылдық болжамдарға жауап беретін боп шектеліпті. Оның өзіне де сарапшылар сын көзбен қарап отыр.

«Әйтсе де, мен Ұлттық экономика министрлігінің болжамдары соншалықты сапалы деп айта алмас едім. Шындығында, ол болжамдардың бюджетке ешқандай қатысы жоқ деуге болады, оның үстіне олар формальды сипатқа ие. Ал бізде бюджет өткен жылдың көрсеткіштеріне қарай жасақталады. Көп ретте шығыс бөлігі кішкене көбейеді. Сондықтан да ҰЭМ-ның болжамдары мұндай кезде кәдеге аспай қалады. Өйткені олар негізінен өңірлерді дамыту бағыттарына басымдық береді. Оларға қанша қажет және нақты қанша беру керек деген мәселелерді шешеді. Бірақ мұның барлығы қанша салық түсетініне қарай шешіледі ғой. Сондықтан болжамдар ескіріп, өзектілігін жоғалтып жатады», – дейді экономист Шолпан Әйтенова.

Маманның айтуынша, жаңа Бюджет кодексіне қабылдануына деген қажеттілік баяғыда-ақ пісіп жетілген. Өйткені бюджет жүйесінде көп нәрсе ескіріп кеткен. Сондықтан да бұл мәселе көптен бері өзекті боп тұр. Десе де, жаңа Бюджет кодексінің қазіргі уақыт талабына қаншалықты жауап беретіні көңіл көншітіп отырған жоқ.

«Мәселен, бұл құжатта биыл бірінші рет «Бюджеттен тыс қорлар» деген анықтама пайда болды. Бірақ оған қандай қорлар кіретіні көрсетілмеген. Бұл бір. Екінші мәселе – квазимемлекеттік сектор деген тұста да нақтылық жоқ. Бұл жерде біздің есімізге бірінші кезекте «Самұрық-Қазына», «Бәйтерек» компаниялары түседі. Бірақ елімізде мұндай 20 мың кәсіпорын бар. Осы тұста Бюджет кодексінде олардың қайсысы мемлекетке пайда әкеліп отыр деген тұрғыда ара жігін ашып алу керек еді. Өйткені тек әлеуметтік көмек көрсету үшін құрылған кәсіпорындар бар. Осыларды саралап санаттарға бөлу керек деп санаймын. Тағы бір мәселе – бюджеттің ашықтығы. Жаңа құжатта оңтайландыру, ашықтық туралы айтылады. Бірақ олардың барлығы жалпылама жазылған. Детализация жоқ. Ақшаның қайда кететіні әу баста белгісіз болады да, кейін оны журналистер қазбалап тауып алғаннан кейін барып, дау туады. Кешегі Азиядада ұлттық құрамаға тігілген киімге қатысты сияқты мысалы. Ал ол басында белгілі болуы керек еді. Сондықтан да бізде шындығында ашықтық жетіспейді. Жалпы ақпарат беріледі де, ары қарай ашылмайды. Ал оны қалай ашу керек екені Бюджет кодексінде көрсетілмеген», – дейді экономист Шолпан Әйтенова.

Тағы бір сарапшы маманның айтуынша, жаңа кодексте негізінен ұйымдастыру мәселелерін жазып шыққан. Бірақ біздің бюджеттің тиімділігін арттыру үшін оған түсетін салықтардың тиімділігін арттыру мәселесі бұл жерде ашық көрсетілмеген. Мәселен, бізде өте үлкен табыс тауып жатқан компаниялар бар. Солардан алынатын салық әлі аз. Ашығын айту керек: бізде олигархтар байып жатыр, ал бюджеттің мүмкіндігі шектеулі. Сол себепті біз Ұлттық қордан көбірек ақша алып жатырмыз. Ал оны сақтау үшін квазимемлекеттік компаниялардан, мұнай компанияларынан, банктерден, шикізат өндіріп жатқан кәсіпорындардан көбірек салық алу керек. Бұл – экономист Сапарбай Жобаевтың пікірі.

«Тағы бір айтар мәселе: біздегі квазимемлекеттердің ЖІӨ-дегі үлесі 50%-дан жоғары. Жемқорлықтан құтылу үшін оны 10-15%-ға дейін түсіру керек. Ал бізде керісінше мемлекеттің экономикадағы үлесі артып барады. Қайтадан социализм құрмақшы сияқтымыз. Бұл өкінішті жағдай. Бұл туралы көп айтып жатырмыз. Бірақ біздегі әкімдер жерден ажырағысы келмейді, министрлер кәсіпорындардан ажырағысы келмейді. Солар тапқан табысты қалтасына салғанды жөн көреді. Бұл жемқорлыққа жол ашатын жағдай. Сондықтан жерді нарыққа шығарып, дихандарға беру керек. Кәсіпорындарды тезірек жекешелендіру керек. Өйткені квазивектор жарытып салық төлемейді, керісінше салыққа қатысты жеңілдіктерді көп алады. Мысалы «ТеңізШеврОйл» мен «ҚазМұнайГаз» бізде 20%-дан мұнай өндіреді. Бірақ, американың «ТШО» компаниясы 1,5-2 трлн салық төлейді, ал біздің «ҚМГ»-мыз салық төлеу былай тұрсын, бюджеттен ақша алады», – дейді экономист Сапарбай Жобаев.

Расында да Бюджет кодексі – ел өмірінде маңызды мәнге ие болып отырған құжат. Оның экономикалық қана емес, саяси сипаты да басым боп тұр. Өйткені, ел қазынасын компайту жолында мемлекет азаматтар мен бизнестің қалтасына қол салмақ ниетте. Оның бір мысалы: 12%-дан 16%-ға дейін ұлғайтылғалы жатқан Қосымша құн салығы (ҚҚС). 2025 жылдан бастап енгізілуі тиіс бұл өзгеріс отандық бизнесті тұншықтыруы мүмкін деген қауіп бар. Әрине, бұл бюджеттен гөрі, Салық кодексіне қатысты мәселе десек те, жаңа құжаттың ескі проблемаларды шешеріне сенім аз.

Елдар КАБА *(коллаж)*

ВЕЙП – ҰЛТ САУЛЫҒЫНА ТӨНГЕН ҚАУІП

Соңғы уақытта электронды темекілер сәнге айналып үлгерді. Оның себебі де жоқ емес. Өйткені электронды темекілердің иісі шықпайды, барлық тұтынушы үшін қолжетімді, кез келген дүкендердің сөрелерінде еркін саудаланады. Әсіресе, бұл өнімге жастар мен жасөспірімдер қатты әуес болып, тіпті мектеп оқушыларының арасында кеңінен етек алып кеткені жасырын емес. Осыған қатысты қоғам белсенділері мен медицина саласының мамандары, депутаттар жиі мәселе көтеріп, аталған өнімнің еркін саудалануына тыйым салуды ұсынды.

ТЫЙЫМ САЛУ ҚИЫН БА?

Жуырда Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстанда вейпке тыйым салуды ұсынып, жасөспірімдердің бұл құрылғыларға әуестігі күннен-күнге артып, эпидемия ауқымына жақындағанын жария еткен еді. Ал маусым айында өткен Ұлттық құрылтай жиынында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев вейптерді есірткіге теңеп, одан нашақорлыққа бір ғана қадам қалатынын ашық айтқан болатын. Онда «Ұлт денсаулығына қатер төндірген кесір – вейптер мен электронды сигареттердің әралуан түрі. Өкінішке қарай, оларды тұтыну, әсіресе жасөспірімдер арасында сәнге айналды. Олардың кең қолжетімділігі және оларды «зиянсыз» деп жалған дәріптейтін агрессивті жарнама бұған ықпал етіп отыр», – деген болатын. Осы арқылы қазақтың жас ұрпағына салмақты қауіп төнгенін айтқан Президент Үкіметке осынау қауіпті құбылыспен күресте жүйелі, пәрменді шаралар қабылдауды жүктеген еді. Енді осыған қатысты Үкімет отырыстарында бірнеше кездесу өткізіліп, қоғам үшін, соның ішінде жастарға қатысты маңызды шешім қабылданбақ. Еліміз электронды сигареттерге толықтай тыйым салмақ ниетте.

Вейптерге тыйым салу жұмысын өткен шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің депутаттары Зарина Қамасова мен Еділ Жаңбыршин бастаған еді. Қазіргі шақырылымда Гүлдара Нұрымова, Дәулет Тұрлыханов, Нұргүл Тау сынды мәжілісмендер вейптердің қаншалықты жас ұрпақты улап отырғаны жөнінде дабыл қаққан болатын. Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігі, «Темекісіз» қоғамдық қорының басшысы Жәмилә Садықова, «Салауатты одақ» бастамашыл бірлестігінің сарапшылары да Үкіметке сауал жолдап, аталған мәселеге қатысты өз пайымдарын білдірді. Өз кезегінде сауалға Премьер-Министр Әлихан Смайылов та жауап берген. Ол Үкімет вейп өнімдердің айналымына тыйым салу үшін нормативтік-құқықтық актілерге түзетулер енгізілетінін хабарлаған.

«Вейп өнімдердің айналымына толық тыйым салуды көздейтін норма реттеушілік әсерді талдау рәсімінен өтуде. Үкімет осы норманы қолдады. Қоғамдық талқылау қорытындысында тиісті кодекске түзетулер ұсынылатын болады. Сондай-ақ «Кейбір заңнамалық актілерге денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы Мәжіліс қарауында жатыр. Оның аясында «вейп» және «электронды сигарета» ұғымдарын ажыратуға, 21 жасқа толмаған адамдарға темекі мен темекі бұйымдарын, оның ішінде тұтынудың электрондық жүйелерін, вейптерді және оларға арналған сұйықтықтарды сатқаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейтуге қатысты түзетулер талқылануда», – делінген жауапта.

Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігі Денсаулық кодексіне түзетулер енгізетін жаңа заң жобасын әзірлеген. Бұл құжат былтыр дайындалған еді. Енді Үкімет «никотинді, хош иістендіргіштерді және оларға арналған сұйықтықтарды тұтынудың электронды жүйелерінің айналымына толық тыйым салуға» ниетті. Заң жобасы да соған сай өзгертілді. Оның аясында Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 110-бабының 9-тармағында «Шегілмейтін темекі бұйымдарын, тұтынудың электронды жүйелерін, хош иістендіргіштер мен оларға арналған сұйықтықтарды әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салынады» делінген. Енді тиісті заң Мәжілісте қаралып жатыр. Бұл туралы жуырда Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният хабарлады. Министр және оның ведомствосы бұл заңды қолдайтынын айтты. Ведомство басшысының келтірген деректеріне сай, елімізде ересек тұрғындардың 21%-ы темекі тартады, балалардың 20%-ы артық дене салмағынан, ал 6%-ы семіздіктен зардап шегеді. 11-15 жастағы жасөспірімдердің вейптерді тұрақты түрде шегуі – 10%-ды, энергетикалық, тәтті сусындарды ішуі – 17,5%-ды құрайды.

Министр атағандай, темекіні тұтынуды азайту үшін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап темекі өнімдеріне акциздің ставкалары көтерілген.

«Тұтынудың электронды жүйелерінің (вейптер), олар үшін хош иістендіргіштер мен сұйықтықтардың айналымына толық тыйым салуды енгізу бойынша Мәжілісте заңға өзгерістер қарастырылды. 21 жасқа дейінгі адамдарға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салуды енгізу жөніндегі норманы талқылау рәсімі жүргізіліп жатыр», – деді ол.

Сонымен қатар Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан да нашақорлық, ойын құмарлық, буллинг және кибербуллингпен қатар вейпинг те үлкен проблемаға айналғанын айтқан болатын.

Осы ретте біз Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Гүлдара Нұрымоваға хабарласқан едік. Оның айтуынша, Қазақстанға вейптер мен олардың құрамдас бөліктерін әкелетін, әрбір азық-түлік дүкеніне вейптер жеткізетін дистрибьюторлардың кең желісі, сондай-ақ оларды әлеуметтік желілерде және интернетте жарнамалайтын маркетингтік агенттіктердің ықпалы зор.

«Вейп – нарықта үлкен пайда табады, өйткені олар 2 долларға әкелініп, 8 долларға және одан жоғары бағада сатылады. Ең маңыздысы, бенефициарлар халықаралық темекі компаниялары. Олар тұтынушылар сапына мектеп оқушыларын да тартып алды. Өйткені химиялық никотин балаларды осы қауіпті өнімге мәңгі байлайды. Вейп – бұл өте қауіпті өнім, ең алдымен никотин, пропиленгликоль, глицерин және тағы 2 000-нан астам химиялық қоспа түрі бар. Дегенмен олардың басым көпшілігі анықталмаған. Химиктер вейптердің ішінен қауіпті алты химиялық қоспаны тапқан, оның ішінде бұрын-соңды электронды темекіде кездеспеген үш химиялық затты анықтаған. Хош иістер де өте зиянды. Мысалы, циннамальдегид, 2,5-диметилпиразин (шоколад хош иісі) және 2,3-пентандион тыныс алу жолдарының қабынуына және иммунологиялық реакциялардың өзгеруіне ықпал етеді. Диацетил «попкорн өкпесі» деп аталатын сыртқатты тудыратын қоспа», – дейді ол. Сонымен қатар мәжілісмен вейп қыздырылған кезде 2 мыңнан астам химиялық заттың қоспасы қауіпті салдарға әкелетінін жеткізді.

«Вейптер никотинге тәуелділікті арттырады, өйткені бірреттік вейпте темекіге қарағанда он есе көп никотин бар және тәуелділіктің даму жылдамдығы никотин концентрациясына тура пропорционал. Жасөспірімнің темекі шегуші болу қаупі болашақта 2-4 есе артады», – дейді Гүлдара Нұрымова.

American Journal of Respiratory and Critical Care Medicine басылымының дерегінше, ғалымдар вейперлерге ғана тән, ерекше ауыр дертке evali деген атау берген. Бұл – E-ciga rette and Vaping use-Associated Lung Injury, яғни электронды сигареттер мен вейптерді тартудан туындаған өкпенің зақымдалуы дегенді білдіреді. Бұл аурудың механизмдерін медицина ғылымы әзірге толыққанды зерттей алған жоқ. Бір белгілісі, е-сигарет немесе вейп шегетін адамдардың өкпелері қабынып, іріп кететіні сонша, симптомдары жағынан экзогенді липоидтік пневмонияға, химиялық пневмонитке ұқсайды. Американдық сарапшылар Вирджиния Достастығы университетінің темекі өнімдерін зерттеу орталығының ғалымы Томас Айссенберг пен Флорида Халықаралық университетінің эпидемиология кафедрасының профессоры Васим Мазиактың айтуынша, аталған ауруға электронды сигареттегі аэрозольдің майлы компоненттерінің, ацетат пен тетрагидроканнабинолдың өкпе тіндерінің жасушаларында қордалануы себеп болады. Оның белгілеріне жөтел, кеуденің қысуы, ауыр тыныс алу, жүрек айнуы, құсу, диарея және түрлі респираторлық, конституционалдық, гастроэнтерологиялық бұзылу жатады.

ДДҰ мәліметтері бойынша, вейпті пайдаланатындар, тіпті оны жай тартып көрген болса да, нәтижесінде, кәдімгі темекіні екі есе артық шегеді. Вейп шегу өкпе жасушаларына теріс әсер етеді, жастар арасында тыныс алу жолдары ауруларының жиілеуіне әкеледі және парадонтозбен ауыру қаупін арттырады.

Сонымен қатар Қазақстанда тыныс алу мүшелері ауруларынан болатын өлімжітім қан айналымы жүйесі ауруларынан кейін екінші орында тұр. Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі атап өткендей, бүгінде 300 мыңға жуық қазақстандық тыныс алу жолдары ауруларымен есепке алынған.

«Электронды темекі немесе вейп, электронды тасымалдағыш түрінде, мундштук, батарея және қыздырушы бөлшектен, арнайы толтырғыш сұйықтықтан тұратын атомайзерден құралған. Сұйықтық хош иістендіргіш қосындылардан және никотиннен тұрады, жеке түрде каннабиноид құрамына кіретін, тетрагидроканнабинолдан жасалған. Бұл қондырғылар глицерин және пропиленгликоль негізіндегі сұйықтықты қыздырады, содан темекінің түтіні емес бу пайда болады. Бұл заттар өкпенің ішіне тұнып тұрып, фиброзға әкеледі. Оны неғұрлым көп тартса, соғұрлым ол тыныс алу жолына кері әсерін тигізеді. Басқаша айтқанда, «өкпе дағы» туындайды», – дейді мамандар.

Сонымен қатар мамандардың айтуынша, электронды темекі қарапайым темекіден анағұрлым зиян әрі қауіпті, себебі мұнда никотин буланып, ауыз қуысының шырышты қабатын күйдіреді, бұл онкологиялық ауруларға әкеледі, тыныс алу жүйесін зақымдайды, бас миы тамырларының атеросклерозына апарады, себебі, оны тартқан кезде никотин қанға өте жылдам енеді. Содан барып, бүйрек безімен адреналин шығып, артериалдық қан қысымы жоғарылап, жүрек ырғағы қысқарады. Бұл жүрекке қатты жүктеме түсіріп, соның салдарынан жүрек-қантамыр аурушаңдығы дами түседі. Адам ұйқысы нашарлап, тез ашуланады және назар аудару қабілеті төмен түседі.

СТАТИСТИКАНЫҢ ДА АЙТАРЫ БАР

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы «Қазақстанның балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы мен әл-ауқатын қалыптастыратын факторлар» атты зерттеу жүргізген болатын. Қорытындысында республикадағы 11-15 жастағы балалар арасында ұлдардың 14 пайызы және қыздардың 6 пайызы вейп қолданып жүргені анықталған. Оның жартысынан көбі тұрақты түрде тұтынады. Электронды сигарет бойынша 2014 жылмен салыстырғанда көрсеткіш ұлдар арасында үш есе, қыздар арасында екі есе өсіп отыр. 2022 жылы жүргізілген зерттеулердің нәтижелері 2018 жылғы деректермен салыстырғанда одан да көп ұл мен қыз вейптерді тұтына бастағанын көрсетті, оның ішінде өмір бойы қолдану 3,6%-ға, соңғы 30 күнде пайдалану 2,7%-ға өскен. Әсіресе, өсімнің екі есеге артуы 13-15 жас аралығындағы балалар арасында байқалады. Бұл 1 млн баланың вейпті қолданып көргенін көрсетеді.

Қазақстанда тұтынудың электронды жүйелерінің сұйықтықтарында никотин мөлшерінің рұқсат етілген шекті деңгейі 1 мг/ см^3, алайда Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің зерттеу нәтижелері бойынша никотин мөлшері 67,6 мг/см^3 құрап, рұқсат етілген деңгейден ондаған есе асып кеткені анықталды.

Ал Қазақстан тұтынушылар лигасының ақпараты бойынша, Астана мен Алматыда соңғы 6 айда вейп сатылымы бірден 372 пайызға өсіпті. Елімізде вейп сататын 6 мыңнан астам сауда нүктесі бар. Ал Мемлекеттік кірістер комитетінің дерегінше, никотинді, хош иістендіргіштерді және оларға арналған сұйықтықтарды тұтынудың электронды жүйелерінің (ТЭЖ), вейптің нарығы Қазақстанда 2020 жылдан бері 300 есеге жуық артқан.

ЛОББИСТЕРДІҢ КӨЗДЕГЕНІ НЕ?

Сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесі төрағасының орынбасары, «AMANAT» партиясы жанындағы Білім және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің мүшесі Баян Ахатай да вейптерге тыйым салу мақсатында петиция жариялаған еді. Ол вейптердің еркін саудаға түскендігіне наразы белсенділердің бірі ретінде әлеуметтік желіде өз ойын жиі ортаға салып келеді. Біз Баян Ахатайдың пікірін сұраған едік. Петиция авторы өнім әдетте Қазақстанға заңсыз, белгісіз мөлшерде әкелінетінін, оны кім өндіретінін және құрамында не барын ешкім білмейтінін айтады. Осыған қарамастан петиция сауда нүктелерін бақылауды күшейту және заңсыз өнімді әкелуді реттеуді емес, республика аумағында вейптерге толық тыйым салуды көздейтінін жеткізді.

«Мен Қазақстан халқы Ассамблеясы республикалық Аналар кеңесі мүшесі ретінде Астана қаласы Білім басқармасы ұйымдастырған «Қауіпсіздік сағаты» жалпы ата-аналар жиналысының үнемі спикерімін. Бұл – әр аптада бір мектепте өткізілетін шара. Жиыннан ұққанымыз, бұл қасіреттің мектептермен, отбасылардың қайғысы тым терең. Бұл жиындардан ресми статистикадағыдан әлдеқайда жоғары сандар тұрғанын байқадық, себебі бізге ата-аналар тәуелді болып қалған балаларына анонимді психологиялық көмек сұрағандар тым көбейді. «Неге заңмен тыйым салынбайды?» деген ашынған ұсыныс-жазбалар көбейді. Нәтижесінде, ата-аналардың үнін мемлекет басшысына жеткізуді петиция арқылы жүзеге асыруды Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесі ақылдаса келе жөн көрдік. Бүгінде петицияға қол қойғандар қатары жиырма мыңға жуықтады», – дейді ол.

Сондай-ақ петиция авторы вейп тек балалар үшін емес, ересектер үшін де аса зиян, сондықтан жас ерекшелігі бойынша бөлмей ұлтты тұтас сақтауымыз керегін жеткізді.

«Электронды темекі, вейпке тыйым айналасында қазір таласты пікір көп. ДСМ бұл зиянды заттың ұлт, ұрпақ үшін қаншалықты зиян екенін дәлелдеп бақса да бір топ вейп лоббисттер «тыйым жұмыс істемейді, контрабанда көбейеді» деген жалғыз аргументін алға тартып бағуда. Дегенмен әлемдік тәжірибеде болашағын ойлаған отыздан астам ел тыйым салғаны белгілі. Ең қиыны – вейп тұтынушылардың басым бөлігі мектеп, колледж оқушыларының болуы. Вейп маркетингі тікелей мақсатты түрде балаларға бағытталған: түрлі түсті әрленуі, 17 мыңнан астам хош иістендіргіші бар иісі, дүкендерде киндер, чупа чупстармен бірге көз деңгейінде орналастырылуы. Хош иістендіргіші болғандықтан, иісі білінбейді, ата-аналар да кеш біліп, «қолдарын мезгілінен кеш сермеуде». Біз ұзақ ойланып жүргенде балалар мен жасөспірімдер арасында күн санап артып бара жатыр. «Тыйым жұмыс істемейді» деп емес, «неге жұмыс істемейді, қалай тыйымды тиімді етеміз?» деп бірге ойлануымыз керек», – дейді Баян Ахатай.

СӘНГЕ АЙНАЛҒАН ӨНІМНІҢ САЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

Вейптерге тыйым салу шарасын қабылдаудың қажеттілігі өзекті екені рас. Осы жылы вейперлердің ДНҚ зақымдануы туралы зерттеу жарияланған екен. Вейперлер мен қарапайым темекі шегушілердің ДНҚ зақымдану деңгейі темекі шекпейтіндерге қарағанда 2,6 және 2,2 есе жоғары екені анықталды, ал ДНҚ зақымдануының ауырлығы темекі шегудің немесе вейп тұтынудың қарқындылығына тікелей пропорционалды. Ал Мұндай өсім елдегі бірде-бір нарықта жоқ. Мысалы, 2020 жылы елге 21 608 дана электронды темекі импортталыпты. 2022 жылы бұл импорт 6,3 миллион болған.

Сонымен қатар қазір вейп және хош иісті сұйықтықтар нарығы заңнаманың кемшіліктері мен веп-индустрияның маркетингтік стратегиясына байланысты реттелмей келеді. 2022 жылдың қазан айына дейін вейптер Сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасы (СЭҚТН) 8543 «Осы топтың басқа жерінде аталмаған немесе енгізілмеген жеке функциялары бар электр машиналары мен аппаратуралар» коды бойынша акциздік баж төлемей әкелінді. Осы код бойынша 2020-2022 жылдары аралығында елімізге 3 млн-ға жуық вейп импортталған. Мәселен, 22 мамырда ҰҚК шекарашылары Қытаймен шекарадағы «Достық» БӨП-те Мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкерлерімен бірлесіп, ілеспе құжаттарсыз электронды темекінің ірі партиясын кіргізуге тырысқан Қазақстанның үш азаматын ұстағаны белгілі болды. Тәркіленген тауардың алдын ала құны – 2,4 млрд теңге. Ұсталғандар мен жүк көлігі әрі қарайғы тексеру үшін ҚМ Экономикалық тергеу департаментінің аумақтық бөлімшесіне берілді. Мұндай жағдайлар аз емес.

ТҮЙІН:

Шынында, вейптер мен никотинді тұтынудың электронды жүйелері барлық дерлік сауда, ойын-сауық орталығында әрі көрнекті жерде сатылады. Оған жеке дүңгіршектер, тұғырлар арналған. Мысалы, заң бойынша темекі атаулы жабық перденің астында жасырулы саудалануға тиіс, яғни клиент арнайы сұраса ғана сатушы соны ашып, алып беруі шарт. Олар бұл талапты сақтамайды. ДДҰ мәліметтері бойынша, 33 ел вейптерді сатуға тыйым салған. Олардың ішінде Дания, Норвегия, Уругвай, Аргентина, Панама, Бразилия, Мексика, Канада, Тайланд, Үндістан, Гонконг, Сингапур, Малайзия, Филиппин, Ливан, Катар, Оман, Иордания сынды мемлекеттер бар. Ал 79 ел бұл өнімдерді қоғамдық орындарда пайдалануға, оларды жарнамалауға, насихаттауға және демеушілікке тыйым салған. Енді біздің елімізде де осындай шара қабылданса, ұлт денсаулығына қатысты маңызды шешім болмақ. Ұлт болашағын ойласақ, ұрпақ денсаулығын да естен шығармаған жөн.

Наурызбек САРША

АҚША АЗ ҰСЫНҒАННЫҢ АЙЫ ОҢЫНАН ТУАДЫ

Агрессияға толы қоғамда қауіп-қатерді алдын ала болжау қиын. Оның үстіне, қазіргідей наным-сенімі әртүрлі адамдар арасында өзгелерге көңіл толмау, түймедейді түйедей етіп көру қалыпты дүниеге айналып барады. Сондықтан әлемнің кез келген бұрышында күн сайын қақтығыс болып, сәт сайын террористердің шабуылына ұшыраған адамдар туралы естиміз. Ең сұмдығы, арам пиғылдағы адамдар стратегиялық маңызды ғимараттарға ғана емес, адам аяғы көп жүретін қоғамдық орындар мен әлеуметтік нысандарға да жиі шабуыл жасап жатыр.

Елдар ҚАБА (*коллаж*)

Мұхиттың арғы бетіндегі террорлық қақтығыстарды айтпағанда, осы күні әйеліне кегі кеткен бұрынғы күйеуі тапа тал түсте жұмыс орнындағы адамды жазым еткенін көріп жүрміз. Ал осындай агрессивті адамдарға тойтарыс беруге тиіс әлеуметтік нысандағы қауіпсіздік қызметінің әлеуеті қалай?

Жекеменшік білім беру мекемелері мен банктердің дені физикалық дайындығы мығым адамдар күзетіп тұратынын байқайсың. Дұрыс қой, білім алушылардың қамқоршылары төлеген ақшаға ұйымның да балаларға білім берумен бірге, белгілі бір деңгейде қауіпсіздігі үшін бас қатыруға тиіс. Сондай-ақ қыруар қаржы айналымы жүретін банк жүйесінде де қауіп-қатерге маңызды көңіл бөлінеді. Бұл елдегі басқа да әлеуметтік нысандарда қызмет ететіндердің қауіпсіздігіне көз жұма қарау дегенді білдірмесе керек. Себебі әлгінде айтқандай, осы күні білім ошақтарына жасалатын шабуыл көбейді. Айталық, 2004 жылы Солтүстік Осетияның Беслан қаласындағы мектепте болған террористік шабуылда содырлар екі күн бойы 1 200-ден аса адамды кепілге алды. 2017 жылы Қытайдың шығыс аймағында орналасқан Цзянсу провинциясындағы балабақшалардың бірінде үлкен жарылыс болды. Ал 2021 жылы Қазан қаласында мектепте атыс болып, кемінде 9 адам қаза тапқаны туралы айтылады. Кейбір дереккөзге сүйенсек, 11 немесе 13 адам мерт болған. Одан бөлек, оннан астам оқушы ауруханаға ауыр халде түсіп, 30 адам зардап шеккен. Ал биыл Қытайда ер адам балабақшада бірнеше адамды пышақтап кетті. Салдарынан алты адам қаза тапты. Бірақ әлемді дүрліктірген дүрбелеңнен кейін біздің Үкімет те мәселенің алдын алмақ үшін кеңес құрып, қауіпсіздікке көңіл бөліну керек екенін айтып тарқасатыны бар. Одан кейін әдеттегідей тіршілік өзінің ырғағымен жалғаса береді. Оның мысалы, сол кеңестерден кейін де баяғы жартас – бір жартас. Бүгінде елдегі білім беру мекемелері мен медициналық ұйым секілді әлеуметтік нысандардағы күзетшілердің дені – зейнет жасындағы адамдар. Еңбекке қабілетті болса жұмыс істеп, ары қарай тер төгуіне қарсылық жоқ. Тек балалардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік алған адамдардың дене дайындығы алдыңғы кезекте ойландыру керек. Ал біздегі жағдайға қарасақ, күзетші ғимараттағы адамдардың бас амандығы емес, мекеменің мүлкіне қырағылық жасап, арасында телефоннан телесериал көріп уақыт өткізетін жұмыскер секілді.

Қайбір жылы Ұлттық экономика министрлігі күзетшілер қоғамдастығының жете қорғалу қажеттігі туралы мәселе көтерген. Олардың айтып отырған уәжі мынау: «Кәсіпкерлік туралы» кодексте «күзет қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері деп тануға болмайды» деп көрсетілген. Сондықтан орта кәсіпкерлік субъектілері секілді салық төлеуге міндеттелген. Оның қасында миллиардтаған ақша айналымы жүретін BI-Holding компаниясының өзі шағын кәсіпкерлік мәртебесіне ие. Ал негізінде орта кәсіпкерлік субъектілеріне 101-ден 250-ге дейінгі жұмыскері бар немесе жылдық орташа табысы 300 мың АЕК-тен асатын компаниялар жатады екен. Сол үшін Ұлттық экономика министрлігі күзет ұйымдарының мәртебесін барынша дәл әрі әділ анықтау үшін олардың нақты жұмысшыларының саны мен нақты орташа жылдық табысын ескеру қажет деген ұсыныс тастаған болатын. Қазір мектептер, жоғары оқу орындары және басқа білім беру мекемелері – осындай күзет агенттіктерінің клиенттері. Ал шағын күзет ұйымдарына салықтардың, әкімшілік айыппұлдардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің қолданыстағы мөлшері ауыртпалық түсіреді екен. Салдарынан күзет агенттіктерінің өз қызметін дамытуға, қызметкерлердің жалақысын үнемі көтеруге мүмкіндігі жоқ. Содан да қымбатшылықта күзет қызметіне табысына емес, уақытын өткізуге қолайлы жер іздейтін карт адамдар баратыны түсінікті.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ БЮДЖЕТКЕ ҚАРАП ТҰР

Ішкі істер министрлігі Күзет қызметін бақылау департаменті басқармасы бастығының орынбасары Серік Құспанов «Қоғам қарқынды дамыған сайын күзет қызметтері бойынша заңнаманы жетілдіру қажеттілігі артып келеді» деген болатын. Сөзінің жаны бар. Қоғам өкілдерінің де ортақ ойы осы. Мектептегі қауіпсіздікті күзет фирмалары қамтамасыз етуі бұрыннан айтылып келеді. 2000 жылы қабылданған «Күзет қызметі туралы» заңға сүйенсек, күзет қызметі лицензияланатын түрге жатқызылды. Оларға лицензияны мемлекет атынан Ішкі істер министрлігі береді. Ал күзет қызметтерін көрсетуге арналған шарттар жергілікті бюджеттен бөлінген қаржы шеңберінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес дербес, тікелей білім беру ұйымдары мен жеке күзет ұйымы арасында жасалады. Бұл ретте мектеп әкімшілігі қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын жергілікті қаржыландыру есебінен жүзеге асырады деген сөз. Мәселен, стратегиялық маңызды нысандарды күзетуге міндет алған лицензияланған күзет ұйымдары күзетшілерінің әлеуметтік нысандардың қауіпсіздігін қорғайтындардан айырмашылығы – атыс қаруы мен арнайы құралдарды пайдалануға құқылы. Сондай-ақ олар алдын ала мамандандырылған оқу орталықтарында атыс, құқықтық, физикалық дайындық және басқа пәндер бойынша емтихандар тапсырып, тәжірибесін арттырады. Ал әлеуметтік нысандарды күзететін вахтерлер мен күзетшілер мұндай дайындықтан өтетіні белгісіз. Өйткені көбі жоғарыда айтқандай, физикалық тұрғыда әлеуеті аз.

Қазір елімізде 3 298 мектеп пен 4 214 балабақшада лицензияланған күзет қызметі жоқ. Жыл басындағы мәлімет бойынша тиісті лицензиясы бар күзет ұйымдары тек 3 404 мектеп пен 1 371 балабақшаны күзетеді. Оның ішінде дабыл жүйесі арқылы жедел әрекет ететін мобильді топтар жұмыс істейтін 2 050-ге жуық мектеп пен 790 балабақша бар. Сонда қалған объектілердегі қауіпсіздікті бір Құдайға тапсырып отырмыз ба? Себебі лицензияланған күзетті сатып алу үшін жергілікті бюджеттің жағдайына қарау керек. Сол себепті мемлекеттік сатып алуға аз қаржыға өтінім берген күзет компаниясын таңдау әлдеқайда оң шешім болады.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНЫҢ КЕМШІЛІГІ КӨП

Мәжіліс депутаты Құдайберген Бексұлтановтың сөзінше, күзет агенттіктерінің жұмысын ұйымдастыруға қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу қажет. «Үкімет қарауында жатқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында бұл мәселені ерекше ескеріп отырмыз. Сондай-ақ «Мәдениет және білім туралы» заңға да өзгерістер мен толықтырулар енгізу маңызды. Құжатта әлеуметтік нысандарды бақылауға қабілеті мен лицензиясы бар күзет қызметінің міндеті нақтылануға тиіс. Бүгінгідей заман қауіпті бола түскен сайын әлеуметтік нысандардағы күзет қызметінің әлеуетін арттыруға көп көңіл бөлінгені дұрыс. Сондықтан күзетшілерді жұмыспен қамтып отырған ұйымдардың жауапкершілігі нақты белгіленген жөн. Өйткені ертеңгі күні олардың денсаулығына зақым келсе кім жауап береді? Күзетшілер мен вахтерлер балаларды қорғауға қабілеттігін дәлелдейтін арнайы дайындықтан өтуі де заңда көрсетілуге тиіс», – дейді ол.

«Aqniet қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақытжан Тәжібаев медициналық ұйымдардағы күзет қызметі науқас пен дәрігердің қауіпсіздігін емес, мекеменің материалдық базасына бақылау жасайтынын айтады. Оның айтуынша, медициналық ұйымдарда рецидивті пациенттер келетін болса күзет қызметі белгілі бір ережеге сай агрессивті науқасқа тоқтау жасау керек. Алайда күш қолданып тоқтатуға мүмкіндігі жоқ. Себебі ертеңгі күні ол үшін жауапкершілік қарастырылуы мүмкін. Ал олардың негізгі міндеті – ғимаратты қорғау. Яғни, мүлікті қирату, сындыру, ұрлау деген ұсақ құқықбұзушылықтардың алдын алу. Сондықтан медицина қызметкерлерін қорғауға қатысты міндеттері нақты көрсетілмеген. «Күзет қызметі мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысады. Сол кезде лицензиясы бар күзет ұйымдарының қайсысы төменгі ақшаны ұсынса, сол компания жеңіп шығады. Сол жеңіп шыққан компаниялардағы қызметкерлердің көбі спортпен айналысатын физикалық дайындығы аз зейнет жасындағы адамдар. Өйткені оларға төленетін жалақы аз. Күзет қызметін ұйымдастыру бойынша заңдардағы ақаулардың бар екенін ашық айту керек», – дейді Бақытжан Арынұлы.

Мәжіліс депутаты Ринат Зайытов «күзет қызметіндегі кемшілікті жауапты адамның жоқтығынан іздеу қажет» деп отыр. «Қойшы көп болса, қой арам өледінің» керін келтірген қазіргідей жағдайда қауіпсіздік қызметінің біліктілігіне біржақты баға беру де қиынға соғады. Оның айтуынша, күзет қызметі тікелей мекеменің басшысына бағынатын болса, қауіпсіздік қызметі жан-жақты жұмыс істейтін еді. Қазіргі жағдайға қарасақ, бір театрда бір нәрсе жоғалса, оған қауіпсіздік қызметі немесе сол жердің басшылығы жауапты ма, нақтыланбаған. «Қауіпсіздік қызметі тәуелсіз деп те айта алмайсың. Алайда мекеменің басшылығы бөлек, күзетшінің тікелей бастығы басқа жақта болған соң жұмыстың қолайсыздығы туады. Сол үшін қауіпсіздікке жауап беруге міндет алған күзет қызметіне бақылауды мекеме басшылығы жүргізуі керек. Бұл ертеңгі күні қауіпсіздікке бір ғана адамды жауапты қыла алады. Тиісінше, ол өзіне ыңғайлы қызметкер қабылдайды. Қауіпсіздік көрсетуге қауқарлы адамды іздейді. Сондықтан «Мемлекеттік сатып алу» заңына өзгеріс енгізу керек. Дегенмен зейнеткердің барлығы жұмысқа жарамсыз деуге келмейді. Мысалы, күштік құрылымдардың қызметкерлері зейнетке ерте шығады. Олардың физикалық әлеуетін пайдалануға болады», – дейді Ринат Зайытов.

Қорыта келгенде, әлеуметтік нысандардағы қауіпсіздік мәселесі қолданыстағы заңдардың қате қабылдануында болып тұрған секілді. Адам өмірі маңызды мекемелердегі қауіпсіздікке келгенде соңғы тиынды санап қалатын жергілікті бюджеттің ережесі де елеп-екшеленсе, әлеуметтік нысандардағы күзеттің әлеуеті артар ма еді. Бұл болмаса, дамыған елдердегідей күзет ұйымының лицензиясын жыл сайын қайта рәсімдеп, біліктілігін растап отыру міндеттелгені жөн.

Жадыра МҮСІЛІМ

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨСІМ ЭКОНОМИКАҒА ДЕМ БЕРЕДІ

Қазақстанның демографиясы – бұл елдің әлеуметтік және экономикалық дамуында маңызды рөл атқаратын күрделі және көп қырлы сала. Ағымдағы демографиялық ахуалды және оның үрдістерін түсіну бізге әлеуметтік маңызы жоғары салалардағы тиімді стратегиялар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстан халқының ресми саны 2023 жылдың 1 қыркүйегінде 19 млн 944 мың 726 адамға жеткен. Халық санының 20 миллионға жуықтағаны білім, еңбек нарығы және денсаулық сақтау секілді салаларға салмақ түсіретіні анық.

Жақында Венгрияда өткен «Отбасы: қауіпсіздік кілті» атты V Будапешт демографиялық саммитінде Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қазақстанның бірқатар демографиялық ерекшеліктеріне тоқталып өткен болатын. «Қазақстан – жас ел, қазақстандықтардың орташа жасы – 32 жас. Халық құрылымында Жастар шамамен 30%-ға жуық. Демографтар тәуекелдер туралы жиі сөз қозғайды. Бірақ біз жастардың энергиясын мемлекеттің даму мүмкіндігіне айналдыру үшін жұмыс істейміз», – деді министр. Сондай-ақ, қазақстандық саясаткер Қазақстанның отбасылық-демографиялық саясатын қалыптастырудың институционалдық негіздерін дамыту, оның ішінде реформалар мен әлеуметтік қолдау жүйесі, отбасының цифрлы картасын енгізу және елде іске асырылып жатқан бірқатар арнайы бағдарлама туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының болжамына сәйкес Қазақстан халқы 2050 жылға қарай 8,2 млн адамға өсіп, 27,8 млн адамға жетуі мүмкін.

Ал сегіз өңірдің халық саны 869 мың адамға қысқармақ. Олардың қатарына Абай (92 мыңға), Ақмола (80 мыңға), Қарағанды (99 мыңға), Қостанай (181 мыңға), Павлодар (100 мыңға), Солтүстік Қазақстан (182 мыңға), Ұлытау (15 мыңға), Шығыс Қазақстан (120 мыңға) облыстары бар. Басқа да өңірлердегі халық саны 9 млн адамға өспек, оның ішінде Астана, Алматы және Шымкент қалаларында 4,2 млн адамға ұлғаяды. Олардың қатарында Ақтөбе (326 мың), Алматы (800 мың), Атырау (350 мың), Батыс Қазақстан (112 мың), Жамбыл (657 мың), Жетісу (512 мың), Қызылорда (328 мың), Маңғыстау (723 мың) және Түркістан (994 мың адамға) облыстары да бар.

Урбанизация деңгейі 2022 жылғы 62 пайызбен салыстырғанда 2050 жылға қарай 67 пайызға жетуі мүмкін. Қала халқының саны 6,6 млн адамға немесе 55 пайызға өседі деп күтілуде, ал ауылдық жерлерде өсім 1,5 млн адамды немесе 21% құрайды.

Алдағы жылдары туу көрсеткіші жылына 390 мың адамға жетсе, 2028 жылға қарай 400 мың жаңа туған нәресте тіркелуі мүмкін. Ал 2036-2037 жылдарға қарай олардың саны 500 мың адамнан асып түседі. Қазақстанда жылдық туу көрсеткіші 2050 жылға қарай 600 мың адамға жуықтайды. 2022-2050 жылдары 13,6-дан 16,3 млн-ға дейін, оның 64% қалалық жерлерде, 36% ауылдық жерлерде туады деген болжам бар.

Орталық мамандары мектеп жасындағы халық саны (6-18 жас) 2027 жылға қарай 5 млн-ға дейін артатынын жеткізді. 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 6,5 млн-ға жетпек. Мегаполистердегі халық саны, оның ішінде Астана қаласында – 251 мың, Шымкент қаласында – 250 мың, Алматы қаласында 178 мыңға артады. Сондай-ақ Түркістан облысында мектеп жасындағы халық санының 342 мыңға, Жамбыл облысында – 212 мыңға, Алматы облысында – 211 мыңға, Маңғыстауда 190 мың адамға артады.

Дегенмен, қазіргі жастардың ең ересек және экономикалық белсенді бөлігі дүниеге келген 1990 жылдардың аяғындағы теріс демографиялық көрсеткіш әсерінен 2024 жылға қарай жастар жұмыс күшінің саны 1,8-ден 1,7 млн адамға дейін азаяды. Керісінше, 2030 жылға қарай оның саны 2,2 млн адамға дейін, ал 2035 жылға қарай 2,7 млн адамға дейін өседі. Осылайша, алдағы 13 жылда 1 миллионға жуық жұмыс орнына қажеттілік туындамақ.

Еңбекке қабілетті жастан асқан халық саны 2030 жылға қарай 25%-ға, ал 2050 жылға қарай 1,7 есе өседі. Еңбекке қабілетті жасқа дейінгі халық саны 2030 жылға қарай небәрі 2%-ға, еңбекке қабілетті жастағы - 11%-ға өседі, бұл ретте 2050 жылға қарай өсім тиісінше 41% және 36% құрайды. Осылайша, егде жастағы халықтың саны басқа санаттармен салыстырғанда жылдам өспек. 2034 жылға қарай Қазақстандағы жұмыс күшінің саны 10 млн адамға жетеді. Сарапшылар 2000-шы жылдардағы «бэби бум» кезеңінде туылған ұрпақтың еңбек нарығына келуіне байланысты 2030 жылдан бастап жыл сайынғы жұмыс күшінің өсу қарқыны жылдамдайды деген пікірде. 2050 жылға қарай жұмыс күшінің саны демографиялық көрсеткіштердің динамикасына байланысты 11-12,5 млн адамға жетуі мүмкін, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 18-34% өсімге сәйкес келеді. Бірқатар өңірде (негізінен солтүстік, орталық және шығыс) жұмыс күшінің саны 25-тен 45%-ға дейін қысқаруы мүмкін, ал Астана және Шымкент қалаларында ол екі есеге көбейеді.

Осы орайда Үкімет 2035 жылы Астанада 2,5 миллион адам өмір сүретінін есепке ала отырып, инфрақұрылымды реттеуді қолға алды. Сонымен бірге 2000 жылдың басында қабылданған бас жоспар қайта қаралып, мектептері, балабақшалар, басқа да әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер мен инженерлік инфрақұрылым жоспары жаңарады. Бұған дейін елордадағы халық саны 2030 жылға қарай 1 миллион 200 мың адам болады деп жоспарланса, мегаполистегі халық саны бұл көрсеткіштен 2020 жылдың өзінде асып түскен.

Бүгінде тек «жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 24 мектептің құрылысы жоспарланып, алдағы уақытта ірі габаритті мектептер салынбақ. Еуразиялық ғылыми-зерттеу институтының мәліметтеріне сүйенсек, халық санының азаюы Қазақстандағы экономиканың өсу қарқынының айтарлықтай төмендеуіне ықпал еткенін көреміз. Мәселен, Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап халық санында түбегейлі өзгерістерге ұшырады. 1993 жылдан бастап саяси және экономикалық күйзелістерден кейін жаппай эмиграция басталды. 1992-2002 жылдар аралығында Қазақстан халқы 16,5 миллионнан 14,9 миллионға дейін қысқарғанын көреміз. Қала халқы 1992 жылғы 9,4 миллионнан 2000 жылы 8,4 миллионға дейін азайып, ал ауыл халқы 1994 жылғы 7,2 миллионнан 2003 жылы 6,4 миллионға дейін төмендеген. Тек 2012 жылы ғана Қазақстан халқы бастапқы кезеңнің көрсеткішінен асып түсіп,16,7 млн адамға жетті. Салыстырар болсақ, тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында Қазақстан экономикалық өсімі де теріс көрсеткішпен сипатталады. Дүниежүзілік банктің мәліметінше, 1991 жылы өсу қарқыны –11%, ал 1994 жылы ең төменгі көрсеткіш 12,6%-ға жетті.

Қазір Қазақстан демографиялық жағдайға байланысты сын-қатерлер мен міндеттердің алдында тұр. Мемлекет тұрақты дамуды, әлеуметтік тұрақтылықты және экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін демографиялық процестерді басқаруға тырысады. Бұған отбасын жоспарлау бағдарламалары, аналар мен балаларды қолдау, білім беру мен денсаулық сақтау салаларына инвестициялар кіреді. Дегенмен сарапшылар бұл саланы басқаратын арнаулы ведомствоның жоғын алға тартуда. Бүгінгі зерттеулер тек статистикамен шектеліп отыр. Мұның салдарын біз экономиканың өзге де салаларынан көретініміз анық.

Кәмила ЕРКІН



Сайлау Пернебаев – қазақ фотожурналистикасының негізін қалаушылардың бірі. «Ақ пен қара» фото тілшінің ғұмыр бойы түсірген суреттерінің негізінде жиналған. Оның өзінде бұл жинаққа 60 жыл бұрын түсірілген фотолар ғана енген.

«АҚ пен ҚАРА» айқасқан БҰЛ өмірде...

Гүлзина БЕКТАС

Кітапты жинақтаған фототілші Асылхан Әбдірайымұлының айтуынша, ол кісінің мұрағаты өте бай.

«Алғашқы кітапқа ағамыз түсірген суреттердің 25-30 пайызы ғана еніп отыр. Екінші еңбегі де сұранып тұр. Ол да қазір жинақталып жатыр. Фотолар негатив нұсқасында сақталған. Қазір оларды ұлы Ербол Сайлауұлы цифрлық нұсқаға көшіріп жатыр», – дейді.



40 жыл ғұмырын фотожурналистикаға арнаған тұлғаның жеке мұрағатында қымбат қазына жатыр. Сурет те тарих. Егер ол өзіне қадірлі адамдардың өмірінен сыр шертсе, тіптен құны арта түседі. Ондай құнды жәдігер Пернебаевтың архивінен көптеп табылары хақ. Кейбірі көпке танылып та кетті. Сол қымбат суреттердің артында тұлғалар образын қалыптастырған фото тілші тұрғанын кейбіреулер білмеуі де мүмкін. Қазақ елінде кенжелеу қалып қойған осынау өнердің, саф алтындай қымбат қазынаның иесі Сайлау Пернебаев жайында айтылар әңгіме де, шертілер сыр да көп.

Ербол Сайлауұлы әкесі әрбір суретіне мұқият қарағанын айтады.

– 1995 жылы Семейде Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойы өтті. Әкем Семейде жүргенінде ол кісінің жұмыс бөлмесін босатып, суреттерін сыртқа шығарып тастаған

екен. Оны неге олай істегенін білмейміз, әкем келген соң, бүкіл заттарын жинақтап, біз тұратын үйдің бір бөлмесіне әкеліп қойды. Өзі тірі кезінде біраз суреттерін реттеп кеткен. Кейін ол істі әпкем жалғастырды. Әкемнің жеке қорында миллионнан астам сурет болған. Қазір оның бәрін реттеп, дұрыстап жатырмыз. Бір суретті өңдеу үшін он-он бес минут кетеді. Оның бәрі ұзақ уақыт алады. Соны ақырындап, шетінен бастап жатырмыз», – дейді ұлы.

«Ақ пен қарада» жарық көрген суреттердің 90 пайызы бұрын еш жерде жарияланбаған. Әлі де үш-төрт томдық суреттер жинақталып жатыр. Ал томдықтарды реттеу үшін қомақты қаржы да қажет. Егер мемлекет тарапынан қаржы бөлінсе, цифрлық нұсқаға көшіру жайын ұлы Ерболдың өзі қолға алатын еді. «Ақ пен қара» кітабын фототілшінің балалары өз қаражатына шығарған.

«Осы күнге дейін ешкімнен көмек алған жоқпыз. Отбасымызбен өзіміз қаражат шығарып, мың дана шығардық. Бұл жинақ осыдан бес жыл бұрын жарық көруі керек еді. Өйткені «Ақ пен қараны» әкеміздің 80 жылдығына арнап, дайындаған едік. Соңынан пандемия басталып кетті, одан қаржы береміз деген кейбір кісілер уәдесін орындамай кетті. Бес жыл кешігіп шыққа да, «Ақ пен қараның» жарыққа шыққанына қуанып отырмыз», – дейді Ербол Сайлауұлы.

> *«Ақ пен қарада» жарық көрген суреттердің 90 пайызы бұрын еш жерде жарияланбаған. Әлі де үш-төрт томдық суреттер жинақталып жатыр. Ал томдықтарды реттеу үшін қомақты қаржы да қажет.*

Фототілшінің көзі тірісінде фото шежірелерін жинақтап, кітап шығару ойында болған екен. Ол арманына жете алған жоқ. 2005 жылы ұзақ ауырып, төсек тартып жатып қалады да, фотоальбом шығару ісі аяқталмаған. Одан бері де 18 жылдай уақыт өтіпті.

Ербол Сайлауұлы: «Ақ пен қараны» әкеміздің кітабы деп есептеуге де болады. Әке мұрағатында елге белгілі тұлғалардың фотолары өте көп. Бірақ бізге ұрпақтары хабарласып, сурет сұраған кезі болған жоқ. Зиялылардың әкем түсірген суреттері анда-санда газет, журнал беттерінде жарияланып тұрады. Олардың көбі редакция архивінде қалып қойған құнды мұралар. Әкем 1960 жылдардан бастап жұмыс істеген. Сол 1964 жылдан бастап, 2006 жылға дейін қолынан фотоаппаратын тастамаған. Әкем түрлі тарихи оқиғаларды, әйгілі адамдарды, қас-қағым сәттерді қалт жібермей, нысанасына іліктірген. Кешегі сурет – бүгінгі тарих. Сурет жансыз демесеңіз, онда оқиға бар. Сол сәттегі құбылысты байқауға болады. Ол кісі жай ғана фотоаппаратпен жұмыс істеуді ғана меңгерген жоқ. Ол оймен, суреткерлік көзбен қарай білген тұлға», – дейді.

«Ақ пен қара» кітабының атауының өзі философияға толы. Өмірдің өзі ақ пен қара арпалысынан тұрады. Сайлау Пернебаевтың өзі «Ақ пен қара суреттің ғұмыры ұзақ болады» деген екен. Фототілшінің есімі аталған тұста XX ғасырдың 60-70 жылдары әдебиетке келген тау тұлғалардың да өмірі елестейді. Онсыз фототілшіні еске алу мүмкін емес. Оның фотоаппаратына ілінбеген кадр жоқ. Әйгілі тұлғалардың әрқайсысы бейнеленген әдемі таспаларды «Ақ пен қарадан» табарыңыз анық.

«Отбасымызда әке жолын қуып, фото өнерімен айналысып жүрген ешкім жоқ. Амандық болса, немерелерінің арасынан «фототілші боламын» деп шығып жатса, оған қарсылығымыз жоқ. Біздің тілек – әке мұрасы ұмыт қалмаса дейміз. «Ақ пен қараға» әкемнің архивінің 20-25 пайызы ғана енді. Әлі өңделмеген, жарық көрмеген қаншама сурет бар. Ендігі мақсат – сол құнды қазынаны жинақтап, елге ұсыну», – дейді Ербол Сайлауұлы.

«Ақ пен қарада» бұрын-соңды жарияланбаған суреттер өте көп. Фотокітапты ақтарып қараған адам небір ғаламатқа жолығары анық. Сондай-ақ жинаққа биыл мерейтойлары аталып өтіп жатқан әдебиеттің тұлғаларының да суреттері еніпті. Атап айтар болсақ, Кемел Тоқаев, Әкім Тарази, Оралхан Бөкейдің еш жерде жарияланбаған суреттері бар.

Ақын-жазушылардың сәулелі сәттері қаламына өріліп, ақ қағазға төгілсе, Сайлау Пернебаевтың шеберлігі сондай қас-қағым сәттерді фото аппаратының нысанасына іліктіргені. Фототілшіні суреткер емес деп кім айта алады? Ол тұтас бір дәуірдің фото шежіресін жасап кетті. Ол тарих ұзақ жылдар бойы қазақ әдебиетінің, қазақ баспасөзінің қымбат қазынасына айналары хақ.

Думан РАМАЗАН, *жазушы-драматург:*

ЕНДІ *драматургиялық* ШЫҒАРМАЛАР *жазбаймын*

Тарихи тақырыпқа қалам тербеп, бүгінгі ұрпаққа кешегі өткенімізді айна қатесіз жеткізіп жүрген жазушылар саусақпен санарлық қана. Себебі тарихи шығарма жазу үлкен ізденіс пен еңбекті қажет етеді. Біз әдебиет айдынына тыңнан түрен салған белгілі жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Думан Рамазанмен сұхбаттастық.

– Думан Әмірғалиұлы, осы уақытқа дейін көп сынды бүкпесіз айтып, қоғамның дамуына оң бағдар нұсқап келесіз. Айтқан сыныңыз бен пікіріңізді біреу құптаса, екіншісі қарсы шығып жатады. Сонда бізде естір құлақ пен есті оқырман азайып бара ма?

– Иә, дұрыс айтасыз. Сынды көп айттым, көп жаздым. Қоғамдағы кемшіліктерді сынадым. Бірақ айттың не, айтпадың не, өзгерген, түзелген көп ештеңе жоқ. Кейбір керауыздар жаңашырлықпен, жақсы ниетпен айтқан сөзіңді бұрмалап, өңін айналдырып, өзіңе шабуыл жасайды. Ең аяғында өзің жаманатты болып қаласың. Содан кейін айтуды өзің де қояды екенсің. Қазір көп ештеңе айтпайтын болдым. Бұдан кім ұтты? Бәріміз ұтылдық. Абай атам айтпақшы, «көңіл қалды достан да, дұшпаннан да». Елім мен қоғамымды ойласам, көп нәрсе айтқым келеді, ал өзімді ойласам, ештеңе айтқым келмейді. Соған қарағанда өзімшілмін-ау!

Шындықтан қашсаң да құтыла алмайсың. Соны біле тұра тырағайлап қашамыз. Жалған сөйлейміз, өтірік айтамыз. Отыз жыл өтірікпен ауызжаласып өмір сүріп келдік қой. Өтірік екенін біле тұра өтірік мақтаймыз. Дамымай жатқанымыз да сол. Өтірік өмірімізге дендей еніп кетті. Бүгін-ертең арыла қоюымыз екіталай-ау! Әрине, өкінішті.

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ КЕРЕК

– Еңбек жолыңызды журналистикадан бастадыңыз. Бір сөзіңізде: «Білімсіз әншілерден сұхбат алғанды қойындаршы. Оның уақыты енді өтіп кетті» депсіз. Жалпы, қазақ журналистикасының бүгініне қандай баға бересіз?

– Әрине, дәстүрлі әншілердің басым көпшілігі білімді, не айтарларын біледі. Ал эстрада әншілерінің көпшілігі білімсіз, дарақы, даңғой. Аузына не келсе, соны айта салады. Көбінесе ішкен-жегенін, кигенін, жүріп-тұрғанын ғана айтады. Ауыздарын ашса болды, күлкіге қарық қылып, масқара болады да жатады. Әрине, білімсіз адам жүріп-тұрғаны мен ішкен-жегенінен басқа не айтады?! Бұл жағынан журналистердің де кінәсі бар. Ондай әншілерден сұхбат алмаса екен. Ең абзалы, әндерін айтып жүре берсе ғой! Әншілердің жеке өмірі, кіммен жүргені, қайда барғаны, кіммен көңіл қосқаны кімге керек? Не береді? Бізде де жас жігіттерді қолғапша ауыстыратын, байдан байға тиетін, соны мақтан тұтатын, мәртебе көретін әншілер шыға бастады. Бұл кімге үлгі?! Ұрпақты бұзып жатыр. Ар-ұяты жоқ арсыздар көбейді.

Жалпы, қазақ журналистері тәуелсіздік жылдары ұлттың ұпайын түгендеуде үлкен күш-жігер танытты. Оны ешкім де жоққа шығара алмас. Елдік, ұлттық мәселелерді ту етіп көтерді. Яғни, ұлтқа қызмет етті. Бұны айтуымыз керек. Дегенмен қазіргі қазақ журналистикасына көңілім толады десем, тағы да өтірік болар еді. Әрине, жақсы журналистер бар. Бәріне бірдей топырақ шашуға болмас. Бірақ жалпы алғанда қазір газет-журналды көп оқымайтын болдық. Дулат Исабеков ағамыз айтпақшы, ашасың да жабасың. Қызықсыз. Тартпайды. Оқылмайды. Жақсы, оқылымды, қызықты мақала-материалдар сирек шығады. Қанағаттанбайсың. Тұшынбайсың. Журналистердің де көбісінің өресі төмен. Білімсіз, біліксіз, нашар журналистер көбейіп бара жатқандай көрінеді. Сол эстрада әншілерінен сұхбат алатын дәрежедәргейде ғана. Нені және қалай жазу керектігін білмейтін секілді. Әрине, сынау оңай. Бірақ осының себеп-салдарына үңіліп көрейікші. Журналистердің айлық жалақысы төмен, шайлықтарына жетпейді. Қаламақы жоқ, болса мардымсыз. Бұрынғыдай кезекпен баспана берілмейді. Үйсіз-күйсіз жүргендер көп. Осыдан кейін кінә арту да қиын. Журналистердің айлығы мен қаламақысын ғана емес, мәртебелерін де көтеру керек. Биыл мемлекет тарапынан 65 журналистке баспана берілді. Оны әлеуметтік желілерде сынап-мінегендер де болды. Өз басым қатты қуандым. Осы жақсы бастама жыл сайын жалғасын тауып, дәстүрге айналса екен. Бәлкім, сонда қазақ журналистикасының да бағы жанып, жұлдызы жарқырар.

– Өткенде депутат Ринат Зайытов: «Қазақстанда алаяқтықтың 80 пайызын намаз оқитындар жасайды» деп мәлімдеп, басы дауға қалды. Сіз бұған қалай қарайсыз? Жалпы, дінге көзқарасыңыз қандай?

– Діндар емеспін, бірақ өзімді толықканды мұсылман санаймын. Құдайдың бар екеніне сенемін, сиынамын. Ринат бауырым артығырақ сілтеп жіберген сияқты. Періште емес, пенде болған соң намаз оқитындардың арасында да алаяқтар болуы әбден мүмкін. Бірақ 80 пайыз емес шығар. Ал жалпы дінге келсек, біз араб емеспіз, қазақпыз. Қандай жағдай, қай кезеңде болсын, қазақтығымызды сақтауымыз керек. Ислам дінін ата-бабаларымыз секілді өзімізге икемдеп, бейімдеп қабылдаған жөн. Ұлттық асыл қасиеттеріміз бен салт-дәстүрімізді мансұқ қылуға болмайды. Діншіл болу үшін жалбыратып сақал қою, еркектердің ақ матаға оранып, қысқа шалбар киіп, қыз-келіншектердің хиджабқа тұмшалануы міндетті емес.

ТАЗА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСЫП КҮН КӨРЕ АЛМАЙСЫҢ

– Қоғамда ақын-жазушыларға да сын көп айтылады. Бұған не дейсіз? Жалпы, сіз үшін «жазушы» деген қандай ұғым? Жазушының миссиясы қандай болуы керек?

– Сынға дұрыс қараймын. Білімді, білікті, нені жазатынын білетін қаламгерлер баршылық. Аға буынды айтпай-ақ қояйын, тіпті өзімізден кейінгі кейбір жас ақын-жазушылардың білімі мен талантына қайран қаламын. Бұл жағынан ешкім де сынап-міней қоймас. Әттең Қазақстанда таза шығармашылықпен айналысып күн көре алмайсың. Еріксіз бір қызметтің жалынан ұстауға тура келеді. Әйтпесе, аштан өліп, көштен қалып қоюың мүмкін. Егер жазушылықпен күн көруге, отбасыңды асырауға болатын болса, басқа қызмет істеудің керегі не? Еңбектің ұлылығы сол емес пе?! Өз күндерін әрең көріп жүрген ақын-жазушыларды: «елдің, ұлттың, халықтың емес, қарақан бастарының қамын көбірек күйттейді» деп көп сынайды. Әрине, мұны түсінемін. Жазушыларды да, сын айтушыларды да түсінемін. Бәлендей кесіп-пішіп ештеңе айта алмаймын. Дегенмен өз ойын ашық айтатын да қаламгерлер жоқ емес. Бірақ шынында да, жеке бас мүддесін ойлайтындардың қатары қалың. Әрине, жазушының міндеті – жазу, тек қана шығармашылықпен айналысу деп түсінетіндер де бар. Негізі, солайы солай ғой! Бірақ қазақ жазушысы ең алдымен елдің жайын, ұлттың қамын ойлауы керек. Егер халық, оқырман болмаса, қаламгер кімге керек? Ел алдындағы жауапкершілікті де естен шығармаған жөн. Себебі қазақ үшін «Боламыз ба, бордай тозамыз ба?» деген сауал әлі мән-маңызын жойған жоқ, өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Жазушы миссиясын әркім әртүрлі түсінер, пайымдар. Өмірде қатып қалған ештеңе жоқ, болмауы да керек. Меніңше, ең бастысы халықтың рухани қажетін өтеу, санасын сілкілеу, жан дүниесін байыту, ойын тербеу, сезімін қозғау, ләззатқа бөлеу, ойландыру. Қазақ жазушысы ұлтқа қызмет етуге тиіс. Ана тілін келесі ұрпаққа саф күйінде жеткізу де басты міндет. Аға буын қаламгерлер осы миссияны өте жақсы атқарып шықты. Қазақстан толықтай қазақ тілінде сөйлеп, төрт құбыламыз түгенделген кезде жазушының мойнындағы бұл жүк өзінен-өзі ауып қалады. «Өнер – өнер үшін» қағидасы алға озады. Қаламгерге ешқандай қосымша миссия да, міндет те артылмайды. Ол елдің жағдайы мен хал-ахуалына тікелей байланысты. Мәселен, Ілияс Есенберлиннің жазушылық кәсібілігі мен қарым-қабілетіне сын айтқыштар көп. Бәлкім шынында да, әдеби кәсібілігі мен қаламгерлік шеберлігі кемшіндеу шығар. Бірақ «хандардың бірі қанішер, батырдың бәрі қарақшы» деп оқытқан кеңестік кезеңнің өзінде халқының тарихын өзімен табыстыру миссиясын адал атқарып кетті. Біз бала кезімізде халқымыздың тарихын Ілияс ағамыздың романдарынан оқып білдік. Тарихымызға деген қызығушылығымыз артты. Тіпті, сол бір кезеңді Ілияс ағамыздың тарихи шығармаларынсыз елестетудің өзі қиын. Міне, осы жағынан алғанда жазушының еңбегі ұлан-асыр. Біз де тарихи шығармаларды еріккеннен жазғамыз жоқ. Елге, ұлтқа, ұрпаққа керек болған соң жаздық. Енді таза әдебиет үшін жазамыз.

– «Жазушылар нарыққа бейімделе алмай жатыр» деген де сөздер айтылып қалады. Бізде шетелдегідей әдеби агенттер де жоқ. Осыны шешуге болмай ма?

– Бұл сөздің де жаны бар шығар. Бірақ оны қалай шешуге болатынын нақты айта алмаймын. «Кітабыңды өзің сат» дейді. Біз оны қалай сатамыз? Біріншіден, оқырманға кітап жетпейді. Кітап тарату мен сату ісі құрдымға кеткен. Бар нәрсенің өзін құрттық қой. Екіншіден, казір кітап оқымайтын ұрпақ өсіп келеді.

ЕРІКПЕГЕННІҢ БӘРІ КІТАП ШЫҒАРАТЫН БОЛДЫ

– Бұған сол ақын-жазушылардың өздері кінәлі емес пе? Бүгінгі оқырманның талғамынан шығатындай, талабын қанағаттандыратындай қызықты, тартымды, үздік шығармалар жаза алмай жатқан жоқсыздар ма?

– Бәлкім, өзімізден де кінә бар шығар?! Өзіңіз айтқандай, толайым туындылар тудыра алмай жатқан шығармыз. Қазір ерікпегеннің бәрі кітап шығаратын болды. Сондай дәм-татусыз шығармалармен оқырманды жерітіп алдық па екен?! Бәрібір бұл медальдің бір жағы ғана. Бәрін ақын-жазушыларға жабуға болмайды. Кітаптың орнын интернет басты. Қазіргі жастар кітап оқығаннан гөрі, телефон шұқылағанды жақсы көреді. Есіл уақыттарын солай өткізеді. Кітапқа мойын бұруға мұршалары да жоқ. Бұл –әрине қауіпті құбылыс.

– Жазушылар одағын сынап-мінейтіндер де көп. Бұған қалай қарайсыз?

– Қайсыбірімен келісемін, келіспейтін тұстарым да бар. Жазушылар одағының қолында не бар? Ештеңе де жоқ. Өз күнін өзі көре алмайды. Мемлекеттен қолдау болмаса, күні қараң. «Жазушылар одағын жауып тастау керек» деп өрекпитіндерді түсінбеймін. Ал жабылды дейік, сонда жағдайымыз жақсарып кете ме, қандай ұшпаққа шығамыз?

ЖОШЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР ТЫМ ТАПШЫ

– Шығармашылығыңыздың бір бөлігі тұлғалар жайлы. Жалпы, адам тұлғалық биікке қалай көтеріледі?

– «Тарихты тұлғалар жасайды» дейді ғой. Мен осыған қосыламын. Ал тұлғаны заман өзі тудырады. Ешкім де тұлғалық биікке көтерілейін деп көтерілмейді, жағдай соған өзі алып келеді. Шыңғыс хан да, Жошы да, Керей мен Жәнібек те, Абылай мен Кенесары да заманы тудырған тарихи тұлғалар. Қазақ тарихында әркайсысының өзіндік орны, еңбектері бар. Оны ешкім де жоққа шығара алмас. Ел мен ұлтқа қызмет еткен тарихи тұлғаларды дәріптеп, кеңінен насихаттау керек. «Батырлар кеткен кезде, сахнаға сайқымазақтар шығады» деген де тәмсіл бар. Құдай содан сақтасын.

– Астанадағы бас театрымыздың төрінде «Жошы хан» тарихи драмаңыз сахналанды. Президентіміз де тамашалап, өз бағасын берді. Жошы жайлы жазуыңызға не түрткі болды? Жалпы, пьеса қанша уақытта жазылды?

– Иә, Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында «Жошы хан» тарихи драмамыз сахналанды. Тұсаукесер қойылымы дүркіреп өтті. Өзіңіз айтып отырғандай, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев келіп көріп, оң бағасын берді. Жошы – қазақ хандарының түп атасы, бабасы. Оның ұлысы алғашқы қазақ хандығы екенін талай жаздым. Сондықтан ол мәселеге қайыра тоқталмай-ақ қояйын. Осы шығармаммен соны өнер жүзінде дәлелдеп шыққым келді. Шынын айтқанда, шығарманың жазылуынан гөрі ізденуге, ойлануға, жоспар құруға, тарихи еңбектер мен көркем шығармалар оқуға көп уақыт кетті. Деректі және көркем фильмдердің бәрін көріп шықтық. Бірақ ешкімді қайталамауға тырыстық. Өзімізше жаңаша дүние жасадық қой деп ойлаймыз. Шыңғыс хан әлемде көп зерттелген ұлы тұлға да, Жошы туралы тарихи деректер тым тапшы. Қазақ даласына келгендегі өмірі мүлде айтылмайды да, назардан тыс қалған. Сол там-тұм деректердің шоғын үрлеп, өзімізше өнер туындысын тудырдық. Көрерменнің ыстық ықыласы мен ниет-пейіліне қарағанда жаман да шықпаған сияқты.

ТАРИХИ ФИЛЬМДЕРГЕ КӨҢІЛІМ ТОЛМАЙДЫ

– «Кенесары–Күнімжан» атты пьесаңыз Түркияда түрік тілінде сахналанды. Түріктердің аттай қалап, дәл осы шығармаңызды таңдап алуының себебі неде деп ойлайсыз?

– Оны түп тарихы бір түрік ағайындардың өз сөздерімен айтайын. Біріншіден, қазақ тарихынан сыр шертеді. Тарихқа әр адам қызығады ғой, білгісі келеді. Екіншіден, батырлық, ерлік жырланады. Үшіншіден, махаббат пен зұлымдық, адалдық пен сатқандық қатар өріледі. Төртіншіден, қазақтың сол кезеңдегі тұрмыс-тіршілігі, хал-ахуалы, этнографиясы көрсетілген. Бесіншіден, құдіретті өнер арқылы Ресей империясының зұлым саясатын әшкерледік. Алтыншыдан, Кенесарының хан ғана емес, жеке тұлға ретіндегі болмыс-бітімі, жан дүниесі, көзқарасы, тағдыр-талайы көрсетілген. Осының бәрі туыс ел түріктерге ерекше әсер қалдырды деп ойлаймын.

– Керей мен Жәнібек хандарды, Абылай ханды зерттеп, басы бүтін көркем шығарма ретінде көрерменге ұсындыңыз. Жалпы, қазақ хандарынан қазір көп насихатталмай, елеусіз қалғандары бар ма?

– Әрине, бар. Мәселен, Хақназар, Әз Тәуке, Әз Жәнібек, Тәуекел, Есім сияқты хандарымызды қалай дәріптесек те жарасады. Халқымыздың тарихында олардың да өзіндік орны бар. Мемлекеттігімізді күшейтті, жерімізді кеңейтті.

– Тәуелсіздік жылдарында түсірілген тарихи фильмдерге көңіліңіз тола ма?

– Көңілім толмайды. Жасандылық көп, қасаңдық пен қарабайырлыққа көп ұрынады, қызықтырмайды, тартпайды, жетелемейді. Оқиғалары да, кейіпкер сөздері де еш сендірмейді. «Көш жүре түзеледі» дейді ғой, болашақта жақсы фильмдер түсірілер деп үміттенемін.

– Жазушы ретінде мақсатыңыз бен адам ретіндегі арманыңыз қандай?

– «Генерал болуды армандамаған солдат солдат емес» демекші, жасыратын несі бар, жақсы шығармалар жазып, жазушы ретінде тарихта қалғым келеді. Ал жұмыр басты пенде, қазақтың баласы ретінде, еліміздің аман, жұртымыздың тыныш болғанын қалаймын. Тәуелсіздігіміз баянды болып, халқымыз бақытты да, бақуатты ғұмыр кешсе екен. «Аман ердің аты шығар» дейді дана халқымыз. Ең бастысы, амандық болсын!

– Қазіргі кезде сізді не көп ойландырып-толғандырады?

– Елім мен халқымның болашағы көп ойландырады, толғандырады. Себебі, әлі де қауіп көп. Көрші елдер бір-бірімен соғысып жатқанын білесіз. Не үшін? Әрине, әркімнің өз мақсат-мүддесі бар. Күштінің әлсізге күш көрсетуі тоқтамайды екен ғой! Бұдан да басқа ойландыратын жайттар жетерлік. Бірақ олар түптің-түбінде шешімін табар. Құдай соғыстың бетін аулақ қылсын.

– Сөзіңіз аузыңызда, жалпы Қазақстан мен қазақ халқының болашағы жарқын боларына сенесіз бе? Қауіп-қатердің көп екенін өзіңіз де айтып отырсыз.

– Сенемін. Бізде басқа жол да, таңдау да жоқ. Қазақстанды қазір әлем танып, мойындады. Қазақ – өте талантты, дарынды халық. Өзінің кім екенін әлі-ақ әлемге танытып, мойындатады деп сенемін. Тек елімізде бейбітшілік, тыныштық болса екен.

– Драматургиялық шығармалар жазбаймын деп мәлімдедіңіз. «Жошы хан» тарихи драмаңыздың айтулы табысынан кейін ойланған жоқсыз ба?

– Жоқ, еш ойланған жоқпын. «Жошы хан» қойылымының тұсаукесерінен кейін дарынды режиссер Болат Ұзақов: «Олай кесіп-пішіп ештеңе айтпасаңшы. Тағы бір дүниеге кірісейік», – деді. Сөзімді қайтып алмайтынымды жеткіздім. Ұсынысы мен сеніміне ризашылық білдіріп, алғыс айттым. Бұдан былай тек прозалық шығармалар жазамын. Проза адамға еркіндік сыйлайды. Жазасың, ертеңінде жариялайсың. Ешкімге күнің түспейді, жалынбайсың. Ал қаламгерге ғана емес, жалпы жұмыр басты пенде үшін еркіндіктен артық не бар?! Неге мұндай шешім қабылдағанымды да айттым. Түсінетін адам түсінер, түсінбейтіндерге айтар артық ауыз сөзім жоқ.

– Соңғы әрі дәстүрлі сұрақ. Қазір не жазып жүрсіз?

– Жақында «Қаныпезер» деген әңгіме жазып бітірдім. Қазір адамдар қайырымсыз-мейірімсіз, қатыгез болып барады. Аяушылық жоқ. Бір-бірін талап жеуге даяр. Соны ашып көрсеткім келді. Бүгінгі күннің адамдарын кейіптегім келді. Адамға зорлық-зомбылық жасайтын, күш көрсететін, қауіп төндіретін тек адамдар ғана. Тіпті, жұмыр басты пенделерден жан-жануарлар мен аңқұстар да өлердей қорқады. Бәрін қырып-жойып келеміз.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

ЖҮЙЕЛІ СӨЗДІҢ ЖҮЙРІГІ

Жалпы, сөз – қатынас құралы ғана емес, ол – өнер! Өнер болғанда да бар өнердің көшбасшысы. Сондықтан да халқымыз «Өнер алды – қызыл тіл» дейді. Сөз өнері жөнінде халық даналығы мен әйгілі ойшылдарымыздан қалған тұжырымдар да аз емес.

Адамдар арасындағы қатынас құралынан өнер биігіне дейінгі аралықта сөздің алар орны әлмисақтан белгілі. Бірақ оны кім қалай бағалап, қаншалықты қадірін біледі, ол – жеке дүние. Біздің айтпағымыз – тілге тиек еткелі отырған кейіпкеріміздің өміріндегі сөз өнерінің орны. Ақтаңгер ақын, халықаралық, республикалық, аймақтық ақындар айтысының неше дүркін жеңімпаз-жүлдегері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қазақ мәдениетінің қайраткері Серік Құсанбаевтың бір қыры – сөз өнерін дамытушы тұлға.

ҚЫСЫ-ЖАЗЫ ӨҢІН БЕРМЕС ШЫРШАДАЙ

Бала күніндегі батырлар жырына деген құштарлығы оны жігіт шағында өнер айдынына алып шығып, ғұмыр бойы қазақ руханиятына қызмет еттіріп келеді. Сонау 1990-шы жылдары айтыс көгіне жарық жұлдыздай көтеріліп, содан бері 20 жыл көлемінде неше мәрте аламанның алдында келіп жүрді.

Айтыс – сөз барымтасы, сахна төрінде қарсыласыңды қапы қалдыру, өнеріңмен басым түсу үшін айтыскер ақын бойында сан қырлы талант болуы шарт. Оның бәрі Секеңнің бойында толықтай бар. Суырыпсалмалық, сөзді жүйелі қолдану, машықты мақам, әуезді үн, домбыра шерту шеберлігі секілді өлшемдерге ол өте мұқият әрі мүлтіксіз жүзеге асырады. Секеңнің сахнадағы сыртқы сыр-сипаты мен ішкі иірімдері бірін-бірі толықтырып, өнерпаздық тұлғасын өзгелерден даралап тұрады. Осындай қыры оны бірден көрермен көзайымына айналдырып жіберетіндей. Одан ары айтыскеріміз құйқылжыған домбыра үні мен құйылып түскен өлендерін төкпелете жөнелгенде жырсүйер қауым да дүрлігіп сала береді. Қарсыластар бір-біріне сай болса, жыр сайысы қыза түсіп, қалың топтың қиқуына ұласпақ. Сөз өнерінің құдіретінен туындайтын мұндай көріністердің талайына куә болғанымыз бар.

Серік Сәдуақасұлымен танысып, таныстығымыз достыққа ұштасып кеткеніне де ширек ғасырдан асып кетіпті. Сондықтан естігенімді емес, көргенім мен көңілге түйгенімді көпшілікке ұсынсам деймін. Біздерді өзара жақындастырып жіберген де осы сөз өнерінің шапағаты. Секеңнің бойындағы өнерпаздық, адамгершілік, күрескерлік, шыншылдық ерекшеліктері бәрі тәбиғи және сол табиғатынан біткен қасиеттерді қандай жағдайда болсын бұзбай таза қалпында сақтап келеді. Бір ғана айтыстағы жетістіктері үшін сан мәрте марапатталды, мақталды, түрлі атақтар алды. Атағы аспандап тұрған шақта да айтыскер інілерінің бірі айтқандай, ол «қысы-жазы өңін бермес шыршадай» өзіндік ұстанымынан өзгерген емес. Ұстаным демекші, кемшілікке көз жұмып қарай алмайтын әдеті оған талай шындықтың бетін ашып айттырды. Онысы қазылардан шетқақпай көргізсе де, келесі жолы да айтуға тиіс ақиқаттарды ақтарып сап жүрді. Басына таяқ болып тиетінін біле тұра саяси тақырыптағы нысанасынан сын садағын бұрмады. Тәтті айтқаны эфирден беріліп, қатты айтқаны қиылып қап отырды. Жалпы, қоғам дамуындағы өткір мәселелерді айтыс сахнасында көтеру осы Серік Құсанбаевтар тұсында бастау алды. Қарсыласты іліп айту мен білікті тіліп айтуда да сол шақтарда Секеңнің алдына ешкім түсе қойған жоқ. Көрермен көкейіндегісін айтыс сахнасынан естіген кезде қалай желпінбесін, өзіне ұнаған айтыскердің әділ бағалануын талап етіп орындарынан тік тұрып, қазыларға шүйілігуге дейін барып жататын. Секеңе кейбір бас жүлдені қанжығалауға осындай нағыз айтысқұмар көрермендердің септігі тигені де айдай ақиқат.

Айтыс сахнасына Серіктерді өкшелей жеткен буын мен кейінгі толқын үлкендер үрдісін жалғап, елдік мәселе мен ұлттық құндылықты жырлауды дамыта түсті. Секеңнің суырыпсалмалық шеберлігі мен төгіліп түсетін түйдек-түйдек тіркестері қаншама жасты өзіне еліктетіп, айтыс ауылына ынтықтырғаны рас. Өзі де білгенін өзгелермен бөлісуге әркез дайын тұрды. Аға тұтып, ақыл сұрап келгендерге айтыстан түйген тәжірибесін таратып айтудан тартынбады. Жатпай-тұрмай жыр додасының жұмбағына бойлай жүріп шәкірттер де тәрбиеледі. Кереку мен Өскеменнің жас айтыскерлерінің қанаттарының қатаюына бір кісідей ықпал етті. Алғашқы шәкіртінің бірі – Нұрлан Аққазин 1994 жылғы республикалық айтыстың бірінде Мұхаметжан Тазабековпен айтысып, бас жүлде иеленді.

АЙТЫС ДЕГЕН – МЫҢ СИҚЫР...

«Спорт деген – бір сиқыр болса, айтыс деген – мың сиқыр» деп Секеңнің өзі айтқандай, сахнаға дейінгі дайындықтың өзі бір толып жатқан әуре. Спортшы физикалық тұрғыдан машықтанса, айтыскер негізінен логикалық бағытта бапталады. Сахна сайысында ой қайшылығына ұрынып қалмау, жөпелдемеде сөз тауып, оны ұйқасқа салу, ұтымды жеткізу, қойылған сұрақты жауапсыз қалдырмау, сол сәттегі көріністерді қалт жібермей жырыңа қоса қою, қарсыластың қимылы мен қиыс кеткен жерін қырғидай қиып түсу секілді шарттарды ескеру керек. Соның бәрі сананда сабылысқан кезде тынысың сан мәрте тарылып, сан алуан күй кешесің. Бұл айтыскер лабораториясының бір қыры ғана. Ойыңда шуақ, сөзіңде қуат болмаса қарсыластан басым түсу, көрермен ризашылығына бөленудің ауылы алыс. Серіктің әу бастан әдетке айналдырғаны өзінің сыртқы формасы қалай жинақы болса, өлең өрнектері де шырайлы әрі буындары мен ұйқастары да жұп-жұмыр. Айтыстары қанша уақытқа созылып кетсе де, түйлек-түйдек шумақтарынан шашыраңқылық байқалмайды. Мұның бәрі оның өнер мен өлең өлшеміне аса бір жауапкершілікпен қарауының белгісі. Жауапкершіліктің өзіне мұқият болмасаң нәтиже әркелкі болмақ. Кейіпкеріміздің мұқияттылығы мен тиянақтылығы айтыстағы жыр байрағын 20 жылдай үздіксіз желбіретті. Оның өзінде айтыстағы қатарластары сахнадан сырттап қалғандықтан тізгінді еріксіз тежеуге тура келді.

Өнер мен өлең өлшеміне мұқият болуы Секеңнің сахнадағы тұлғасын тез биіктетті. Айтысқа алғаш шыққаннан-ақ жұртты өзіне жалт қаратты. Сахнаға «Әги-гайлап» шығып, тасқын жырымен тыңнан түрен салғанда былайғы жұрт оны «Айтыс өнеріне бала күнінен дағдыланып, мықты бір ұстаз баулыған болар?!» деп ойласа керек. Алайда ол айтысқа тіптен тосыннан қосылыпты. Бала күннен домбыраға әуестеніп ән, терме айтып жүргені болмаса біреумен сөз қағыстыру ойына кіріп-шықпаған әрі ондай өнерге ұмтылуға ешқандай себеп те болмаған ол кезде.

Ұмыт болған ұлы өнер 1988 жылдары ғана қайта жаңғыра бастағаны бәрімізге белгілі. Сол кездерде Серік Павлодар облысының құрылғанына 50 жыл толу құрметіне арналған аймақтық ақындар айтысына Екібастұздың атынан алғаш рет терме орындауға барады. Ақтамберді жыраудың термесін тебірене шырқап тыңдарман айызын қандырғанмен сол жолы оның өз көңілі байыз таппай қайтады. Айтыскерлердің табан астында сөз құрап, бірін-бірі өлеңмен сынап, бетпе-бет бәсекелесуі, төгілтіп айту, көсіліп шырқау секілді сұлу өнер сиқыры өзіне бірден тартып әкеткен. Құштарлық деген сол, термеші болып келіп, тебіреніп қайтқан ол келесі жолы облысқа айтыскер болып оралған.

Аз уақыттың ішінде айтыскер болып шыға келу айта салғанға оңай болғанымен, ол да бір таңғаларлық жағдай. Оның өзінде тым қысқа мерзімде еліміздің алдыңғы қатарлы айтыскері атанды. Мұның бәрі Секеңнің бойындағы ізденімпаздықтың жоғары көрсеткіші. Бағанадан айтып отырған мұқияттылық пен қырағылықтың нәтижесі.

Айтыс өнерінің тарих қойнауынан енді ғана бой көтерген кезі, қазіргідей толып тұрған аудио, видео жазбалар жоқ. Кітапхна түпкірінде қалып қойған бұрынғы шығарылымдарды қайта қопарып, жөн біледі-ау деген жандармен пікірлесіп, әркім өзінше әдістеме қалыптастырып жатқан уақыт.

Негізінде, өнер адамға қонады, ізденімпаз болсаң ол өнер ары қарай дами бермек, керісінше немқұрайлы қарасаң біртіндеп суси түсетін секілді. Серіктің табанды әрі тиянақты ізденгіштігінің бір мысалы – қолға алған істерінің барлығының да қорытындысы жоғары. Спортта, әнші-термешілікте, айтыста, поэзия мен публицистикада, журналистикада бәрінде көрсеткіштері көрнекті. Мұның бәрі аз жетістік емес, «сегіз қырлы, бір сырлының» нағыз өзі.

Бір сырлы демекші, бірде Секеңнің айтысы қазылар тарапынан жеткілікті бағаланбай, көңілсіз тұрғанын меңзеп замандасы Қуаныш Мақсұтов: «Секе, өзің бір түрлі болып тұрсың ғой?» десе, Секең: «Әрине, сен секілді бірнеше түрлі бола алмаймын ғой?!» деп жауап қайтарыпты. Осындай табан астында тауып айтар қыры, түрлі әзіл-оспақтары да баршылық. Оның сыртында күйді де кәсіби домбырашыдан кем шерпейді.

Ізденімпаздығының үлкен бір көрінісі айтыс өнерінің айтулы өкіліне айналып, өзіне тән қолтаңбасын қалдырғандығы. Әуелден «Әги-га-айлап» шыққан мақамы өзінің ғана болмысын ашып берді. Ол әуенге осы уақытқа дейін ешкімнің жақындай алмай жүргені, ол әуен әркімнің ынғайына көне бермейтіндігінен болса керек. Әуен демекші, Секең серік еткен он бір және сегіз буынды өлең жолдарына лайықталған екі мақам да айырықша. Айрықша болатындығы бұл екі мақамға да екпіндеп, төкпелеп жырлайтын мінезді ақындық әлеует керек. Көптеген айтыскерлер көпшілікке ортақ болып кеткен белгілі мақамдарды қолданып келе жатса, бұл мәселеде де Секең тыңнан жол салды. Оның еншісіндегі он бір буындық «Әги-гагай» айтыс сахнасындағы жаңа мақам болса, сегіз буындық мақамы да жаңалыққа жатады. 1996 жылы Тараз қаласында Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойы аясында республикалық ақындар айтысы мен қатар жыршы-термешілер сайысы да өтті. Бұл өнер майданында небір майталман жыршылар терме, дастандардың түр-түрін төгілтті. Осы республикалық айтыстан Серік тек жүлделі ғана оралған жоқ, сахнада серік болатын сегіз буындық мақам олжалап қайтты. Келесі айтыстарында осы сегіз буынды мақамға салған кезде оның құлашы бұрынғыдан да кеңи түсті. Кең тынысты, еркін көсілетін айтыскер үшін бұл өте оңтайлы мақам болып қалыптасты. Бұл мақамды да әлі күнге дейін айтыста Секеңнен басқа ешкім пайдалана алмағанына қарағанда, ол әуенге де әркімнің тісі бата қоймаса керек. Осындай күрделі мақамды еркін меңгеруі оның жастайынан термешілікті серік еткенінен болар.

АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН АҢЫЗ

Секеңнің домбырада орындайтын әндері мен термелері де бірқыдыру баршылық. Репертуарындағы қай туынды болсын терең талғаммен іріктелген. Оның бұл бағыттағы ізденісі де дәстүрлі ән орындаушылардан кем түспейді. Әндер мен термелердің табиғатына бойламай бояуын келтіру мүмкін емес екенін берік ұстанғаны байқалады. Айтулы әншілерге арнайы сәлем бере барып тәжірибесін толықтыратыны өз алдына, әуе толқында шырқалған туындылар арасынан да теріп алатын әдеті бар. Репертуарындағы «Жан аға», «Құлындарым» әндері сондай талпыныстың мысалы. Бұл екі әнге ерекше тоқталып отырғаным екі ән де, әндердің авторы да тағдырлы. Әлгі туындылардың авторы Райымбек Құрманов радиоға берген сұхбатында шығармаларының шығу тарихын айта келе, 1962 жылы, туған ағасы арғы бетте қалып қойып, өзі бергі бетке өтіп кетіп, содан қалыптасқан сартап сағынышын өлеңге, одан әнге ұластырғанын баяндай отырып туындысын орындап берген. Адамдар басындағы түрлі тағдырлар жас жігіттің көңілін қатты толқытса керек әнді бірден өзіне сіңіріп алған. Ынтазарлығы қатты ауғаннан болса керек, Секең бұл әндерді шырқағанда автордың өзінен асыра орындайтын секілді әсерде боламын. Олай дейтінім, Райымбек ағаны Секең көрмегенімен мен сан мәрте көріп әндерін тыңдағанмын.

2007 жылдан бері Секең журналистика саласында да сүбелі дүниелер жасай білді. Айтыс сахнасында көсіліп жырлап, есіліп шырқап келген ақынымыз газет бетінде де ойлы мақала, ойнақы тақырыптар беріп келеді. Әулеметтік мәселенің әлеуулайынан гөрі рухани құндылықтар мен тарихи тұлғалардың туын көбірек көтерді. Ағымдағы тапсырмалардан бөлек қалың оқырманға ортақ тақырыптарды табу – жазылмаған сын. Оны тек өзің сезініп, сол үшін табандылық танытуың керек. Сонда ғана сенің қалмагерлік қырың, журналистік шеберлігіннің деңгейі мен дәрежесі айқындалмақ. Бұл бағытта да Секең өз өрнегін қалыптастырып, публицистика айдынында арындай түсті. Газетте жарық көріп, оқырман ықыласын арттырған ең тандаулы публистикалық топтамасы 2021 жылы екі томға жүк болды. Жиыны төрт мың тиражбен шыққан «Көкдауыл» және «Дүбірге толы дүние» атты қос томдықтың тез тарап кетуін оқырман сұранысын өтей білгендік деп бағалаған жөн.

«Журналисті аяғы асырайды» деген әзіл-шыны аралас сөз бар. Серік те ел аралап, елеулі тақырыптар іздеуден кенже қалған жоқ. Бұрынғы ШҚО аумағындағы өңірлердің бәрінде болып, көңілге түйгендерін көпшілікпен бөлісті. Ана бір жылы Абай ауданын аралап қайтқан ақын-журналист 2018 жылдың көктемінде «Құнанбайды қашанғы таспен қоршап қоямыз?!» деген репортаж берді. Оқырманның бірі ретінде біз де: «Бұл да ойланатын нәрсе екен» дедік. «Абайдай ұл тәрбиелеген Құнанбайға да лайықты құрмет жасалуы керек!» деген қоғамдық пікірдің қалыптасуына осы жазбаның орасан ықпалы болғаны анық. Қоғамдық пікір билік басына жетіп, 2020 жылы Ақшоқыдағы қорым абаттандырылып, жанына Құнанбай Өскенбайұлының атындағы музей салынды. Осындай тікелей ықпалды тағы бір еңбегін атасақ, ол – Байбура құлпытасы. Қалбатау – Көкпекті тасжолы бойындағы «Байбура бораны» жайлы түрлі-түрлі аңыз-әңгіме бұрыннан айтылып келгенімен ешкім оның кім, қандай адам болғанынан хабары жоқ еді. Айтыскер шағында Байбура туралы баллада жазып елді елең еткізген ол газет жұмысы барысында індете іздеп әлгі аңыз адамның өз заманының беделді биі болғандығын анықтап, ұрпағымен қауыштырды. Ұрпақтары да қарап қалмай, баба рухын асқақтатып 2022 жылы қорым басын жаңғыртып, биіктігі үш метрлік мәрмар тастан белгі қойды.

ҚОС ДИДАРЫ – ҚОС ҚАНАТЫ СЕКІЛДІ

Жалпы, біздің кейіпкеріміздің айтыс сахнасындағы ұстанымы қалай болса, газет бетінде де солай жалғасты. Мақсаты – елдің кәдесіне жарайтын дүние тындыру. Суырыпсалмалық пен жазба өнер табиғаты ұқсас нәрсе болғанымен екеуін тең алып жүру оңай емес. Десе де, арасын ажыратпай алып келе жатыр. Айтыста айтылмай қалған ойлар қаншама мақалаға өзек болғаны анық. Өлең желісіне келе бермейтін түйткілді тақырыптар немесе ел ішіндегі есті әңгімелер прозалық нұсқаға айналды. Оған жоғарыда аталған кітаптары дәлел. Кітаптары демекші, ертеректе шыққан «Байғыз», «Жырлаумен өткен жиырма жыл» секілді жинақтарын да жұрт жылы қабылдаған.

Айтпақшы, өзім әлі көре қойғам жоқ, жақында ғана ақынның бесінші кітабы «Абай әлемі» топтамасымен жарық көріпті. Кітаптың атауы – «Байбура ашуы». Бұл жинаққа Секеңнің сонау 1989 жылдан бастап, осы күнге дейінгі аралықта түрлі тақырыпқа жазған өлең-жырлары, толғаулары мен арнаулары, сондай-ақ табан астында тауып айтылған экспромт-шумақтары мен достық әзілдері енген.

Қос өнерді тең алып жүрген Секеңнің өмірінде өзге де қос нәрселер жоқ емес. Оның бірі әлгінде аталған қос томдық болса, ең бастысы ешісінде екі бірдей Дидар бар. Бірі – өмірлік жары, балаларының анасы. Үйдегі Дидар мен түздегі «Дидар» (газет) екеуі де Секең шығармаларының шынайы қамқоршысы. Құдды бір қос қанаты секілді. Дидар жеңгеміздің өнер жайындағы ойлары мен талдауы кәдімгі әдебиеттанушылардан кем емес. Тайбурылды баптаған Құртқадай Секеңдей жыр тұлпарының жал-құйрығын тарап, шабытын шыңдауда бір кісідей еңбегі бар. Кіндік қандары қасиетті Кереку топырағына тамған балалары Мөлдір мен Айбын бұл күнде бір-бір шаңырақтың тірегіне айналып ата-аналарына немере сүйдіріп отыр.

Түйіндей айтқанда, жоғарыда айтылған барлық жетістіктерінің басында сөз өнері тұр. Көкейдегі ойды, көңілдегі әсерді жүректен жүрекке жеткізу үшін ең алдымен сөз өнерін дұрыс меңгермек керек. Бұл тұрғыдан алғанда біздің Серік Құсанбаев жүйелі сөздің жүйрігі ғой, шіркін!

Ақиқатынан айнымаған арқалы ақын 60-тың асуына шықса да ауыздығын шайнаған арғымақтай әлі де арынды. Алпыс жас негізі шығармашылықтың кемелденетін кезі дейді. Сондықтан ақжарқын көңілден адал досқа арының басылмасын, ырысың шашылмасын дей отырып, ұмырының да, тұғырының да баянды болуын тілеймін!

Қайрат ЗЕКЕНҰЛЫ,
Семей қаласы

ЖОЛАМАЙ-АҚ тақырға, ӨНІМ ЕККЕН шатырға

Бүгінде қалалық немесе қаладағы ауыл шаруашылығы деген ұғым қалыптасты. Кейде «Сити-ферма» деп те атап жүрміз. Қарқынды дамып келе жатқан өндіріс бүгінде әлем экономикасына күн сайын миллиардтаған доллар қаржы құйып отыр. Ал осы бір ерекше ауыл шаруашылығы біздің елде қалыптасты ма? Бұл саламен айналысып жатқандар бар ма? Артықшылығы мен кемшілігі турасында біраз ізденіп көрдік.

Қаладан ауылға бармай-ақ ауыл шаруашылығымен айналысу мәселесімен ертеректе ірі бекіністер мен ұзақ уақыт бойы соғыс жағдайында қалған қалаларда қалыптаса бастады. Нақты қай уақыт екенін тап басып айта алмаймыз. Дегенмен ең алғаш рет қаладағы ауыл шаруашылығы жүйелі түрде жүргізіле бастаған АҚШ-тың Мичиган штатындағы Детройт қаласы деп айтылады.

Қазір әлемнің кез келген елінде қалалардың жылдам өсуі мемлекеттердің экономикасына біршама кедергі келтіріп жатқаны шындық. Экономикалық жағынан түрлі шара қабылдап баққан билік қаланы азық-түлікпен қамтамасыз етумен қоса, жұмыссыздық мәселесіне келгенде шарасыздық танытып жатқаны шын. Дегенмен ебін тауып тығырықтан шығып отырған елдер де баршылық. Жоғарыда аталған мәселелермен қоса өзге де әлеуметтік жағдайлардың алдын алуға байланысты қалалардың өзінде ауыл шаруашылығымен айналысу мәселесі алға үлкен талаптар қоюда. Тіпті, дамыған елдерде қаладағы ауыл шаруашылығына байланысты арнайы ғылым бар. Онымен қоса, орталықтандырылған мекемелік құрылымдар да жұмыс істеп тұр. Иә, мұндай мекемелер бізде де бар. Атап айтқанда, әрбір облыс орталықтары мен қалаларда әкімдіктің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі КММ сынды түрлі атау берілген. Бірақ аталмыш мекемелер әзірге қалалардағы көше бойында өсіп тұрған тал-теректер мен арнайы ұсталынатын жан-жануарлар, қала берді жабайыланып кеткен ит-құсқа бақылау жүргізуден ары аспайды.

Қалалық жерлердегі ауыл шаруашылығымен айналысқан адамға жаңаша талғамды жұмыс орындарын құруда да ерекше мүмкіндік бермек. Сонымен қатар қала экологиясына да өзінің оң әсері болатыны рас.

1893 жылдары экономикалық және саяси депрессиядан зардап шеккен Детройт тұрғындары қаладағы кез келген бос жерлерге картоп отырғызды. Осылайша, қала халқы аштықтан өздерін аман алып шыққан екен. Одан кейін Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өзге де елдерде бұл құбылыс жаппай жүйелене бастады. Ең алдымен майданның қажеттіліктері үшін жұмыс істейтін негізгі азық-түлік өндірісі өзге жақтан тасымалданатын шығынды азайтты. Осылайша, қаладағы ауыл шаруашылықтары аса қажетті әрі маңызды мәнге ие бола бастады.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛАЙ БОЛДЫ?

2018 жылы қазанда «Қаладағы ауыл шаруашылығы – болашақтың кепілі» деген атпен Алматыда көрме ұйымдастырылды. Көрмеге жиналғандардың кейбірі мұндай ұғымның бар екенін алғаш рет естіп отырғандарын жасырмаған-тын.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған шарада тың идеялардың болғаны да шындық. Дегенмен көпшіліктің көкейінде ерекше мүмкіндіктер туралы ой қалыптасты.

Шараның басты ұйымдастырушысы Арсен Рысдәулетов «Қазақстандағы ауыл шаруашылығындағы басты мәселелердің бірі – өңірлерде агротехникалық және агротехнологиялық білімді тарату орталықтарының тым аздығы», – деген пікір білдірді. «Қаладағы ауыл шаруашылығының артықшылықтарының бірі ол жоғары өнімділік, экологиялық тазалық және ең бастысы, тұтынушыға жақын әрі қолжетімді болуы. Бұл жерде әлдекімнің жақсы жұмыс істеуімен қоса тұтынушыға қажет дүниені дер кезінде ұсынып, сұранысты орындау. Яғни, тұтынушыға қолайлы жағдай жасау. Осы арқылы бизнес те дамып отырады», – дейді жеке кәсіпкер Арсен Рысдәулетов.

Қазақстанның егістік жер аумағының кеңдігі қалалық ауыл шаруашылығына деген қажеттілікті туғызбайтындығын айтып отыр, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Алтын Шаяхметова.

«Әрине, қаладағы ауыл шаруашылығын дамытсақ, бізде ең алдымен белгілі бір деңгейде азық-түлік мәселесін шешіп қана қоймай, біршама жұмыс орындары ашылар еді. Бірақ халық жаппай бұл бағытқа ден қояды деп ойламаймын. Бұл шаруамен ең алдымен белгілі бір кәсіпкерлер айналысуы керек. Атап айтатын болсақ, еліміздегі ірі сауда орындары мен бизнес өкілдері бас қойсын. Мысал ретінде айтарым, қаладағы ірі сауда орталығының төбесі үлкен егіс алқабының рөлін атқаруға жарап тұр. Шетелдерде мұндай тәжірибе бар. Сол кеңістікте микроорганикалық өсімдіктермен қоса, балық шаруашылығын дамытуға болар еді. Алқапқа түрлі салат жапырақтарымен қоса (микрозелень) микрожасыл желек қалыптастырса дейміз. Бұл өз кезегінде өнімді өзге елдерден немесе алыс жақтан тасымалдаудың алдын алары сөзсіз. Сонымен қоса, дәстүрлі жылыжайларды қалыптастыру оңтайлы болып отыр. Бұл, әсіресе солтүстік аймақтарда көп шығынды қажет ететіні тағы бар. Бірақ бұл үшін біраз шығын мен уақыт қажет. Әзірге далалық алқаптарымызды дұрыстап игеріп алғанымыз абзал», – дейді ғалым Алтын Шаяхметова.

ҚАЛАЛЫҚ ФЕРМАДА БӘРІ БАСҚАША

2014 жылдың жазында Астанадағы Есілдің оң жағалауындағы аудандардың бірінде 11 қабатты тұрғын үйдің шатырына тұрғындардың бірі бау-бақша салыпты. Алғашқыда мұны жасағанын білмеген тұрғындар кейін келе көршілерінің ісіне ризашылығын білдіріп, бәрі бірге бақшаның күтіміне атсалысқан. Күзге салып өнім де мол болған. Бірақ коммуналдық шаруашылық өкілдері келесі жолы мұндай шаруамен айналысуға тыйым салған болатын. Бұл да қалалық ферманың бір көрінісі деуге болады.

Кәдімгі дәстүрлі ауыл шаруашылығының экономикалық тұсын былай қойғанда, экологияға да айтарлықтай залал әкеледі екен. Ғалымдардың айтуынша, дәстүрлі ауыл шаруашылығы секторы тұщы суды сарқып қана қоймай, үлкен алқаптар мен жерлерді өзге қажеттіліктерге икемдемей тек бір бағытта ғана алып жатыр. Онымен қоймай, өнімді өсірумен қоса тасымалдау процесінде миллиардтаған тонна парниктік газдарды шығарады. Экономикалық тұрғыдан қарасақ, қыруар қаражат та шығындалмақ. Қалалық ферма бәрі басқаша: оны ең аз табиғи ресурстарды пайдалана отырып, үй ішінде, шағын жер учаскесінде немесе үй шатырларында тіпті жертөлелерде де орнатуға болады.

«Мен қазір қаладағы бірнеше мейрамханаға микрожелек жеткізіп отырамын. Тіпті, кейде жеке тұрғын үйлерден де тапсырыс түсіп тұрады. Қазір көп адам осы бір өнімді тұтынудың пайдасы зор екенін біледі. Әсіресе, жас сәбилер мен қарттардың денсаулығына жақсы әсер етеді», – дейді микрожелек өсіруші Абзал.

– Абзал өнімді өсіруді қашаннан бастап қолға алдың?

– Пандемия кезінде жұмыстан қысқарып қалдым. Ол уақытта Астанадағы бір курьерлік компанияда қызмет істеп жүрген едім. Карантин басталғанда Алматыға келіп біраз уақыт ұсақ-түйек шаруамен айналыстым. Содан кейін мәскеулік бір жігіттің микрозелень өсіруге байланысты онлайн курсына қатысып, 5 күнде алғашқы жұмысымды бастадым.

– Саудаласуды қалай жолға қойдың? Бізде бұл өнімге қызығушылар бар ма өзі?

– Басында өнімдерімді Instagram желісіне салып едім, дереу қаралым көбейіп кетті. Содан кейін қаладағы бір қонақүйдің ас мәзіріне тапсырыс алдым. Содан бері біржола осы шаруаны қолға алып отырмын. Алғашқыда пәтерімнің жатын бөлмесінде шағын етіп бұрышта өсіріп жаттқам. Қазір қала шетіндегі ағамның үйіндегі бос тұрған ескі қораны реттеп сол жерге көштім. Жаман емес. Өнім де, сатылым да жақсы. Өзіме жетеді. Болашақта өнімнің түрін де көлемін де ұлғайту жоспарда бар. Ол үшін тапсырыс мол болуы керек. Басқасы қолдан келеді.

– Микрожелек өсіру үшін не керек? Неден бастаған жөн?

– Мен алғашында күн сәулесін алмастырушы жарықтандарғыш сатып алдым. Сосын барып күнбағыс, бұршақ, жүгері мен қарақұмық дәндерін кәдімгі күнделікті қолданып жүрген бір рет тамақ салынатын ыдысқа өсірдім. 5 күн дегенде қылтиып шығып, 8 күнде алғашқы өнімді жинадым. Мұндағы ең бастысы ерекшелік, орынды көп қажет етпейді. Себебі бәрін шағын жерде бірінің үстіне бірін саты тәрізді үлгіде өсіре бересің.

Өзінің толық аты-жөнін жариялауды құп көрмеген Абзал есімді кейіпкеріміздің микрожасыл желек өсірумен айналысып біршама пайда таба бастағаны шынымен де қуантарлық әрі қызығарлық жағдай екен. Әрине, біздің елде бұл өнімге сұраныс аз болғанымен, Еуропа мен Азияның кейбір елдерінде таптырмас витаминдермен байытылған ингредиент ретінде пайдаланылады. Шындығында да солай. Сонысына қарай ол жақтарда мұны кез келген мейрамханалар өздерінің егін алқаптарында, шағын фермаларында өсіруді жолға қойып алған. Ол ол ма, кейбіреулері тіпті балық пен бүлдіргенді, салат жапырақтарын да өзінің өнімі ретінде саудалап отыр. Бұл туралы ғалым Алтын Шаяхметова да айтқан еді.

Көпсатылы фермада әртүрлі микрожасыл желек, көкөніс, жеміс пен гүл өсіруге болады. Американдық зерттеушілер мұндағы максималды пайда қызанақ, салат жапырағы, чили бұрышы, болгар бұрышы, құлпынай, қияр, жапырақты шөптер мен көк шөптерден келетінін анықтады.

ШАТЫРДАҒЫ ФЕРМА

«Егер сіз ірі қалалық ферма ашуды жоспарласаңыз, алдымен айтарлықтай шығындарға дайын болуыңыз керек. Оларға қолайлы үй-жайларды жалға алу, қымбат жоғары технологиялық жабдық сатып аласыз, оған техникалық қызмет көрсетуді тағы қосыңыз. Ең үлкен шығындардың біріне электр энергиясын төлеу кіреді. Сонымен қоса, ферманы ашпас бұрын таңдалған қалада сіздің мақсат етіп отырған өнімдерге сұраныс пен сатып алу әлеуеті бар-жоғын тексеру керек», – дейді Ресейдегі Local Roots немесе Agrotechfarm компаниялары желісіндегі алғашқы құлпынай фермасын құрушы Илья Цигвинцев.

Корнелл университетінің қалалық бау-бақша институтының ғалымдары Нью-Йорк қаласындағы шатырлар мен төбелердің ауданын есептеген. Сонымен олар барлығы 15 482 гектар шатыр ауданын есептеп шығарған. Бұл шатыржайлар қаланың қажеттілігіне деп бөлінген қоғамдық бақтардан 445 есе үлкен болып шықкан. Осылайша, бұл кеңістіктерді қалалық егіншілікке айналдыру қалалық ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен мүмкіндіктер ашады.

Қазір Brooklyn Grange компаниясы 2010 жылдан бері Нью-Йорк ғимараттарының төбесін жасыл желекке айналдырып келеді. Оның 2,2 гектар фермасында мегаполис үшін жылына 44,4 тоннадан астам көкөніс пен өзге де азық-түлік түрлерін өсіреді. Қалалық шаруалар өнімдерін базарларда және бөлшек сауда базарлары мен шағын дүкендерде саудалануда. Бұл әлемдегі шатыр шаруашылығының жалғыз мысалы болып тұрған жоқ. Парижде ауданы 14 мың м2 болатын ең үлкен шатыр фермасының өнімдері ерекше сұранысқа ие. Ал Брюссельде бір супермаркеттің төбесінде өсімдіктердің 60-тан астам түрі өсірілсе, Гонконгтағы ферма 300 метр биіктікте орналасқан екен. Ең қызығы, Бостон ауруханасының төбесінде науқастарға арнайы дайындалатын өсімдіктер бар екен. Ал Германия шатырларда балық өсіруді қолға алып жатса, Мәскеу бақташылары шатырда ара шаруашылығын қолға алған.

Бұлайша төбеге бау-бақша өсіру ісін біздің елге де жаппай енгізіп жұмыс істеуге болар еді. Бірақ ол үшін төбелерге арнайы әйнек бүркемелі шатырлар салып, оны жылумен қамтамасыз ету қажет. Сонымен қоса, күн сәулесі қыста аз болатындықтан, фотосинтез үшін арнайы жарықпен де қамтуға тура келмек. Бұл ретте белгілі бір мөлшерде болмаса, өнім өзін ақтап алып кетуі екіталай. Дегенмен балабақшалар мен мектептерде немесе оқушылар сарайлары мен арнайы зертханалар үшін фитотрон үлгісін ұйымдастыруға болар еді.

САҢЫРАУҚҰЛАҚ ФЕРМАСЫ – ҚАЛАЛЫҚ ӨНІМ

2022 жылы саңырауқұлақ әлемдегі ең танымал және сұранысы жоғары 5 түрлі тағамның қатарына енген. Азық-түлік экономикасы саласының мамандарының есебінше, 2027 жылға қарай қолдан өсіретін саңырауқұлақ нарығы әлем экономикасына 86 миллиард доллардан астам қаржы құяды екен. Саңырауқұлақ өсіру қала шаруашылығына өте қолайлы, өйткені олар үй ішінде немесе жертөлелерде өсіріледі. Мұндай қолайлы орындарды кез келген қалада оңай табуға болады. Бір ерекшелік, саңырауқұлақтар көп жарық пен жылуды қажет етпейді, сондықтан энергия шығыны да өте аз болады.

Саңырауқұлақ – адам ағзасына қажетті ақуыз бен көмірсуға бай келетін өсімдік түрі. Әлемде саңырауқұлақтардың қанша түрі бар екенін ешкім тап басып айта алмасы анық. Дегенмен оның 80 түрін қолдан өсіріп, қорек етуге жарайды. Мысалы, жеуге жарамды саңырауқұлақ түрлерінің қатарында қозықұйрық, шиитаке, вешенка, ойысқұлақ, түлкіжем, бүріскі т.б. түрлерін айтуға болады.

«Біз биыл Ғылым және жоғары білім министрлігінің Саңырауқұлақ – бойынша арнайы грантын ұтып алдық», – дейді С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің ғалымы, биология ғылымдарының кандидаты Вадим Хасанов.

«Біздің гранттық қаржыландыруымыздың мақсаты – саңырауқұлақтарды өсіріп қана қоймай, оны тағамнан бөлек өзге де мақсаттарға пайдаланудың қырсырын анықтау. Оның қатарында саңырауқұлақ шаруашылықтарында болатын аурулармен күресу мен бактерияларға қарсы белсенділігін анықтау кіріп отыр. Қолдан өсірілетін саңырауқұлақтар экологиялық таза өнім түріне жатады. Қатты ыстық емес шамамен 16-18 градус жайлы температурада өсіруге болады. 85-90 % ылғалдылық жағдайда және 5% көмірқышқыл газ бен ауаның алмасып тұруы қажет. 12 сағат бойына тұрақты күн сәулесін қажет етеді. Біз ғылыми жұмыстарымыздың аясында саңырауқұлақтарды өсіретін ортаны шикізатты қалыптастырудамыз. Қазір бұл ортаны жасақтау үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінің қалдықтары, сабан, қамыс, күнбағыс, бидай қалдықтары, т.б. өсімдік түрлерін пайдаланудамыз», – дейді ғалым Вадим Хасанов.

Ғалымның айтуына қарағанда, саңырауқұлақты жертөледе өсіре беруге болады. Десе де, қаладағы шаруашылықты қалыптастырғысы келетіндер ғылыммен тығыз байланыс жасау керек екенін ескеруге тиіс. Бұл жөнінде алматылық саңырауқұлақ өсіруші фермер Әкімхан Біләлдің тәжірибесі жөнінде сұрап білдік.

«Қалыпты температура жағдайын сақтамаса, саңырауқұлақтар бірден өліп қалады. Үнемі желдетіп отырған дұрыс. Ең бастысы, зиянкестерден қорғау үшін барынша күш салған абзал. Қажетті көлемге шақталған құрылыс алаңы болуы шарт. Біз өз қолымызбен үй соқтық. Мұнымен түбегейлі айналысатын адам арнайы агроном ұстағаны абзал. Өзім агроном болғандықтан, қорықпай кірісіп жатырмын. Маман болмасам, еңбегіміз еш кетуі де мүмкін еді. Қазір өзіміздің шағын фермамыздан жылына 10 тонна өнім алып отырмыз», – дейді фермер.

Ауыл шаруашылығының кез келген саласына келгенде, біліктіліктің болғаны жөн. Өйтпесе шаш етектен шығынға батып, барлық еңбек далаға кетуі ықтимал. Әсіресе, қаладағы ауыл шаруашылығына келгенде аса сақ болу қажет. Егер өсіріп жатқан өнімге қандай да бір вирус түскен жағдайда арнайы маман ғана сізді бұл тығырықтан алып шығары сөзсіз. Олай болмаған жағдайда кез келген ауыл шаруашылығы өнімі карантин өнімі деп танылып шаруашылықтың да, өнімнің де көзі жойылады. Дегенмен ауылдардан қалаға аударыла көшіп жатқан халықтың үлес салмағының келешекте қалаларда тым артуына байланысты қаладағы ауыл шаруашылығын жүйелі түрде қалыптастыруға тура келмек.

Бердібек ХАБАЙ

Отандық медицинамыздың әлемнің озық елдерімен терезесі теңесіп келе жатқаны қуантады. Мәселен, Астанадағы Ұлттық ғылыми онкология орталығының хирургтары жасайтын күрделі оталарды ғана емес, ойлап тапқан ғылыми жаңалықтарының өзін әлем мойындап үлгерді. Жақында осы орталықтың реконструктивті хирургия секторының басшысы, аға ординатор Бауыржан Әнәпияның ғылыми зерттеу жұмысы шетелдік ғалымдардың қызығушылығын тудырған. Ерекше таңғыш пен микрохирургиядағы жетістіктері туралы дәрігердің өзінен сұрап-білу үшін аз-кем әңгімеге тартқан едік.

МЕДИЦИНАДАҒЫ «СИҚЫРШЫ» МАМАН

– Бауыржан Бегалыұлы, әңгімемізді орталықтағы сектор жұмысының міндетіне не кіретінінен бастасақ...

– Біздің сектордың құрылғанына биыл үш жыл толады. Оның құрылуына негіз болған Ұлттық ғылыми жедел медициналық жәрдем ғылыми орталығының комбустиология бөлімшесі десек дұрыс шығар. Марқұм дәрігер-комбустиолог Қабылбек Әбуғалиевтің бастамасымен іске асқан сектордың жұмысын шәкірті ретінде қазір мен жалғастырып келемін. Біздің міндетімізге реконструктивті операцияларды жасау кіреді. Оған пластикалық операциялардың барлық түрлері жатады. Мәселен, жарақаттан кейін пайда болған немесе онкологиялық аурулар, туабітті ақауларға ота жасаймыз. Айталық, бауыр немесе бүйрек, ми, кеуде қуысына ота жасайтын хирургтар өз саласына қатысты бөлінеді. Ал біз нақты бір аумақпен шектелмейміз. Адам денесіндегі іш құрылыстан басқа барлық мүшеге ота жасауға тура келеді. Одан бөлек, әртүрлі отадан кейін ішкі және сыртқы мүшелерді қайта қалпына келтіру жұмысын жүргіземіз. Кейде күрделі отадан кейін мүшенің бір бөлігін алып тастауға тура келетін сәттер болады. Сондай кезде мүмкіндігінше ол жердегі мүшені қайтадан жалғап береміз. Қол мен аяққа, тері мен бұлшықеттерге, тамырларға да операция жасаймыз.

Былтырдан бастап осы оталарға қосымша микрохирургия жұмысын жандандыра бастадық. Бұл дегеніміз – мүшені немесе тіндерді, тіндердің жиынтығын алып басқа жерге жалғау. Медицинада ол «микрохирургиялық әдіспен ота жасау» деп аталады. Соның ішінде ең көп таралған микрохирургиялық әдіске онкологиядан кейінгі алынған мүшелерді қалпына келтіру кіреді. Мысалы, адамның бет жақ сүйектерінің бір бөлігін алып тастайтын болса, осы бет жақ сүйектерін адамның өз денесіндегі басқа сүйектерден алып жаңадан мүше өсіріп шығарамыз. Одан басқа биылдан бастап супермикрохирургиялық операцияларды бастадық. Кейбір адамдарда аяқ-қолдарының көлемі үлкейіп кетеді. Осындай науқастарды супермикрохирургиялық операция әдісімен емдеуге болады. Қысқаша айтқанда аяқ-қолдың көлемін қалыпқа келтіруге арналған операция. Сондай-ақ күйіктерден кейін пайда болған тыртықтарды қалпына келтіру де біздің жұмысымыз. Қажет болған жағдайда эстетикалық пластикалық операцияларды да атқаруға тура келеді. Оның көп таралған түрлеріне туабітті ақаулар жатады. Мысалы, кейбір адамдардың туғаннан құлағы жоқ делік, болмаса есту қабілеті жақсы, бірақ құлағы майысып тесігін бітеп тұрады. Осындай науқастардың барлығына ота жасап, қолдан келген көмегімізді береміз.

– Жақында халықаралық медициналық форумда ғылыми жаңалығыңыз үшін дипломмен марапатталдыңыз. Бұл қандай ғылыми жаңалық?

– Ғылыми жаңалықты ұстазымның ұстазы бастап беріп кеткен. Лабораторияда өсірілген арнайы бағаналы жасушалар созылмалы немесе трофикалық жараларды емдеуде таптырмас дүние екенін зерттедік. Бұл – ірі қара малдың іш астарынан жасалған арнайы биологиялық уақытша жабынды немесе жараларды жабатын таңғыш. Жабындыны науқастың жарасына таңып белгілі бір уақыттан кейін алып тастауға болады. Осы арқылы адамның терісін бір-бірімен табиғи жолмен жалғануына мүмкіндік бере аламыз. Коллаген мен эластиннің табиғи талшықтары адам терісіне ұқсас биомеханикалық қасиетке ие. Іріңді жарақат, созылмалы жара немесе күйікпен келген адамның терісін бірден жалғауға болмайды. Терінің ағзамен қабылданбау мәселесі пайда болуы мүмкін. Сондықтан алдымен осындай уақытша таңғышты жараның үстіне жабын ретінде қою керек. Одан кейін ғана адамның өз терісінен алып жараның орнына жалғауға болады. Соның ішінде ойық және созылмалы, көп жылдан бері келе жатқан іріңді жараларға да осы әдісті қолдану қажет. Өйткені алдымен жараның іріңі залалсызданып, аузы жиналу керек. Мұндай таңғыш 20 күнге дейін тұрады немесе адамның денесіне сіңіп кетуі де мүмкін. Содан кейін ғана науқастың жарасына тері трансплантталады. Негізі бұл идеяның авторы – ұстазым, марқұм дәрігер-комбустиолог Қабылбек Әбуғалиев.

– Әлемде мұндай ғылыми жаңалықтың қолданысқа енгізілген балама нұсқалары бар ма?

– Дәл осындай болмаса да, басқа аналогтары бар. Әлемдік әдісті біздің елде қолдануға мүмкіншілік жоқ. Сондықтан отандық ғалымдар осындай таңғышты ойлап таптық. Басында пилоттық жоба 60-70 жылдары Қарағанды медициналық университетінде басталған. Жаңа айтқандай, ұстазымның ұстазы бастаған ғылыми жұмыс еді. Сол кісі ең бірінші сиырдың іш астарын күйік жараларға қоюды бастайды. 2000 жылдары ұстазым Қабылбек Әбуғалиев зерттеу жұмысын ары қарай жалғастырады. Бірнеше елдің тәжірибесін зерттеп сиырдың ішкі астарынан алынған жасушаға ғалымдар тобымен бірге жұмыс жүргізген. Кейін ұстазымның пилоттық жобасына клиникалық зерттеулер жүргіздім. 2021 жылдан бастап жабынның медицинадағы пайдасына көз жеткізу мақсатында адамдарға сынап көрдік. Шетелдік журналдарға зерттеу жұмыстарым бойынша ғылыми мақала әзірледік. Келесі айда осы жұмыс бойынша докторлық диссертациямды қорғаймын. Қағаз жұмыстары аяқталса, 1-2 жылдың ішінде жабындар нарыққа шығады. Қазақстан мен ЕАЭО елдерінде мемлекеттік тіркеуден өтіп, клиникалық тәжірибеге енгізілген соң кең қолданысқа шығуы мүмкін.

– Зерттеу тәжірибесі қалай жүргізілді?

– Ғылыми жұмыс үш түрлі кезеңнен өткізіледі. 2013 жылы зерттеу жұмысын жануарларға сынап көрдік. Кейін сау адамдардың үстіне салып көрдік. Өйткені қарсы көрсетілімдері толық тексеруден өтуі тиіс. Үшінші кезеңде ауырған адамдарға істеледі. Зерттеу жұмыстары бекітілген халықаралық стандарттарға сай өтті. Адамдардан арнайы ақпараттық келісім алынып, сақтандырылуы қамтамасыз етілді. Егер науқас келісімін берсе ғана жабынды қоя аламыз. 2021 жылы ғылыми жұмысымыз толық зерттеліп біткеннен кейін құзырлы орындарға жіберілді.

– Шетелдегі балама түрлерін қолданысқа енгізуде қандай қиындықтар бар?

– Шетелде шошқа мен адамның терісінен жасалған таңғыштарды қолдану кеңінен таралған. Ал біздің қоғамда діни наным-сенімге байланысты осы екі әдісті де қолдануға мүмкіндік жоқ. Адамның терісінен жасалатын жабындының сапасы жақсы. Бірақ бізде тағы да сол мәйіттік трансплантация дамымаған. Қазір теріге мұқтаж жандар да бар. Бізде өзіңіз білесіз, қоғамдағы қатып қалған түсінік бойынша адам мүшесі мен терісіне қол тигізуге болмайды. Әйтпегенде адам терісінен трансплантацияны жасау қолымыздан келеді. Шын мәнінде көбісі адамның терісін алуды теріні қызыл етінен ажыратып алу деп ойлайды. Алайда терінің сыртқы жұқа қабатын ғана аламыз. Арнайы аппаратпен теп-тегіс біркелкі етіп 1 мм жетпейтін жұқа терісі сылынып алынады. Мысалы, пиязды аршығанда жұп-жұқа кленка секілді қабаты болады ғой. Сол секілді терісін ғана пайдаға жаратамыз. Бізде бұған рұқсат бар. Алайда адамдардың түсінігі басқа. Қазіргі медицинаның мүмкіндігі мол. Биотехнологияның арқасында теріні алып, оның орнына жап-жаңа теріні өсіріп шығуға болады. Бірақ бұл өте қымбат әрі ұзақ уақытты алады. Бүгінде биотехнологияның көмегімен бір тілім теріні алып, оның орнына 2-3 айда жаңа теріні өсіріп береді.

Сонымен бірге біздің секторда аса күрделі біріктірілген оталардың бірнеше түрі жасалады. Жарты жыл бұрын бір науқастың сыртқы жыныс мүшелері жарақат барысында жұлынып түскен. Сол кісіге ота жасалды. Жаңадан жыныс мүшелерін жалғадық. Науқастың басқа мүшесінен тері мен сүйегі алынып жаңасын өсірдік.

Жыныс мүшесін ауыстыру операцияларын жасай аламыз. Біздің хирургтардың біліктілігі жоғары, техникалық мүмкіндігіміз де бар. Бұрын мұндай адамдар есі дұрыс емес адам ретінде қарастырылатын. Бұл үрдісті насихаттап тұрған жоқпыз. Тек қазіргі медицинаның мүмкіндігін тәжірибеде толық пайдалана алатынымызды айтқым келеді. Айталық, хирург адамға ота жасайды. Ал пластикалық хирургтар адамдарды емдейді дегеннен гөрі адамдардың өзін-өзі адам ретінде қабылдауына мүмкіндік береді деген дұрыс секілді. Күйікпен келген науқастың денсаулығы жақсы. Тамақ ішеді, жүре алады, көзі көреді, мұрны иіс сезеді, құлағы естиді. Бірақ бетіндегі тыртықтары біздің қоғамға кіруіне, араласып кетуіне кедергі болатын секілді сезінеді. Біз сол адамның ортасына сіңісіп кетуіне, өзін-өзі толықканды адам ретінде қабылдауына көмектесеміз. Тек сыртқы келбетіндегі кінәраты үшін өмір бойы өзін-өзі қорсынуына болмайды. Бізде бір науқастың жыныс мүшесі болмады. Кіші дәретке басқалар секілді отыра алмағандықтан қоғамдық моншаға баруға ұялады екен. Әрине, ол өзін осындай жағдайда төмен санайды. Күйзеліске түседі. Біз оларға көмектесуіміз керек. Мысалы, қазір әйелдер эстетикалық оталарға көп жүгінеді. Біз олардың да бет-әлпетіне өздері қалағандай ота жасай аламыз. Қазір екі әйелдің бірі көзін үлкейтіп, ернін көлемді етуге, болмаса төсін үлкейтуге, бет әлпетін жасартуға жиі жүгінеді. Оның барлығы адамның ішкі психологиялық кедергілерінен пайда болады.

Тағы бірде мұрнын ит тістеп алған науқасымыз болды. Жарты мұрны жоқ болғанымен сау адам. Тек мұрнының бөлігі жоқ. Сыртқы келбеті үшін ортаға шыққанды қаламайды, адамдармен араласқанды ұнатпайды. Қалыпты әлеуметтік ортада адамдармен қарым-қатынас орнатудан қашқақтайды. Бар себебі – сыртқы келбетіндегі келеңсіздік. Себебі, біздің ортада адамдардың бет-әлпетіндегі кемістікке таңырқау, саусағын шошайтып көрсету қалыпты дүние секілді. Сол адамға мұрын жасап бердік. Қазір ондай науқастар өте көп. Көмей обырынан кейін науқас өзі тамақ іше алмайды, дауыстары шықпайды. Сондай науқастарға әлемдік тәжірибе бойынша ішектің бір бөлігін алып операция жасауға болады. Бірақ бізде ондай науқас болған жоқ. Біздің тағы бір енгізгіміз келіп жүрген отаның бірі – осы. Егер осындай науқастар болса, МӘМС арқылы ота жасап беруге әзірміз.

Әлемдік практикада қолданылатын бетті трансплантаттау отасын жасауға болады. Бірақ бізде кім өзінің бетін туысқанына береді? Бағана айтып өткендей, піл ауруларына да отаның барлық түрін жасаймыз.

– Эстетикалық ота жасатамын деп опық жеп жататындар бар. Олардың жарақатын емдей аласыздар ма?

– Басқа біреудің жұмысына баға беруден аулақпын. Бірақ біздің алдымызға келетін науқастардың арасында опық жеп келіп жататындар бар. Негізі эстетикалық хирургияға ағзасы сау адамдар келеді. Ағзасы сау болғанымен, психологиялық тұрғыда мәселе бар. Жекеменшік орталықтағы хирургтар өз ісіне жүрдім-бардым қарады деп айта алмаймын. Біздің олардан бір ерекшелігіміз, олар тек сау адамның келбетін өзгертіп берсе, біз жаралар мен тыртықтарды, соның ішінде эстетикалық отадан кейін қалған түрлі жарақаттар мен тыртықтарды қалпына келтірумен айналысамыз. Түсінікті тілмен айтқанда, пластикалық хирургияның екі бағыты бар. Бірі – эстетикалық, яғни оған блефаропластика, лабиопластика, жасару, омыраудың көлемін үлкейту, пішінін өзгерту секілді ота кіреді. Өздерін әдемі көргісі келетін сау адамдарға жасалатын операциялар. Біздің реконструкциялық ота – науқас адамдарға жасалатын ота. Мысалы, блефаропластика жасатты делік. Тыртық қалып қойды. Оны қалпына келтіру керек. Сау көзді емес, көзінде кемістігі бар науқас келеді. Көзі жұмылмай қалған, не болмаса ерні қисайған науқастар. Бір науқасымызда көз асты ісігі болды. Біз оның көзіндегі астыңғы терісін түгел алып тастап, жаңа тері салдық. Осы жағынан алғанда өзіміздің жұмысымызды жоғары деп бағалауға болатын шығар.

Онкологиялық аурулармен келетін науқастар өте көп. Ісік адамның бүкіл ағзасы мен мүшесінде болады. Тек қана шашта болмайды. Біз осы адамда кездесетін ішкі құрылысынан бөлек барлық онкологиялық ауруларға ота жасаймыз. Мысалы, құлақтың сыртқы жағында ісік болса, біз ол құлақты түгел кесіп алып қайта құлақ өсіріп шығарамыз. Мысалы, 10 жыл бұрын құлағын кесіп тастаған науқас келсе, біз ол адамға жарты жылда жаңа құлақ жасаймыз. Себебі, жаңа құлақтың өсуіне жарты жыл уақыт керек. Тілі жоқ адамға жаңадан тіл өсіріп шығарамыз. Жағы жоқ адамға жақ саламыз. Әйел адам онкологиялық аурудан кейін омырауын кестіріп тастаған болса, тіпті ол 10-15 жыл, 30 жыл бұрынғы жағдайдан кейін де біз оған жаңа омырау жасап шығаруға болады. Адамның қолындағы барлық саусағы кесіліп қалған болса, аяғының бақайларынан алып қолына екі саусағын жалғап бере аламыз. Бұл адамның екі саусақпен қолына тамақ алып ішуіне мүмкіндік береді. Бағана айтқанымдай, жыныс мүшелерін ауыстырудан бөлек, кейбір ер адамдарда әртүрлі жарақаттан кейін жыныс мүшесін кесіп тастайтын жағдайлар болады. Біз осындай адамдарға жаңа мүше өсіріп береміз. Бізде дәл сондай науқас болды. Ауыр жарақаттан кейін мүшесін алып тастаған. Біз оған жаңасын салып бердік. Тағы бір науқастың жыныс мүшесі инфекциядан кейін өз-өзінен шіріп түсіп қалған. Біз сол науқасқа да жаңа мүше өсіріп жатырмыз. Біздің қиялымыз мен тәжірибеміз қай тұсқа келеді, сол жерге дейін микрохирургиялық оталарды жасауға қабілетіміз бар.

Бірде бізге бір науқас әйел келді. Қасын түгел өртеп алған екен. Беті-әлпетінің барлығы тегіс, тек қана қасы жоқ. Ол бізге қас өсіріп беруімізді өтінді. Оның өтінішін орындай алмадық. Өйткені, құлақ өсіріп шығарамыз, бірақ қасты өсіру қолдан келмейді. Бұл біздің жұмысымыз емес. Алайда 6 жыл бұрын электротравма алған бір науқасымыздың басындағы бір уыс терісі жоқ болды. Біз оған жаңа тері жасап беру арқылы шашын өсіріп бердік. Тілде де ісік болады. Мұндай жағдайда онкологиядағы ең күрделі жерде орналасқан ауыр біріктірілген отаны жасауға тура келеді. Жаңа тілді науқастың білегінен алып, мойын тамырларына жалғап жасаймыз. Өз тіліндей болмаса да, адамның ойындағысын айтып жеткізуге мүмкіндігі бар. Туабітті немесе күйіктен, жарақаттан кейін бір-бірімен жабысып қалған саусақтарды ажыратамыз. Таңдайы жоқ адамдарға да таңдай жасау – кәсіби жұмысымыз.

– Сіздерді бір сөзбен «медицинадағы сиқыршы маман» деп атай берсек те болады екен. Сөз реті келгенде, микрохирургиядағы жетістіктеріңіз туралы айта отырсаңыз...

– Зақымдалған мүшелер мен тіндердің сипатына байланысты микроскоптарды қолдануды талап етуі мүмкін ота болады. Өйткені операция кезінде зақымдалмау үшін максималды дәлдікке қол жеткізу қажет. Дәл осы жерде микрохирургиялық әдіс қолданылады. Бұл хирургиялық процедуралардың жиынтығы, онда медициналық топ микроскоптарды немесе үлкейткіш линзаларды қолданып, нәзік мүшелер мен тіндерді қалпына келтіру кезінде мүмкіндігінше дәл жұмыс жасайды. Мысалы, сүт бездерін қалпына келтірген кезде, піл ауруларына (аяқ-қолдың үлкейіп кетуі) микрохирургиялық тәсілмен ота жасалады. Урология бойынша да жыныс мүшелерін ұзартып, қысқартқысы келетін немесе өздігінен кіші дәретке бара алмайтын адамдар бар. Каналдың бітеліп қалу жағдайында көмектесуге тура келеді. Оған отаның әртүрлі тәсілін қолдануға болады. Соның ішінде микрохирургиялық отамен де жасалады. Ұрықтық сұйықтықтарды шығаратын каналдар бітеліп қалса, қайта қалпына келтіру отасын қолданамыз. Бұл сектордың тиімділігі сол, барлық салаларда жасалатын оталарды бірлесіп жүргіземіз. Сондықтан микрохирургиялық операциялар ғылыми орталықтарда жасалады. Себебі, микроскоптың өзі 500 млн теңгенің маңайында тұрады. Ондай құрылғыны алуға кез келген медициналық ұйымның мүмкіншілігі жоқ. Екіншіден, мұндай оталар көбінесе созылмалы болып келеді. Мәселен, біз жасайтын оталардың уақыт ұзақтығы 13-14 сағатқа созылады. Осынша сағат микроскопқа тесіліп отыру керек болады. Шыдамдылық – ең басты ұстанымымыз. Сондықтан бұл мамандықты таңдағысы келетіндердің қарасы аз.

– Жыл сайын оқуын аяқтайтын 7 мың медицина маманының арасында микрохиургияға қызығушылық танытатындар жоқ па?

– Көбісі пластикалық хирург ретінде жеке ақша табу үшін жекеменшік орталықтарға барғанды құп көреді. Науқасқа көмектесуді ар-ожданы деп білетін маман ғана микрохирургияның мүмкіншілігін түсінеді деп ойлаймын.

Сұхбаттасқан
Жадыра МҮСІЛІМ

ҒАЛЫМДАРЫ КӨП ЕЛДІҢ, ЛАУРЕАТТАРЫ НОБЕЛЬДІҢ – АСТАНАДА

Адамзат бүгін жаңа технологиялық прогрестерді бастан кешіп жатыр. Көз алдымызда тарихи шешімдер қабылданып, әлем жұртының алдында жаңа міндеттер пайда болды. Жасанды интеллект адам өміріне қалай әсер етпек? Климат қалай өзгереді? Блокчейндегі трендтер қандай болады? Роботтар әлемді жаулап ала ма? Басқа планеталарда өмір бар ма? Келесі пандемия қалай әсер етеді? Міне, осы тақырыптар бүгінде барша адамзатты алаңдатқан сауал. Кеше еліміз үшін осындай мәселелердің шешу жолын әлемге танымал ғалымдардың өз ауызынан естуге мүмкіндік туды. Астанада 5-6 қазан аралығында әлемнің түкпір-түкпірінен заманауи ғылымның көрнекті тұлғалары – Нобель сыйлығының лауреаттары, ғылыми Оскар иегерлері, жоғары деңгейдегі ғалымдар, сонымен қатар стартаптар мен бизнесмендердің басын қосатын, қазақстандықтар асыға күткен ғылыми фестиваль – «Nobel Fest 2023» өтті. Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылып жатқан шара биыл алтыншы рет өтіп отыр.

Анарыс АҚЫЛМАН

Ашылу салтанатында алғаш болып Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек сөз сөйледі. Ол ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтап, фестивальдың маңыздылығына тоқталды. «Біз қазір көптеген технологиялық жаңалық арқылы тарихи кезеңдерді бастан кешіп жатырмыз. Бүгінде әлем жұртшылығы жасанды интеллект дәуіріне аяқ басты. Әлем сарапшылары 2023 жылды – «Жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Өткен жылдың қараша айында адамның генетикалық кодынан жасанды ағзаларды жасаудың алғашқы қадамдары жасалды. Осындай жаңалықтарды сараптай келе біздің министрлік тығыз мониторинг жасап жатыр. Біздің Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы да биылғы Жолдауында жасанды интеллектке арнайы тоқталды», – деп атап өтті министр. Одан әрі Nobel Peace Prize сыйлығының лауреаты, климат және тұрақты даму бойынша №1 сарапшы Рае Квон Чунг сөз сөйледі. Ол қазақтардың неліктен жас көрінетінін сұрағанын айтып, «мұнда күн суық болғасын тоңазытқышта сақталғандай өз қалыптарын балғын ұстаған» деген жауап алғанын айтып жұртты бір күлдіріп алды. Ал қазақстандық блокчейн-технологиялар қауымдастығының төралқа төрағасы, кәсіпкер Исламбек Салжанов интернетті блокчейн технологиялар, жасанды интеллект, кеңейтілген және виртуалды шындық, Big Data, финтех, биомедицина, кванттық компьютерлер, жасыл энергия алмастырып отырғанын атап өтті.

«Бүгінде Қазақстанның бірегей тарихи мүмкіндігі бар, біз одан айырылып қалмауымыз керек. Бұл – технологиялық трансформация кезінде ғана ашылатын мүмкіндік. Дәл үшінші өнеркәсіптік революция Азия жолбарыстарына дамуда секіріс жасауға және әлемдегі инновациялық көшбасшы болуға көмектескен еді. Ал бүгін Қазақ барысының технологиялық секіріс жасап, қазақстандық жас ғалымдар мен инноваторлардың таланттары мен қабілеттерін әлемге көрсететін кезі келді. Қазір технологиялық революция уақыты, жаңа технологияларды жасау үшін терең тарихи тәжірибе қажет емес, өйткені бұл технологиялардың өзі әлем үшін жаңа», – деді Исламбек Салжанов.

Ол өзінің баяндамасында Қазақстанды жоғары технологиялық дамыған елге айналдыру – Қазақстан Президентінің Үкімет алдына қойған басым міндеттерінің бірі екендігін атады. Оның айтуынша, бүгінде қазақстандық кәсіпкерлер өздерінің стартаптарын құра отырып, инновациялық өнімдерімен және қызметтерімен әлемдік нарыққа шығып келеді.

«Біздің Altyn Qyran Group компаниясы қазақстандық блокчейн технологиялары және Дата орталықтары қауымдастығын құрды, сонымен қатар Қазақстанда блокчейн технологиясын 4 жылдан астам уақыттан бері дамытып келеді. Біздің қауымдастығымыз Қазақстанды әлемдік компанияларға есептеу қызметтерін көрсететін жаһандық хабтардың біріне айналдыру мақсатында цифрлы экономиканы одан әрі дамыту бойынша Қазақстан Парламентімен және Үкіметімен тығыз жұмыс істеп келеді», – деп атап өтті Исламбек Салжанов.

Сонымен қатар ол «Жоңғар қақпасының» әлеуетін жүзеге асыру үшін жасыл энергетика және блокчейн технологиясы саласында инженерлер мен ғалымдарға сұраныс басым болатынын, сондықтан жастарды осы саладағы мамандықтарды меңгеруге және салалық тенденция - ларды назарда ұстауға шақырды.

Бейресми түрде «Ғылыми Оскар» деп аталатын Breakthrough Prize («Серпіліс») сыйлығының иегері, ДНҚ талдау саласындағы маман Паскаль Майер болса, қазақтардың ерекше ДНҚ-сы туралы сөз қозғады.

«Өздеріңіз білетіндей, мен ДНҚ зерттеумен айналысамын. Айтайын дегенім, қазақстандықтардың ДНҚ-сы бірегей екенін көру үшін маған ешқандай жаңа технология қажет емес. Бұл Димаш Құдайберген, Күнсұлу Зәкария сияқты дарындардың бойынан байқалады. Францияда біз Қазақстан туралы көп ести бермейміз, бірақ QazVac вакцинасы туралы естідік. Сіздердің COVID кезінде вакцина жасай алғандарыңызға жеке өзім тәнті болғанымды айтқым келеді. Оны бағалау үшін клиникалық сынақтар жүргіздіңіздер», – деді ғалым.

Фестиваль бағдарламасы үш негізгі бағытта өрбіді. Бірінші бағыт – инновация. Мұнда соңғы технологиялық жетістіктер, жасанды интеллект, GPT сияқты өнертабыстар, нейрондық желілер туралы сұрақтар талқыланды. Жаңа индустриялар, роботтар және еңбек нарығының болашағы қалай өзгеретіні де айтылды. Екінші бағыт – ғылым. Жақын арада ашылатын құпиялар туралы сұрақтарды және адамның миы мен санасын зерттеуді қамтыды. Сондай-ақ кванттық компьютерлер, жерден тыс өмір мен өркениеттерге қатысты мәселелер талқыланды. Үшінші бағыт – білім. Осы саладағы заманауи тәжірибелерді, сондай-ақ цифрлы дәуірде қандай дағдылар мен білімнің маңызды бола бастағаны сөз болды.

Бұл тақырыптар төңірегінде инновациядағы ТОП 3 ықпалды ғалымдардың бірі (Wired), «Технология адамдарға қарсы» бестселлерінің авторы Герд Леонгард, Future Hub-тағы SAP жетекшісі Мартин Везовски, «Қауіп-қатерді бағалау тобы» үкіметтік емес консалтинг ұйымының директоры Досым Сәтпаев, М. Ломоносов атындағы МҰУ профессоры, биология ғылымдарының докторы, адам миын зерттеудегі танымал сарапшылардың бірі, психофизиолог, МҰУ биология факультетіндегі нейрофизиология және нейроинтерфейстерді зерттейтін Ресейдегі бірінші лабораторияның меңгерушісі Александр Каплан, көрнекті нейробиолог, «Адам миы» жаһандық жобасының негізін қалаушы, University College London неврология институтының құрметті профессоры, Université de Lausanne-да клиникалық нейроғылымдар кафедрасының меңгерушісі Ричард Фраковяк, Аризона университеті жерді және ғарышты зерттеу бөлімінің негізін қалаушы профессоры және Origins жобасының құрметті директоры Лоуренс Краус, жоғары технологиялар саласындағы ең ықпалды қырық ғұламаның бірі (TIME Tech 40 бойынша) Вивек Вадхва, әлемдегі ең ықпалды автокөлік дизайнері, Mini Cooper, BMW X5, Ferrari F430, Maserati көліктерінің дизайн концепцияларын жасаушы, Frank Stephenson Design (FSD) негізін қалаушы Фрэнк Стивенсон, Minerva жобасының негізін қалаушы, төрағасы және бас директоры, Минерва университетінің құрметті ректоры Бен Нельсон, $11,5 млрд болатын Rippling – №1 персоналды басқару стартапының негізін қалаушы және бас техникалық директоры, инноватор Прасанна Санкар сынды ғалымдар өз білгендерімен бөлісті.

Мәселен, Аризона университеті жерді және ғарышты зерттеу бөлімінің негізін қалаушы профессоры және Origins жобасының құрметті директоры Лоуренс Краус жерден тыс өмір және космостағы жаңалықтар туралы айтты.

«Мен көрінбейтін ғалам туралы айтқым келеді. 100 жыл бұрын ғаламның суреті мүлдем басқа болатын, мәселен Андромеда галактикасын алайық. 100 жыл бұрын бір галактика туралы ғана білген едік, біз үшін бүкіл ғалам сол болатын. Көпшілік солай ойлайды. 2003 жылы хаббл телескопы ойлап шығарылғаннан кейін одан басқа да, көптеген галактика барын белгілі болды. Қазір біздің білуімізше, 1 млрд-тан артық галактика бар. Бұл тек бізге белгілісі. Яғни, ғалам бейнесі бір ғасырда қанша өзгергенін көріп отырмыз. Оған дейін ғаламның мұншалықты үлкен екенін білмедік», – деді ғалым.

Сондай-ақ ғылымның көмегімен бұрынғы өткен галактикаларды да көруге болатынын атап өтті.

«Джеймс Вебстің телескопы арқылы бұрынғы уақыттағы галактикаларды көре аламыз. Күн 4,5 млрд жыл бұрын құрылған. Джеймс Вебстің жаңа суреті бар, онда жұлдыздар мен оның айналасындағы массаларды көруге болады. Ол Күн жүйесі, планеталардың бастама нүктемелері болуы мүмкін. Біз алыс орналасқан жұлдыздардың айналасында мыңдаған планетаны көріп отырмыз», – деп толықтырды сөзін.

Nobel Fest хэдлайнері, ең танымал автокөлік дизайнері Фрэнк Стивенсон ғарыштық туризм және жуырда ұшатын такси шығатыны туралы айтты. «Мен әлемге революция әкелетін көліктердің жаңа түрімен жұмыс істеп жатырмын. Енді алдағы уақытта адамдар тек ұшақпен ғана емес, арнайы ұшатын таксилермен де саяхаттай алады. Ол телефон арқылы басқарылады. Сонымен қатар мен екінші жобамды – ғарышқа ұшатын аппараттарды дайындап жатырмын. Арнайы капсулада 8 адам және 1 ұшқыш бар. Мұнымен 10 жылдық кезеңнің соңына дейін 400-ге жуық сапар жасалады деп жоспарлануда. Мен бұл жобаның сыртқы дизайнын жасадым. Адамдардың өміріне айрықша әсер сыйлайтын саяхат сыйлағым келеді», – деді ол. Қазақстанның қоғам қайраткері, «Қауіп-қатерді бақылау тобы» консалтингтік үкіметтік емес ұйымының директоры Досым Сәтпаев неолуддизм жөнінде сөз сөйледі. «Неолуддизм дегеніміз – жаңа технологияларды енгізуге жаппай қарсылық. Бұл құбылыс жаңа саяси қозғалыстарға негіз бола ма деген басты мәселе бар. Технологияны дамытудың пайдасын тек азшылық қана емес, халықтың басым бөлігі де сезінуі керек. Бұл болашақта Қазақстанға да қатысты. Біздің Үкімет жұмыс орындарын қысқартуға дайын ба? Автоматтандыру енгізілсе, жұмыссыз қалғандарды не істеу керек?» – деді сарапшы. Құны 11,5 млрд $ тұратын әлемдегі № 1 HR-стартаптың негізін қалаушы Прасанна Санкар 20 жасында инженер болғанын, алғашында ақша болмағанын, сосын қалай жетістікке қол жеткізгенін баяндап берді. «Менің таңғажайып нәрсе жасағым келді және оған ең қолайлы орын Силикон алқабы болды. Біз ол жерге сыныптастарыммен бірге көшіп барып, стартапты бастадық. Көптеген сәтсіздіктен кейін мен 15 жылдан соң 10 миллиард доллардан асатын компанияны басқардым», – деді ол. Көрнекті невролог, адам миы жаһандық жобасының негізін қалаушы, Лондон университеттік колледжі Неврология институтының құрметті профессоры Ричард Фраковиак миды зерттеу тақырыбы бойынша сөз сөйлеп, деменция диагнозы туралы айтты. «Біз 150 жылдық ғылыми ойлау кезеңін алдық және шын мәнінде, деменция қазір классикалық ауру емес екенін анықтадық. Психологтер 2005 жылы шығарған өте маңызды қорытынды: әртүрлі дәрігер бір науқаска әртүрлі диагноз қоюға бейім. Бұл психологиялық ерекшеліктерге байланысты. Бұрын бәрі деменцияны когнитивті бұзылулармен және қартаюмен байланыстырды. Алайда психологиялық жағы көп жылдар бойы ескерілмей келеді. Ал деменция Альцгеймер ауруы емес, ол кейбір науқастарда деменция тудыруы мүмкін. Бірақ бұл негізгі себеп емес», – деді ол.

Шара барысында танымал қазақстандық пианист Ratovich-тің қойылымы да ұйымдастырылды.

Фестивальдың басты мақсаты – жаһандық білім мен ғылымды әлемнің кез келген бұрышына қолжетімді ету болатын. Осындай үдеден шыға білген шараны білім, ғылым және инновацияларды дамыту бойынша Нобель фестивалінің миссиясын отандық және халықаралық ұйымдар, оның ішінде фестивальдың бас серіктесі, Қазақстанның ең ірі қоғамдық қорларының бірі Altyn Qyran Foundation қолдап отырғанын айта кеткен жөн.

Бүгінде әлем жаһанданудың жаңа кезеңін бастан кешуде. Біз қазір адамзат тарихының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық, гуманитарлық тұрғыдан күрделі түйіткілді кезеңінде өмір сүрудеміз.

БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ – ТІРЛІК БАР!

Осындай кезеңде мемлекеттер, халықаралық ұйымдардың, діни қауымдастықтардың ізгілікке негізделген ортақ көзқарасты ұстанғаны абзал. Бұл өз кезегінде – түрлі ел мен халық арасында, саяси, діни түсіністік пен ынтымақтастық, бітімгершілік әрекеттері арқылы ғана мүмкін болмақ. Әлем елдері, сондай-ақ әлемдік және дәстүрлі діндер қандай қиын жағдайда болмасын тек рухани достық арқылы табысқа қол жеткізуге болатынын біздің еліміз қашанда алға тартып келеді. Қазақстанның бітімгершілікке бағытталған айтулы бастамаларды абыроймен жүзеге асыруы бұған дәлел.

Руханиятсыз, адамгершілік қағидаттарын сақтамай әлемдік тәртіптің орнауы мүмкін емес. Біз Қазақстанда бірнеше ұлт пен ұлыс өкілдерінің бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп жатқанын мақтанышпен жиі айтамыз. Себебі бұл – тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің айшықты жетістіктерінің бірі. Тек тәуелсіздік жылдарында ғана емес, қазақ әлімсақтан бірлігін ту еткен халық. Сан тараулы тарих беттерін парақтар болсақ, ата-бабаларымыз «мың өліп, мың тірілсе де» ел ішіндегі мызғымас бірлікті көзінің қарашығындай сақтай білген.

Тарихы тереңнен тамыр тартқан халқымыздың бай рухани мәдениеті тәуелсіздігіміздің бастапқы кезеңінде маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдауға негіз бола білді.

Бүгінде елдің тұтастығы мен бірлігін, татулығы мен тыныштығын басты назарда ұстаған Қазақстан халқы – демократиялық даму жолында ұлттың бірлігін сақтай алатын өркениетті тетікке қол жеткізе алды. Жас мемлекетіміздің алтын діңгегі ретінде теңдік пен достыққа, өзара диалог пен келісімге негізделген, бүкіл Қазақстан халқының ұлттық-рухани бірлігін насихаттайтын саяси формула қалыптастыра білдік.

«Еліміз өркениетті диалог пен өзара сыйластық мәдениетін дәріптеуі керек. Қоғамды ұйыстыру, ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде еліміздің тарихи мұрасын және мәдени әлеуетін тиімді пайдалануға баса мән беріледі. Бұл орайда Қазақстанның мүмкіндіктері зор, соның ішінде өзін халықаралық аренада тиімді таныта алады», – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауларының бірінде атап өткен болатын.

Еліміз Қазақстан халқының дәстүрлі мәдениетін негізге ала отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа бағдар алып, нық қадам басып келеді. Біздің қоғамдағы рухани келісімнің мәні – халқымыздың толеранттығы, түрлі дін мен ұлттың рухани-мәдени құндылықтарын қастерлей білу қасиеті, ашық-жарқын бейбітсүйгіш мінезі арқылы көрініс табуда.

Мемлекетіміздің қоғамдық рухани келісім саласындағы ұстанымы – зайырлы және діни руханият арасындағы үйлесімді тең ұстау, сондай-ақ қазіргі заманғы өркениет құндылықтарын сақтау және нығайту.

Жалпы, адамзат үшін діннің орны қашанда ерекше.

Жаңғыру үдерісінде діннің өзіндік рөлі бар және ол өте алуан түрлі болып келеді. Дін адам өміріне мән-мағына береді және оны рухани дамытушы әлеуетке ие. Алайда діннің негізгі қызметі адамды тәрбиелеу, яғни ең алдымен адамгершілік, рухани тәрбие беруге бағытталған. Адам өзінің есеюіне және одан әрі кемелденуіне қажетті негізгі өмірлік тәжірибені, құндылықтарды отбасында бойына сіңіреді. Демек, кез келген адам отбасы алдындағы борышын жауапкершілікпен орындау арқылы еліміздің дамуына саналы түрде өз үлесін қоса алады.

Ұлтаралық және конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді сақтауда ұлттық, жалпы әлемдік ауқымдағы діни бірлестік көшбасшыларының рөлі ерекше. Дін көшбасшылары өз қауымдастығына диалог барысында қабылданған шешімдер мен нақты бастамаларды жеткізуде зор ықпалға ие.

Съезд – еліміздің маңызды бітімгершілік бастамаларының бірі және әлемдік аренада өзінің маңыздылығымен ерекшеленеді. Съездерді өткізу Қазақстанның бейбіт өркениетаралық диалог алаңына айналуға мүмкіндік берді. Форум дін көшбасшылары мен саясаткерлерге халықаралық қақтығыстарды шешу, жаһандық қатерлерге қарсы іс-қимыл, өшпенділік пен төзбеушілікті еңсеру мәселелерін талқылауға мүмкіндік беріп келеді.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев The Jerusalem Post израильдік бұқаралық ақпарат құралында жарық көрген авторлық мақаласында «Мен Қазақстанда 20 жылдан бері әр үш жыл сайын өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін мақтан тұтамын. 2003 жылы 11 қыркүйекте АҚШ-тағы ланкестік шабуылдан кейін конфессияаралық келіспеушіліктер мен экстремизмнің күшеюіне тікелей жауап ретінде алғаш рет діни көшбасшыларды жинау арқылы конфессияаралық диалогті нығайтты», – деп атап өтті.

Расында, жаһан назарын аудартқан бірегей жоба – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезіне биыл 20 жыл. 2003 жылдан бастап 20 жыл бойы жүйелі түрде жұмыс істеп келе жатқан осындай бірегей институттың қызметі арқылы Қазақстан бүкіл әлем қауымдастығына ұлттық құндылығымызды насихаттаумен қатар, рухани бірліктің үлгісін көрсетуде.

2022 жылдың қыркүйек айында Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезін ұйымдастыру мен өткізу және оған жоғары деңгейлі қонақтардың келуі, Қазақстанның халықаралық қоғамдастықтағы беделін, Қазақстан Президенті мен Қазақстан халқына деген үлкен сенім мен қолдаудың айқын дәлелі.

Аталған VII съезге Ватикан басшысы Рим Папасы Франциск, «Әл-Азхар» ислам университетінің жоғарғы имамы Шейх Ахмед Әл-Тайеб, Кавказ мұсылмандары басқармасының төрағасы Шейх-уль-Ислам Аллахшүкүр Пашазаде, Дүниежүзілік Ислам Лигасының Бас хатшысы доктор Мұхаммед бен Абдулкарим әл-Иса, III Иерусалим Патриархы Теофил, Мәскеу Патриархатының сыртқы шіркеу байланыстары бөлімінің төрағасы митрополит Волоколамский Антоний, Қазан және Татарстан митрополиті Кирилл, Израильдің Бас Ашкенази раввині Дэвид Лау, Израильдің Бас сефардиялық раввині Ицхак Иосиф, «Ақшардам» қоғамдық келісім саласындағы қолданбалы зерттеулер орталығының директоры Джайотиндра Мукундрай Даве, Қытай буддистер қауымдастығы төрағасының орынбасары Цзун Син, сондай-ақ АҚШ, Еуропа және Азиядан келген жетекші діни және халықаралық ұйымдардың басқа да делегациялары қатысты. Осылайша, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне әлемнің 50-ге жуық елінен 100-ден астам шетелдік делегат қатысты. Олардың арасында ислам, христиан, иудаизм, индуизм, синтоизм, даосизм, буддизм, бахаи, джайнизм өкілдері бар.

Биыл еліміз Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының XXI отырысын өткізуді жоспарлап отыр. Съезд Хатшылығының XXI отырысы биылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Спикері, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының басшысы М.Әшімбаевтың төрағалығымен өтеді және 20-дан аса елден қатысушылар келеді деп күтілуде. Бұл іс-шара ел дамуы үшін маңызды екенін ерекше атап өткен жөн.

Еліміз түрлі этнос пен конфессия арасындағы қарым-қатынастарды, зайырлы демократиялық қоғамның барлық институтын дамыта отырып, толерантты қағидаттарды саналы түрде сақтау арқылы ғана діни және Ұлттық негіздегі жанжалдардан аулақ бола алады. Мемлекетіміз елдің тұтастығы мен бірлігін, татулығы мен тыныштығын қашанда басты назарда ұстап келеді. Алдағы уақытта да солай болып қала беретініне кәміл сенімдіміз.

Б.СӘРСЕНБАЕВ,
Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығының басқарма төрағасы

ТОЗҒАН ҮЙЛЕР ЖАҢАРАДЫ

Шымкент қаласында соңғы жылдары тұрғын үй құрылысы қарқын алған. Бүгінде үшінші мегаполистің аумағы кеңейіп, көпқабатты үйлерден көз сүрінеді. Олардың арасында тұрғын үй кезегінде тұрғандар үшін мемлекет тарапынан бой көтерген пәтерлерден бөлек, коммерциялық бағыттағы жеке компаниялар тұрғызып жатқан зәулім баспаналар да жетерлік.

ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК КӨП

Биыл Шымкент қаласы бойынша мемлекеттік бағдарлама шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтарын, көпбалалы отбасыларды және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлерін 324 арендалық пәтермен қамту жоспарланған. Бүгінде осынау топтағы 278 азамат баспанаға қол жеткізіп отыр. Бұл туралы Шымкент қаласының Тұрғын үй басқармасының басшысы Жанат Өтебаева бізге берген сұхбатында айтып өтті.

Жанат Өмірсейітқызының айтуынша, бұдан бөлек жыл соңына дейін жұмыс істейтін жастарға арналған 888 пәтер берілуге тиіс. 1 886 пәтерді кредиттік негізде жыл басында беру жоспарланып, қазір 1 329 азамат ипотекалық тұрғын үймен қамтамасыз етілген. Оның 808-і «5-20-25» бағдарламасымен, 461-і «2-10-20» бағдарламасымен «Бақытты отбасы» бойынша және 60 пәтер «Шаңырақ» аясында пайдалануға берілген.

«Айта кетейік, 2023 жылдан бастап 35 жасқа дейінгі азаматтар жастар санатына еніп, баспанамен қамтылуда мемлекеттік қолдауға ие болып жатыр. Мемлекеттік жастар саясаты жөнінде қабылданған заң бірнеше жаңа норманы қамтиды. Бұған дейін жастар санатына 29 жасқа дейінгі азаматтар кірген болса, бұдан былай ол 35 жасқа дейін ұлғайтылды. Осылайша, жастарға арналған механизмдерді қолданатын азаматтардың саны едәуір артпақ. Тағы бір айта кетерлік жайт, биылдан бастап жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз пәтерлер енді 3 жыл мерзімге пайдалануға берілетін болады. Өтініш берушінің өтініш бергенге дейін соңғы 3 жылда Шымкент қаласында тұрақты тіркеуде болуы және иелігінде тұрғын үй тіркелмеуі тиіс», – дейді басқарма басшысы.

Сонымен қатар Шымкентте жұмыссыз жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй беру бағдарламасы аясында Шымкент қаласында 2020 жылы 904 пәтер берілсе, 2021 жылы 300 жас жалдамалы баспанамен қамтылған. 2022 жылы аталған бағдарлама бойынша 857 азамат қоныс тойын тойлаған. Биыл 888 жастың арендалық баспана иесі болуы жоспарланған. Конкурсқа жастардың өтінімдерін қабылдау, өңдеу, келісімшартқа тұру жұмыстары толықтай электронды нұсқада жүргізілмек. Шымкент қаласы бойынша әзірге жастар бағдарламасы басталмапты.

QAMQOR ТАЛАЙ ЖАНҒА ҚАМҚОР БОЛДЫ

Сондай-ақ тұрғын үй кезегіне тұра алмайтын сала мамандарына арналған Qamqor бағдарламасы көптеген жанның баспаналы болуына зор мүмкіндік туғызып отыр. Өтінімдер Отбасы банктің жылжымайтын мүлік порталында 15 тамыз-25 қыркүйек аралығында қабылданған.

Аталған бағдарлама шымкенттік талай маманның тұрғын үй мәселесін шешуге көмектескен. Осынау бағдарлама арқылы дәрігерлер, медбикелер, санитарлар, педагогтер, тәрбиешілер, жоғары оқу орны және колледж оқытушылары, ғылыми қызметкерлер, мәдениет және спорт саласының қызметкерлері, журналистер, энергетика саласының және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ филиалының қызметкерлері мен мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері қатысыпты. Орташа сомасы 20 млн теңге болатын несиенің алғашқы жарнасы 10 пайыз, жылдық мөлшерлеме – 5 пайыз.

«Үміткердің өзі тұратын баспанасын бастапқы нарықтан немесе қайталама нарықта да таңдап алуына мүмкіндігі бар. Qamqor бағдарламасы аясында несиелеу үшін алғашқы транш 3 млрд теңгені құрайды. Аталған қаражат жергілікті атқарушы орган тарапынан бөлінеді. Жаңа тұрғын үй бағдарламасы шеңберінде өтінімдерді қабылдау және әлеуетті қарыз алушылардың тізімін қалыптастыруда басты оператор Отбасы банкі. Жеңілдетілген несиелеуге үміткерлерді іріктеден өткізу барысында қатысушылардың некедегі жылдар саны, балалардың болуы, жұмыс өтілі, Шымкентте тіркелу ұзақтығы әсер етеді. Сондай-ақ Qamqor бағдарламасына 63 жасқа дейінгі қатысушының және оның отбасы мүшелерінің Қазақстан аумағы бойынша соңғы 5 жылда меншік құқығындағы тұрғын үйдің болмауы, соңғы 3 жыл ішінде Шымкентте тұрақты тіркеуде болуға тиіс», – деп бағдарлама аясындағы талаптарды түсіндірді Жанат Өмірсейітқызы.

Үшінші мегаполисте 2023 жылға қайтарымсыз негізде тұрғын үй сертификаттарын беру жоспарланып, биылғы жылдың 23 қаңтарынан бастап тұрғын үй сертификаттарын алу үшін электронды түрде құжат қабылдау жүргізілуде. Қазір 159 азаматқа тұрғын үй сертификаттары берілген. Оның ішінде толық емес отбасылар – 15, көпбалалы отбасылар – 72, ерекше бала асыраушы отбасылар – 69, бюджеттік ұйым және мемлекеттік қызметшілер – 4.

Айта кету керек, Шымкент қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттары 2019 жылдан бастап беріле бастады. 2019 жылы 21, 2020 жылы 101 азаматқа, 2021 жылы 416 отбасына қайтарымсыз негізде бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттары табысталған болатын. 2022 жылы 58 азаматқа тұрғын үй сертификаттары берілген.

Шымкент қаласындағы тұрғын үйлерге қатысты соңғы жылдары қолға алынып, қарқынды іске кіріскен жаңалықтың бірі ескірген тұрғын үйлерді жөндеуден өткізу болып тұр.

Биыл «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы» аясында бүгінде 15 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі және Шымкент қаласының Тұрғын үй басқармасының теңгеріміндегі коммуналдық 21 көппәтерлі тұрғын үйге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ал биыл қала аумағындағы апаттық, тозығы жеткен 6 тұрғын үйді тұрғындар келісімімен бұзып, қайтадан жаңа үй кешенін салу жоспарланған. Қазір «Shymkent ӘКК» АҚ реновациялау жобаларына жеке инвесторлар тарту бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Аудандық әкімдіктер тұрғынжай меншік иелерінің жеке инвестормен кездесулерін ұйымдастырып, түсіндіру жұмыстарын белсенді атқаруда.

Сонымен қатар биыл Шымкентте 9 көпқабатты тұрғын үйдегі 14 жеделсатыны ауыстырылып, жаңа жеделсатылар қайтарымды қаржы негізінде орнатылмақ. Қазір мұның қаржылық-экономикалық негіздеме қорытындысы күтілуде. Аталған негіздемеге сәйкес, қаржы қаралған соң жеткізуші мердігер мекемемен келісімшарт түзіліп, орнатылу жұмыстары жүргізілмек. Бұл жедел сатылардың келісімшарт бойынша 3 жылдық кепілдік мерзімі қарастырылғанын айта кету керек.

БАСПАНАҒА МҰҚТАЖДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ ЖЕҢІЛДЕДІ

Қалада пәтер жалдап тұратын отбасыларға көрсетілетін ауқымы кең әлеуметтік көмектің бірі – тұрғын үй субсидиясы. «Аталған бағдарлама іске қосылғалы бері Шымкент қаласында 2022-2023 жылдар аралығында бүгінге дейін 1 160 отбасының тұрғын үйді жалдау ақысының 50 пайызы мемлекет тарапынан төленуде. Қазір тұрғын үй субсидиясына өтінімдер қабылдау жалғасып жатыр.

Тұрғын үй жалдау төлемдерін субсидиялау бағдарламасына 1 және 2 топтағы мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, жетім және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар мен көпбалалы отбасылар қатыса алады. Жалдау ақысын субсидиялауға үміткерлер қатарындағы отбасылардың соңғы 6 айдағы орташа жиынтық табысы отбасының әрбір мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен (1 КМ = 40 567 теңге) аспауға тиіс», – деп субсидия алу тәртібін түсіндірді тағы бірде басқарма басшысы бізбен әңгімесінде.

Сонымен бірге субсидия алуға үміткердің депозиттік шоты болуы, жинақ шоты жоқ азаматтар бейнебанкинг қызметі немесе Otbasy bank мобильді қосымшасы арқылы шот аша алатынын жеткізді. Субсидия алуға өтінімдер электронды цифрлы қолтаңба (ЭЦҚ) көмегімен www.otbasybank.kz сайтында онлайн қабылданады.

Шымкент қаласының Тұрғын үй басқармасының басшысы Жанат Өтебаева біздің Шымкент қаласында жалпы тұрғын үй кезегінде қанша азамат тіркелгені, тұрғын үй кезегіне қатысты қызметтер қалай жүзеге асырылатыны туралы сұрағымызға былай деп жауап берді: Шымкент қаласы бойынша тұрғын үй алу тізімінде 51 016 азамат тіркелген, оның ішінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санаты бойынша – 1 964;

– көпбалалы отбасылар – 11 928;

– халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз тобы – 17 616;

– мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйым және әскери қызметшілер – 19 479;

– жалғыз тұрғын үйі апатты жағдайда деп танылған азаматтар – 29.

«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы» мемлекеттік қызметі республика бойынша kezekte.kz электронды порталы арқылы іске асатынын атап өтті.

Сондай-ақ kezekte.kz электронды порталының кезектілік серпіні ашық түрде жүргізілетіні және кез келген қызметті алушы кезекте тұрған, тұрғын үймен қамтылған азаматтар туралы мәліметтерді көруге және өз кезегінің жылжу ретін толық көруге мүмкіндігі бар екені ескертілді.

Сонымен қатар Шымкент қаласы әкімдігінің Тұрғын үй комиссиясының шешімімен үй бөлінген азаматтар тізімі ресми сайттарда жарияланады екен. Заңға сәйкес тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға арендалық баспаналар кезек реті бойынша беріледі.

Айта кету керек, 2022 жылы Шымкент қаласы бойынша 2 881 пәтер берілген болса, оның шінде 748 пәтер кезегі келген халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз тобы, көпбалалы отбасыларға және жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар санатындағы азаматтарға үлестірілген. Ал 857 пәтер жұмыс істеп жүрген жастарға табысталған.

1 276 пәтер «Отбасы банкі» АҚ арқылы «2-10-20 Бақытты отбасы», «5-10-20 Шаңырақ», «5-20-25» бағдарламалары бойынша несие негізінде берілген.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ЖАҢАӨЗЕНДЕ ПАРАВОЛЕЙБОЛДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТ ӨТТІ

Жаңаөзендегі Рахмет Өтесінов атындағы спорт кешенінде параволейболдан республикалық турнир өтті. Жарысқа Қазақстанның алты өңірінен 30-дан астам қатысушы мен төрт команда жиналды, бұл оның республикалық дәрежесін көрсетеді, деп хабарлайды Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сағындық РЗАХМЕТОВ

Пароволейбол бойынша спорттық іс-шара Жаңаөзен қаласының 55 жылдығы, Маңғыстау облыстық мәслихатының 30 жылдығы және мүгедектігі бар жандарға арналған «Алға» спорт клубының құрылғанына 30 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Біріктірілген турнирге 32 ойыншы мен төрт команда қатысты. Олар Жаңаөзен қаласынан «Өзенмұнайгаз», Ақтау қаласынан Маңғыстау әкімдігінің командасы, KazPetroDrilling бас демеуші командасы және «Жұлдыздар» командасы.

Командада тірек-қимыл аппараты бұзылған спортшылар да, отырған қалыпта ойнаған адамдар да болғанын атап өткен жөн. Бұл ерекше ойында әртүрлі әлеуметтік топтағы адамдар бірге бәсекеге түсіп, өздерінің спорттық қабілеттерін көрсетті. Жарысқа Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда және Түркістан облыстарының пароспортшылары қатысты.

Турнирдің финалында Маңғыстау облысы әкімдігінің командасы мен Жаңаөзен қаласының «Өзенмұнайгаз» командасы кездесті. Үш ойынның қорытындысы бойынша Жаңаөзен командасы 2:1 есебімен жеңіске жетті. Үшінші орынды «Жұлдыздар және KazPetroDrilling командалары өзара бөлісті.

Маңғыстау облысында тоғыз спорт түрімен шұғылданатын мүмкіндігі шектеулі 845 спортшы бар. Олар физикалық өзгешеліктеріне қарамастан спортпен шұғылданып жүрген, рухы биік жандар.

Сонымен қатар өңірде мүгедектігі бар жандарға арналған бір спорт клубы жұмыс істейді және оған 591 адам қатысады.

Жаңаөзенде 1993 жылы құрылған мүгедектігі бар жандарға арналған «Алға» клубы жұмыс істейді. Қазір Құралбек Сейдовтың төрағалығымен жұмыс істейтін клубта жеті үйірме жұмыс істейді, онда 60 адам спортпен белсенді түрде айналысады.

Айта кетейік, Маңғыстаудан мүгедектігі бар үш спортшы Қытайдағы Паралимпиада ойындарында Қазақстанның атынан қатысады. Мейірбек Өтепов-үстел теннисі бойынша, Ерболат Алтаев-параволейболдан және Ғани Есентеміров - парапауэрлифтингтен.

Сонымен қатар биыл Қазақстан тарихында тұңғыш рет біздің волейболшылар Париждегі 2024 жылғы XVII Жазғы Паралимпиада ойындарына қатысуға лицензия алды. Қазақстандық құрамаға үш маңғыстаулық кіреді. Олар Ерболат Алтаев пен Бауыржан Оразғалиев және олардың жаттықтырушысы Құралбек Сейдов.

Өңір басшысы Нұрлан Ноғаев спортшыларды құттықтап, алдағы олимпиадаға сәттілік тіледі. Сондай-ақ «Алға» клубына аймақтағы параспортты дамытуға қосқан зор үлесі үшін алғысын білдірді.

– Паралимпиадалық спортшылар өз шеберліктерін көрсетіп қана қоймай, бәрімізге үлгі бола білді. Спортпен шұғылдану үлкен ерік-жігерді, шыдамдылық пен табандылықты қажет етеді. Паралимпиадашылардың спортқа деген адалдығы біздің еліміздің атын бүкіл әлемге танымал ететініне сенімдіміз. Бұл ең алдымен спортшылардың, олардың жаттықтырушыларының және мүгедектігі бар жандарға арналған клубтардың еңбегі. Біз Маңғыстауда саламатты өмір салтын насихаттау және дені сау ұлт құру мақсатында, жаңа спорт ғимараттарын салу және спорт кешендеріне жөндеу жұмыстарын жүргізудеміз, – деп атап өтті Нұрлан Ноғаев.

Іс-шара «Алға» клубының 30 жылдығына арналған мерекелік концертпен аяқталды, онда жергілікті әртістер өнер көрсетті. Өңірде параспорттың дамуына елеулі үлес қосқан жандар марапатталды.

Қанды кесене

Елімізде кешегі қанқұйлы заманды басынан өткерген бабаларымыз мекен еткен тарихи орындар мен кешендер аз емес. Оның әрқайсысының өзіндік тарихы бар. Соның бірі – Сыр өңіріндегі Келімбет баба кесенесі ерекше сипатқа ие.

Жалпы, Қызылорда облысына қарасты Қазалы ауданының тарихы тереңде жатыр. Аудан аумағында көнеден жеткен құнды жәдігерлер мен ескі қалалар орны көп. Соның ішінде Келімбет баба кесенесі құпияға толы нысан саналады.

Тарихи дерекке сүйенсек, баба кесенесі XIX ғасырда тұрғызылғаны айтылады. Нақты айтқанда, 1838 жылы Аранды ауылынан оңтүстік шығысқа қарай 5 шақырым жерде, ал Қожабақы ауылының батыс беткейінде бой түзеген. Бүгінде мемлекет қарауындағы бұл нысан жайында ел арасында ауыздан ауызға тараған аңыз-әпсаналар аз емес.

Мәліметке сәйкес, Келімбет баба Асан руынан шыққан. Оның ішінде Мәмтектің Бармағынан тараған текті адам болыпты. Болмысынан қарапайымдылығымен танылған баба айналасына өте қайырымды жан болған деседі. Жастайынан жоқшылықтың тауқыметін тартып өскен Келімбет есейгесін тынбай еңбек етіп, өз күшімен ауқатты адамдардың қатарына қосылған. Әрдайым мұқтаж жандарға қолынлағы жалғыз малына дейін беруге әзір тұратын жомарттығы да болыпты.

«Келімбет баба жайында ел аузынан тараған есті әңгімелер аз емес. Бүгінде ауданға қарасты Қожабақы ауылынан 6,5 шақырым жерде орналасқан нысан халықтық сәулет өнерінің тамаша туындысы болып табылады. Сырдария өзені аңғарындағы кесенелерге тән ерекшелігі бар құрылыс нысанына жатқызылады. Кесененің бүйір бет жаққа қарай шығатын тар кіреберіс камерасы бар. Баба бейітінің ел аузында «Қанды кесене» аталуы бекер емес. Сол заманда кесене малдың қаны мен жалқұйрығын балшықпен араластырып, қаланған екен. Кесенені салған адамдар дәретсіз жүрмеген. Содан да болар, халық арасында тамның кірпіші суға ерімейді, отқа жанбайды деген түсінік қалыптасқан», – дейді бұл жайында Қазалы аудандық музейінің директоры Болат Жолтаев.

Келімбет баба жайында зерттеп жүрген музей басшысы тарихи деректерімен бөлісті. Оның айтуынша, өз заманында Келімбет баба жұртты жинап, үлкен кесене салуға бел буыпты. Осы мақсатта еліміз тату болсын деген пейілмен күніне бірнеше жылқы сойғызып, олардың қанын, жалқұйрығын араластырып, құрылысқа пайдаланыпты деген аңыз бар.

Қазіргі Бірқазан каналының жағасында сол кезде кірпіш зауыты болған. Одан кесенеге қажетті құрылыс материалы әзірленіпті. Сол уақытта кесене орналасқан аумақ пен зауыттың арасы 6 шақырымды құрайды екен. Осы екі аралықта 5-6 мыңға жуық жұмысшы кірпішті қолдан-қолға беріп, құрылыс басына жеткізіп тұрса керек. Кесенені қалаған ұста әзірге беймәлім. Тек ұсталарды сырттан алғызған деген дерек бар.

«Сәулет өнерінің озық үлгісінде салынған нысанға баба ұрпақтары жиі бас сұғып, мінажат етіп тұрады. Дерекке сәйкес, кесенеде бабаның өзі, ұлдары Айжігіт пен Дәуіт, анасы және жұбайы жерленген. Кесене мемлекет қорғауына алынған. Осы орайда тарихи нысанның қазіргі күйі сын көтермей тұрғанын айтқым келеді. Күтімсіз қалған кесене құлаудың аз-ақ алдында тұр. Яғни, жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Жағдай бұлай жалғаса берсе, тарихи нысаннан айырылып қалуымыз мүмкін. Сондықтан кесенені қалпына келтіру жұмыстарын жедел қолға алса нұр үстіне нұр болар еді», – деп ойын толықтырды музей басшысы.

Өз заманында елді ауызбіршілікке, ынтымаққа бастаған Келімбет баба құдайдың разылығына бөлену үшін қолға алған істің әрбірін ізгі ниетпен жүргізген екен. Кейіннен бабаның ұлы Айжігіт те 18 жыл болыс болып, еліне сыйлы азамат атаныпты.

Бүгінде көнеден жеткен құнды нысанды көруге арнайы келетін жандардың қарасы қалың. Тек ұлттық құндылығымызды қайта жаңғыртып, келешек ұрпаққа қаз-қалпында аманаттау азаматтық парызымыз екенін естен шығармадан абзал.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

ӨҢІРДІҢ ЭКОНОМИКАСЫНДА ӨСІМ БАР

Инвестиция тарту Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңір әкімдерінің алдына қойған негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Президенттің 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауында жаңа экономикалық үлгіге өту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берген болатын. Тарқатып айтсақ, ауқымды мәселелердің барлығы еліміздің экономикалық өсімі мен тұрмыстық әл-ауқатының жақсаруына бағытталған.

Осы тұрғыда айтсақ, бүгінде Түркістан облысында облыс әкімі Дархан Сатыбалдының басшылығымен аймақта ауқымды жұмыс атқарылуда.

Мәселен, жыл басынан бері облыста экономикалық дамудың барлық негізгі көрсеткіштері 2 пайызға өскен. Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Тарқатып айтар болсақ, өнеркәсіп өнімінің көлемі 519 млрд теңгеден асып, 4,5 пайызға артты. Бұл өсімдер негізінен өңдеу өнеркәсібі (231,1 млрд теңге немесе 106,8 пайыз), электр энергиясын өндіру (39 млрд теңге немесе 33,3 пайызға), суды жинау, өңдеу және таратудың (5,7 млрд теңге немесе 100,4 пайыз есебінен қалыптасты. Дегенмен бұл көрсеткіштер әлемдегі күрделі геосаяси жағдайға да қарамастан оң серпінді сақтап отыр.

Бүгінде Түркістан облысында бірыңғай индустрияландыру картасына 437 млрд теңгені құрайтын 13 инвестициялық жоба енгізілді. Бұл жобалар 2025 жылдың соңына дейін толығымен іске асырылмақ. Жоба аясында 3 мың 305 жаңа жұмыс орны құрылады деген жоспар тұр. Жақсы жетістіктің бірін атар болсақ, құны 2,5 млрд теңгені құрайтын, 100 жаңа жұмыс орны бар ZHANASSYL ЖШС мақта талшығын өңдеу зауыты жүзеге асты.

Экономиканың өсуіне үлкен үлес қосатын саланың бірі ол инвестиция деп айтуға болады. Бұл бағытта облыста бірқатар жақсы өзгерістер бар.

Бүгінде өңдеу өнеркәсібінде инвестиция сомасы 6 млрд теңгеге 272 жұмыс орнын қамтитын 12 жоба іске асырылды. Жыл соңына дейін тағы 26 млрд теңгеге 20 астам жобаның жүзеге асырылуы жоспарлануда (6 жоба іске асырылды, 5,4 млрд теңге, 215 жұмыс орны). Нәтижесінде, 540 жаңа жұмыс орны құрылады.

Айта кету керек, 2022 жылдың қорытындысымен жалпы құны

28,9 млрд теңгеге 1 172 жұмыс орнын ашумен 23 инвестициялық жоба іске қосылды.

Жалпы, 2022–2026 жылдар аралығында жалпы құны 1,9 трлн теңгеге 9 596 жұмыс орнын құрайтын 71 инвестициялық жобалардың пулы қалыптастырылған. Тарқатар болсақ, 2022 жылға 29,9 млрд теңгеге 25 жоба, 2023 жылға 260,3 млрд теңгеге 28 жоба, 2024 жылға 186,9 млрд теңгеге 8 жоба, 2025 жылға 396,6 млрд теңгеге 6 жоба, және 2026 жылға 901,7 млрд теңгеге 4 жоба іске қосу жоспарлануда.

Жоғарыда аталған барлық инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы қатаң бақылауда және сүйемелдеу жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Тельман БЕЙСЕН,
Түркістан облысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының f-тармағының негізінде Университетімізге қарасты «Мәденет орталығының шатыры жарамсызданып, ішкі бөлмелеріне су өтуіне байланысты ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуін сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;

2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты атқару саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, электрондық шот-фактура, орындалған жұмыс актілері);

3. Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;

4. Мердігер жұмыстың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында қолданылатын құрылыс тауарларының үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Құрылыс мердігері ҚҚС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.

7. Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа ұсынылған жалпы соммасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-HSBKKZKX, ЖСК-KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін http://ayu.edu.kz/ сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 16.10.2023 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

САУДА-САТТЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) «ҚазИнж Электроникс» ЖШС жарғылық капиталындағы Компанияның қатысу үлесінің 80%-ын (сексен пайызын) сату бойынша **2023 жылы «07» қарашадағы сағат 12:00-де (Астана уақыты)** www.e-qazyna.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында басталатын бағаны төмендету шарттарындағы электрондық аукцион өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Сату Компанияның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 15 қазандағы (№6 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ активтерін сату, қайта құрылымдау Ережесіне (бұдан әрі – Ереже) және «Ақпараттық-тіркеу орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату бойынша электронды сауда-саттықты жүргізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) және сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Бағаны төмендету шарттарындағы электрондық аукционға қойылатын:

Актив атауы: «ҚазИнж Электроникс» ЖШС (бұдан әрі – Актив және Серіктестік) жарғылық капиталындағы Компанияның қатысу үлесінің 80%-ы (сексен пайызы).

Актив иесі: «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.

Серіктестік қызметінің негізгі түрлері:

ҚР Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ) байланыс құралдарын жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;

ҚР ҚМ байланыс құралдарын техникалық сүйемелдеу;

ҚР ҚМ радиоэлектрондық қарсы іс-қимыл (РЭҚ) және радиоэлектрондық барлау (РЭБ) құралдарының жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;

байланыс құралдарын, артиллериялық жүйелерді, РЭП және РЭР техникасын жаңғырту;

ҚР ҚМ және басқа да күштік ведомстволардың тақырыбы бойынша ТКЖ орындау;

ҚР ҚМ зымыран әскерлері мен артиллерия құралдарын техникалық сүйемелдеу;

дербес компьютерлер мен серверлік жабдықтарды, оның ішінде ақпаратты қорғау құралдарымен жиынтықта өндіру және оларды өткізу.

Серіктестіктің қолданыстағы лицензиялары:

1) іздестіру қызметі 16.02.2018 жылғы №18003528;

2) монтаждауды, баптауды, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, қосалқы бөлшектерді, жинақтаушы бұйымдар мен олардың аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу 14.06.2016 жылғы №16009633;

3) жобалау қызметі 26.10.2017 жылғы МҚЛ №00031;

4) құрамында радиоактивті заттар бар радиоактивті заттармен, аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу 16.04.2018 жылғы №18007556;

5) құрылыс-монтаждау жұмыстары 26.10.2017 жылғы МҚЛ №00031;

6) тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай және газ саласындағы магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану 29.12.2017 жылғы №17021962;

7) тау-кен және химия өндірістерін пайдалану 19.03.2018 жылғы №18005666.

Серіктестіктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 129/1а ғимарат.

Активтің бастапқы бағасы: 658 527 945 (алты жүз елу сегіз миллион бес жүз жиырма жеті мың тоғыз жүз қырық бес) теңге.

Активтің құнын төлеуді (сатып алу Бағасы) Сатып алушы мынадай тәртіппен жүргізіледі:

• Аванстық төлем сатып алу бағасының (бұдан әрі – Аванстық жарна) кемінде 15% мөлшерінде Активті сатып алу-сату Шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмейтін мерзімде енгізіледі (кепілдік жарна тиесілі аванстық жарнаның есебіне есептеледі).

• Активті сатып алу-сату Шарты бойынша кемінде 85% мөлшерінде қалған сома Активті сатып алу-сату Шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей енгізіледі.

Сатып алушы қалған соманы күнтізбелік алпыс күннен астам мерзімге төлеуді кешіктірген жағдайда, Сатушы аванстық жарнаны ұстап қалумен және Сатып алушыға нақты залал мен жоғалған пайданы өтеу туралы талап қоя отырып, активті сатып алу-сату шартын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұза алады.

Активті сату бойынша өткізілген электрондық сауда-саттықтың нәтижелері бойынша Сатып алушы, Сатушы (Компания) жасаған және Сатушы (Компания) Веб-порталда орналастырған нысан бойынша Активті сатып алу-сату Шартына қол қоюға міндеттенеді.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тізілім веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа қатысушыларға қойылатын талаптармен Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында таныса аласыз www.e-qazyna.kz.

32 926 398 (отыз екі миллион тоғыз жүз жиырма алты мың үш жүз тоқсан сегіз) теңге мөлшерінде кепілдік жарна «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ есепшотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК: **HSBKKZKX, ЖСК: KZ946017111000000330, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ. Төлем мақсаты: электрондық аукционға қатысу үшін арналған кепілдік жарна** (кепілдік жарна мөлшеріне банктік қызметтерді төлеу кірмейді). Банк кепілдігі ретінде кепілдік қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ шотына уақытылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдаудың аяқталуына дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Егер байқау жеңімпазы сауда-саттық нәтижесі туралы хаттамаға қол қоймаса, сатушы кепілдік жарнасын қайтармайды.

Сауда-саттық қорытындылары туралы хаттама – электрондық аукцион нәтижелерін және жеңімпаздың және сатушының Активі сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қоюы бойынша міндеттемелерін орындауды белгілейтін құжат.

Электрондық аукцион өткізу тәртібі, сауда-саттыққа қатысуды ресімдеу тәртібі туралы, жеңімпазды анықтау шарттары туралы ережелермен «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-ның көпшілікке қолжетімді www.e-qazyna.kz сайтында жарияланған Регламентпен танысуға болады.

Сауда-саттық туралы толық ақпаратты www.e-qaz**yna.kz сайтынан немесе +7 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ) және +7 (7172) 72 52 52 (ішкі 1957, 1610) («Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ) алуға болады.**

Азия ойындарының он екінші күні Қазақстан қоржынына қатарынан 3 алтын қосылды. Осылайша, медальдар кестесінде еліміз 13-орыннан 11-інші орынға көтерілді. Қазір еншімізде барлығы 63 жүлде бар, оның 9-ы алтын, 16-сы күміс, 38-і қола жүлде. Ал жарыстың аяқталуына екі күн қалды.



ҮЗДІК ОНДЫҚҚА ЕНЕМІЗ БЕ?

ТОҒЫЗЫНШЫ АЛТЫНМЕН ТОҚТАП ҚАЛМАЙЫҚ

Велошабандоз Евгений Федоров Қазақстан қоржынына Азия ойындарының алтыншы алтын медалін салды. Ерлер арасында 210 шақырымдық топтық шосседе велоспорттан старт сызығына Қазақстаннан төрт спортшы шықты. Олар: Глеб Брусенский, Евгений Федоров, Дмитрий Груздев және Алексей Луценко. Федоров пен Луценко жарыстың алғашқы кезеңдерінде сенімді түрде алға шықты. Жарыстың нәтижесі бойынша, Евгений Федоров алтын жүлдегер атанса, Алексей Луценко күміс жүлдені жеңіп алды. Тағы айта кететін жайт, екі спортшымыз да бірдей уақытта мәреге жетті (4:25:29). Қола Моңғолия өкілі Жамбалцамет Сайбаярға бұйырды. Груздев бесінші, ал Брусенский 18-болып мәреге жетті. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін Алексей Луценко Азия ойындарында уақыт бойынша жекелей есепте алтын алған болатын.

Ал жетінші алтын медальды джиу-джитсуден Нұржан Батырбеков жеңіп алды. Ұлттық олимпиада комитетінің хабарлауынша, джиу-джитсуден 69 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен отандасымыз финалда БАӘ-ден келген қарсыласы Мұхаммед әл-Суваидиді 4:2 есебімен жеңді.

– Нұржан көптеген адамды таңғалдырды және ерекше қуантты. Жасына қарамастан, біздің спортшымыз керемет шеберлік пен жеңіске деген сенімділік көрсетті. Оған болашақта да жоғары нәтижелерге қол жеткізуін тілеймін,– деп мәлімдеді Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.

Чемпиондық жолды каратэден Нұрқанат Әжіқанов жалғастырды. Ол 75 келі салмақта қарсыластарының барлығын айқын ұтып, финалдық айқаста Иордания өкілі Хасан Масарвені де жеңді. 8:0 есебі тіркелген жекпежек мерзімінен бұрын аяқталды.

Ал жарыстың он үшінші күні Қайсар Алпысбай каратэден XIX Жазғы Азия ойындарының чемпионы атанып, ел қоржынына тоғызыншы алтынды салды. 60 келіде ел намысын қорғаған Қайсар финалда Кувейт елінің спортшысы Абдулла Шаабахты жеңді.

Жарыстың соңғы күндері өнер көрсетіп жатқан джиу-джитсу, каратэ шеберлері мықтылықтарын дәлелдеп, бірінен соң бірі медаль алуда. Атап айтсақ, джиу-джитсудан 57 келі салмақта финалдық бәсекеде Филиппин спортшысы Анние Рамирезкеден 0:2 көрсеткішімен ұтылған Галина Дуванова 2-орынға ие болып, Азиаданың күміс жүлдегері атанды. Галина Дуванова – әлем чемпионатының үш дүркін қола жүлдегері.

Ал каратэші Лаура Әлікұл мен балуан Әлімхан Сыздықов та жүлдеден тыс қалмады. Лаура Әлікұл 68 келіге дейінгі салмақта Азия чемпионатының екі дүркін жүлдегері, қытайлық Ли Цяоцяомен финалдық кездесуін өткізді.

Мұнда қытайлық 4:0 есебімен жеңіске жетіп, чемпион атанса, Лаураға күміс бұйырды. Әлімхан Сыздықов грек-рим күресінен 130 келі салмақта қола жүлде үшін бәсекеде

түрікменстандық Айбегшазада Курраевты 5:1 есебімен ұтты. Тағы бір балуан Ислам Умаев 97 келіге дейінгі салмақта өзбекстандық Рустам Ассақаловтан таза жеңіліп, қола жүлдеге қол жеткізе алмады.

БОКСТАН БІР АЛТЫН ДА БҰЙЫРМАДЫ

Бокстан финалға екі спортшымыздың шыққанын бұған дейінгі нөмірде жазғанбыз. Бірақ екеуі де ел үмітін ақтап, алтыннан алқа таға алмады. Осылайша, 92 келі салмақ дәрежесіндегі Қамшыбек Қоңқабаев финалда Баходир Джалоловпен жұдырықтасып, Өзбекстан боксшысы алтын, Қазақстан боксшысы Азиаданың күміс жүлдесін жеңіп алды.

– Рингте төреші қолымды көтермегендіктен жеңдім демеймін. Келесі жылы Парижде өтетін Олимпиада ойындарында бұдан да жылдам жұдырықтасып, еліме алтын медаль тарту еткім келеді, – деді жарыс соңында Қамшыбек Қоңқабаев.

Аса ауыр салмақта Сидней Олимпиадасының күміс жүлдесін алған Мұхтархан Ділдәбековтың пікірінше, бокста бойы ұзындардың қимылы сылбыр келеді. Қамшыбек жылдамдығын үдетсе, Жалоловты сабасына түсіруге болар еді.

Әйелдер арасында шаршы алаңға шыққан боксшы Карина Ибрагимова да күміс жүлдегер атанды. Әлем чемпионатының үш дүркін жүлдегері Карина Ибрагимова финалда тайбәйлік Тин Ю Линьмен қолғап түйістірді. Соңғы бәсекеде тайбәйлік боксшы төрешілердің бірауыздан шешімімен жеңіске жетті. Осылайша, Карина күмісті қанағат тұтты.

Ұлттық құрамада шетелден шақырылған легионерлердің де бар екенін білеміз. Бірақ Азия ойындарында легионерлер көп көзге түсіп, сенімді ақтай алған жоқ. Жарыстың оныншы күні жеңіл атлет Каролин Кипкируи Чепкоеч қола жүлдегер атанды. Каролинге қоса 5 мың метрлік қашықтыққа жүгіруден жарыс жолына Дэйзи Джепкемей де шықты. Мәреге жақындағанда, жапониялық Ририка Хиронаканы басып озған үндістандық Парул Чаудхари чемпион атанды. Кипкируи мәре сызығын үшінші болып, қола жүлдеге ие болды. Бұған дейін ол 10 мың метрлік қашықтықта да үздік үштікке іліккен еді. Сондай-ақ жеңіл атлетикадан Қазақстан ерлер құрамасы 4×400 метрлік эстафетада қола медальді еншілеген болатын.

– Теннисші Елена Рыбакина Азия ойындарына қатысқан жоқ. Есесіне Қытайда өтіп жатқан WTA 1000 турниріне қатысуда. Неге? Өйткені Азия ойындарында көп ақша мен атақ берілмейді. Барлық ақша мен атақ екінші жарыста,– дейді спорт сарапшысы Анық Көкенайұлы.

Иә, Елена Рыбакина Бейжіңде 16 жасар ресейлік теннисшіні жеңіп, ширек финалға шықты. Енді ол Әлемнің бірінші ракеткасы, Беларусь өкілі Арина Соболенкомен кездеседі. Ал оның не себепті Азия ойындарына қатыспағандығы туралы нақты ақпарат жоқ.

Кербез ЕСІМ

ДИДАР ҚАМИ ДАРА ШЫҚТЫ

Атырауда Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына арналған «Ерлігі ерен ер бабам!» атты халықаралық айтыс өтті. Екі күнге созылған айтыстың бас жүлдесін Дидар Қами иеленді.

Халықаралық айтысқа Қазақстаннан – 11, Қырғыз Республикасынан – 2, Моңғолиядан 1 ақын қатысты. Айтыскерлердің Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрындағы жыр бәйгесін Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Құлкенов төрағалық еткен қазылар алқасы саралады. Айтыс екі күнге созылды. Екінші кезеңге 8 айтыскер шықты. Қазылар алқасының шешімімен айтыстың бас жүлдесі – 1 млн теңге Қарағанды облысынан қатысқан тәжірибелі ақын Дидар Қамиға берілді. Ал бірінші жүлдеге – 750 мың теңгеге Еркебұлан Қайназар (Астана) ие болды. Өзіндік сөз саптауы, мәнері бар Өнербек Дәулекенов (Атырау облысы) екінші жүлденің 600 мың теңгесін иеленді. Ал үшінші жүлде – 500 мың теңге екі айтыскерге берілді. Оның бірі – Батыс Қазақстан облысының тумасы Талғат Мықи, ал екіншісі – Қырғыз Республикасынан келген Эсенбек Кийизбаев. Сондай-ақ Батыржан Кәдірбай (Атырау облысы), Рауан Қайдаров (Павлодар облысы), Бауыржан Ширмединұлы (Батыс Қазақстан облысы) арнайы жүлдені иеленді.

– Көрермен айтыстың қызықты өткенін қалайды. Қарсыласы мықты болса, айтыскерлер де ашыла түседі. Шабыты оянады. Мемлекет басқарған тарихи тұлға Сұлтан Бейбарыс бабамызға арналған халықаралық айтыс жоғары деңгейде әрі әділ өтті. Атырауда өткен айтыстан екінші рет бас бәйге алып тұрмын, – деді Дидар Қами.

Ал қырғыз ақыны Эсенбек Кийизбаевтың айтуынша, мұндай халықаралық айтыс көбірек өткені жөн.

– Қазақ пен қырғыздың достығын жырға қостым. Өйткені екі елдің ақын-жазушылары бір-бірінің шығармашылығын қолдағанын білеміз. Біз де сол жолды жалғағымыз келеді, – деді Эсенбек Кийизбаев.

«ҚАШ» ЕКІ НОМИНАЦИЯҒА ҮМІТКЕР

Айсұлтан Сейітовтің «Қаш» фильмі Asian Pacific Screen Awards сыйлығының «Үздік фильм» және «Үздік операторлық жұмыс» номинацияларына үміткер атанды.

Марапаттау рәсімі 3 қарашада Аустралияның Голд-Кост қаласында өтеді. 2007 жылы құрылған, беделді Asia Pacific Screen Awards марапаты Азия-Тынық мұхиты аймағындағы 70-тен астам ел мен аймақ режиссерлерінің жұмысын көрсетеді.

«Қаш» фильмінде 1930 жылдардағы жаппай ашаршылық туралы баяндалған. Фильм сюжеті бойынша қабір қазушы Исатай өз ауылын құтқаруға аттанады. Шексіз дала түнекке айналып, Исатайдың санасын екі күш – кеңістік пен аштық билейді.

Бұған дейін фильм 25-ші Шанхай кинофестивалінде «Үздік режиссер» аталымына ие болды. Сондай-ақ Қазақстан киносыншылар қауымдастығының «Үздік дебют», «Екінші пландағы үздік әйел рөлі», «Үздік музыка» және «Үздік фоторежиссер» номинацияларында жеңіске жетті.

К.ҚАРҚЫН

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN апта
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4360
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Бердібек ҚАБАЙ, Наурызбек САРША